

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

Қолжазба құқығында

Б.М.Кусманова

**Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ ШАҒЫН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ («ӘНШІ», «ЕЛЕС»)
ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

6M020500 - Филология мамандығы бойынша
гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін
алу үшін дайындалған магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР - 2014

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға жіберілді

«Қазақ филологиясы» кафедрасының
меңгерушісі, филология

ғылымдарының докторы,

профессор _____ Имамбаева Ғ.Е.

(қолы)

«_____» _____ 2014 ж.

Магистрлік диссертация

**Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ ШАҒЫН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ («ӘНШІ», «ЕЛЕС»)
ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ** Мамандығы:

6М020500 - Филология

Магистрант

(қолы)

Кусманова Б.М.

Ғылыми жетекшісі,

филол.ғ.д., профессор

(қолы)

Имамбаева Ғ.Е.

ПАВЛОДАР – 2014

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1.1 Етістің лексикамен байланысы	8
1.2 Тілші-ғалым А. Байтұрсынұлының етісті зерттеуінен	31
2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	
2.1 Етістің өзіндік сипаты, түрлері	38
2.2 Ж. Аймауытовтың шығармаларын талдай отырып етістің функционалдық тұрғыдан ерекшеліктерін белгілеу	53
2.3 Ж. Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес» етіс категориясының функционалдық қызметі)	58
ҚОРЫТЫНДЫ	69
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	70

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ тіл білімінде етіс жайлы бірсыпыра ғылыми зерттеулерді сөз етсек, бұл көне категория төңірегінде әртүрлі пікірлердің болғандығын аңғарамыз. Қазақ тіліндегі етіс категориясының ерекшеліктері жайлы М.С. Исаев, А. Қалыбаева, Б. Құлмағамбетова, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Н. Оралбаева, Ә. Төлеуов, С. Аманжолов, А.С. Аманжолов еңбектерінде көрініс тапса, Н.А. Баскаков, А.А. Азер, А.К. Алиев, А.Н. Кононов, К.М. Любимов, С.А. Соколов, У. Турсынов, Ж. Мухторов, А.Х. Фатыхов зерттеулерінде етістің түркі тілдес халықтар тілдеріндегі өзіндік табиғаты қарастырылған.

Қазіргі қазақ тіл білімінде етіс категориясы төңірегінде толық зерттелмеген жақтарына байланысты, күрделі мәселелердің бірі болып қарастырылады. Бұған етіс категориясын анықтау, етіс категориясын белгілеу, оның семантика мен түрлер сипаттамасының қарама-қайшылықтары, актив - пассив формаларының сандық жүйесі, олардың семантикалық пен функционалдық ерекшеліктерін меңгере отырып, арақатынастығын, белсенділік мағына мен көңіл-күй етістіктердің өзара шектелу жақтарына қатысты мәселелер жатады.

Етістің морфология мен синтаксиспен байланысын анықтау да, күрделі мәселелердің біріне енеді. Қазіргі таңда тілдік құбылыстарды зерттеу барысында тілдің функционалдық жақтарымен қатар, жүйелі құрылымдық бағыт талап етіледі.

Ғылыми – зерттеуге бағытталған монография еңбегінде етіс мәселесін функционалды - семантикалық тұрғысынан қарастыру – бұл категорияның грамматикалық формаларының көпфункционалдық жақтарын ашумен қатар, грамматика мен лексиканың арақатынасын айқын көрсетеді. Қазақ тілінде етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғатын функционалдық тұрғыдан ашу – грамматикалық құбылыстарды меңгеруде, сонымен бірге қазақ тіл білімі саласындағы күрделі теориялық, практикалық мәселелердің зерттеу нәтижелерінің көрінісі ретінде, бұл құрылымдардың логика-семантикалық, коммуникативтік жақтарын көрсетуде аса маңызды рөл атқарады және бұл құбылысқа жүйелі, бірізді түрде анықтама беруге мүмкіндік жасайды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Етіс жайлы көптеген ғалымдардың өз еңбектерінде әртүрлі тұрғыдан (тарихи, салыстырмалы, грамматикалық) зерттегені рас. Бірақ бұл ғылыми еңбектерде айтылған тұжырым, қағидалардың қайта қарауды, тереңірек зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық. Атап айтқанда, етісті барлық тілдік салалармен байланыстырып қарау, салт пен сабақтылықтың етістіктер арасындағы орнын, етістің өзіндік сипаты мен даму жақтарын қарастыру – тіл білімінде етіс теориясын тереңдетуге жол ашады.

Қазақ тілінде жазылған еңбектердің ішінде етіс туралы алғаш айтылған пікірді Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығынан табамыз. А.Байтұрсынов етістіктің етіс түріне ереже бермей, бірден «Етістікте он түрлі етіс бар», -дей келе, оның сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс деген түрлері барын келтіреді.

Тіл арқылы жеткізілетін әлеуметтік маңызға ие ақпаратты адам факторымен, жалпы қоғаммен байланыста қарастыру бүгінгі дамып келе жатқан тіл білімі саласының талабынан туындап отыр. Тіл білімінің зерттеу нысаны болғанымен, оны басқа тілдік салалармен ұштастырмай бүгінгі ғылым сұранысына жауап бере алмайды. Осы себептен де тілді меңгеру барысында тілдік бірліктердің әрқайсысын адам табиғатымен байланыстыра отырып, кешенді зерттеудің жаңа сатыға көтерілуі байқалады.

Сондықтан тіл білімінің әр саласын, соның ішінде, етістікке тән грамматикалық категорияларды да терең зерттеу қажеттілігі туындайды.

Бұның барлығы аталмыш категорияны, ең алдымен, жеке анықтай келе, тарихи тұрғыдан зерттеулерін көрсету арқылы, тіл білімінде қалыптасқан салалармен байланыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктерін табу, оны жүйелі түрде беру табиғатын айқындау – жұмыс көлемінің басты өзектілігіне жатады.

Зерттеу жұмысының нысаны. Ж. Аймауытовтың шығармаларын талдай отырып, етістің функционалдық тұрғыдан ерекшеліктерін белгілеу.

Зерттеу жұмысының пәні. Ж. Аймауытов шығармаларындағы етістің функционалдық сипаты.

Зерттеу жұмысының мақсаты - Ж. Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес») етіс категориясының функционалдық қызметін анықтау.

Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу алға қойылды:

- етіс категориясына жалпы сипаттама бере отырып, аталмыш категорияның Ж. Аймауытовтың шығармалар көлемінде функционалдық ерекшеліктерін көрсету;

- мәтіннің ішкі логикалық байланыс жүйесін сақтайтын тілдік құралдарды меңгеру барысында етіс категориясының рөлін анықтау.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қазақ тіл біліміндегі етіс категориясы жайлы ғылыми еңбектерді басшылыққа ала отырып, бұл категорияның

Ж. Аймауытовтың шығарма тіліндегі функционалдық ерекшеліктерін анықтау.

- етіс бірыңғай семантика-грамматикалық, морфология-синтаксистік тұрғыдан ғана емес, функционалдық тұрғыдан коммуникативтік шеңберде де қарастырылды;

- зерттеу барысында сөйлемнің мәтін синтаксисіне қарай бетбұрыс жасау етіс категориясының үнемі даму үстінде екендігін көрсетті;

- жұмыста «объект», «субъект», «жалғау», «жұрнақ», «етіс» ұғымдарына ғылыми тұрғыдан жаңа анықтамалар берілді;

- етістің салт және сабақты етістікпен, етістіктің болымды, болымсыз түрлерімен, осыған қоса, етістіктің грамматикалық формалары (есімше мен көсемше), шақ категориясымен байланысын нақты фактілермен дәлелдеу арқылы өзіндік ерекшеліктері айқындалды;

- етістің сөздер арасындағы (қиысу, меңгеру, қабысу) байланыс түрлері нақтыланды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар.

- Етіс категориясына жалпы сипаттама бере отырып, Ж. Аймауытовтың шығармалар көлемінде функционалдық ерекшеліктері көрсетілді;

- жұмыста «объект», «субъект», «жалғау», «жұрнақ», «етіс» ұғымдарына ғылыми тұрғыдан жаңа анықтамалар берілді;

Ж. Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес») етіс категориясының функционалдық қызметін анықтады;

Әңгіме мазмұнына назар аударған сайын,өзіміз байқағанымыз-тіл білімінде қалыптасқан функционалды грамматиканың жеке ұғымдары орын алып,олардың барлығы адам мәселесі төңірегінде бола тұрып,көбінде қимылды білдіру арқылы оқырман ойына қонымды жеткізу;

Бұл жерде функционалдық грамматиканың қайсыбір түрін бөлектетпей, бір-бірімен тығыз байланыста екендігін байқатады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, А. Қалыбаева-Хасенова, С. Исаев, Ә. Ысқақов, М.Б. Балақаев, А.С. Аманжолов, Б.Қ. Қасым және белгілі орыс түркітанушы- ғалымдардың: П.М. Мелиоранский, Н.А. Баскаков, Н.П. Дыренкова, А.Н. Кононов, Н.К. Дмитриев, С.В. Севортян, С.В. Шкуридин еңбектеріндегі қажетті теориялық негіздер басшылыққа алынды.

Ғылыми еңбекті жазу барысында, ең алдымен, етісті зерттеу мәселесін тереңірек ашу мақсатымен көрнекті түркологтар (Н.П. Дыренкова А.Н. Кононов, Н.А. Баскакова, А. Зайончковский, С.В. Шкуридин) еңбектерімен қатар, қазақтың тілші-ғалымдарының (А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, А. Қалыбаева- Хасенова, А. Ысқақов, А.С. Аманжолов, Б. Қасым т.б.) ғылыми зерттеулері де жұмыс барысында сөз етілді.

Түркі тілдеріндегі «етіс» деп аталатын категория «анық семантикалық жіктелуді» көрсетеді, көпшілік жағдайда етіс мағынасын білдірмейді, сондай-ақ өзінің ерекше жағдайда парадигмасы жоқ.

В.В. Радлов бастаған бір топ зерттеушілер етіс категориясын «сөз тудырушы жұрнақ» ретінде қарастырды. А.Н. Кононов: «Етіс категориясы, бір жағынан, өзінің сөз тудырушылық үлгісімен, екінші жағынан, өзінің грамматикалық қызметі жөнінен қимыл иесі мен сол қимылдың арасында пайда болған, әр түрлі қатынастарда айқын білінетін форма тудырудың (сөз түрлендірудің) бір түрі болып табылады», - дейді.

А.Н. Кононов етістер кейде лексикалық мағынасына қарай бастапқы негізгі етіс мағынасын емес, жаңа лексикалық мағына жамайтын, яғни сөз түрлендіруші емес, сөз тудырушы қызметін атқарған дейді.

Оған мынадай мысалдар келтіреді: «любить», «радоваться», «хвалить», «радоваться» [6, 173 б]

А.Н. Кононов пікірінен байқалғаны: етіс категориясын, біріншіден, сөз тудырушы қосымшалардың қатарына, екіншіден, сөз түрлендірушілердің қатарына қосады. Олай болса, етістер жөнінде ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Көпшілік ғалымдар етіс қосымшаларын сөз тудырушы аффикс ретінде қарастырады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері Баяндау, талдау, түсіндірме әдісі, сипаттама жасау әдісі, диахронды-салыстырмалы, синхронды - салыстырмалы, сипаттамалы, талдау және жинақтау, трансформация әдістері, функционалдық талдау тәсілдері қолданылды.

Жұмыс **материалы** ретінде түсіндірме, фразеологиялық, этимологиялық сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, көркем шығарма материалдары, ғалымдардың зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Етіс категориясына жалпы сипаттама бере отырып, Ж. Аймауытовтың шығармалар көлемінде функционалдық ерекшеліктерін көрсетеді.

Тілші-ғалымдар арасында етіс категориясы әр түрлі пікір тудыратын грамматиканың қиын да күрделі мәселелерінің бірі ретінде қаралып келді. Мұндай пікір ала-құлалығының туындауы, біріншіден, етіс категориясы табиғатының ерекшелігіне, екіншіден, аралас лексика-грамматикалық категория болып есептелінуіне, үшіншіден, тарихи даму, өзгеру, жетілу процестеріне байланысты болу керек. В.В. Виноградовтың пікірі бойынша, етіс категориясы морфологиядан гөрі синтаксис саласына жақын, яғни сол тұрғыдан қаралу керек. Ж. Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес») етіс категориясының функционалдық қызметін анықтау.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Диссертацияның нәтижелері мен тұжырымдамалары семантика, когнитивтік ілімдердің дамуына өз әсерін тигізеді, сондай-ақ, семинарлар мен практикалық курстарда, лингвистика саласына қатысты жаңа бағыттағы оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындауға, арнайы курстар мен семинарларға арналған бағдарламалар жасауда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Диссертация бойынша «Мәңгілік ел – Қазақстан білімі мен ғылымын жаңғыртудың уәждемесі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары, 2014 жылғы 10-11 сәуір, С. Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, «Аманжолов оқулары-2014», I бөлім («С.Аманжоловтың функционалдық етістің категориясын зерттеуінде қосқан үлесі»), 88-92 бб. «Қазақ ұстазы» ж., 2014 ж., №5 («Жүсіпбек Аймауытов әңгімелеріндегі етіс категориясының көрінісі»), ИнЕУ Хабаршысына «Етістің функционалдық қызметі» атты мақала берілді.

Зерттеу жұмысының құрылымы

Диссертациялық жұмыс Кіріспеден, екі бөлімнен және Қорытындыдан тұрады. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

1 ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Етістің лексикамен байланысы

Тіл білімінде етіс категориясы күрделі тақырып екендігі - бұл мәселе төңірегінде әлі де аяқталмаған зерттеулер нәтижелерінен орын алып отыр.

Етіс туралы алғашқы пікір XIX ғасырдың басында түрік тілдерін зерттей бастаған тіл мамандарының еңбектерінде бар. Онда етістіктің рай, шақ, жіктік жалғау категориялары қатарында етіс категориясының бары да айтылған. Кейінгі шыққан грамматикаларда бұрынғы айтылғандарға қосқан айтарлықтай жаңалық болмағанымен, етістік категорияларын жеке-жеке атап, әрқайсысына тоқталып, солардың ішінде етіске де анықтама беріп, жасалу жолдарының көрсетілуі етіс туралы зерттеудің де кеңі бастағанын көрсетсе керек. Қазақ тілінде жазылған еңбектердің ішінде етіс туралы алғаш айтылған пікірді Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығынан табамыз. А.Байтұрсынов етістіктің етіс түріне ереже бермей, бірден «Етістікте он түрлі етіс бар» дей келе, оның сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс деген түрлері барын келтіреді. Етіс түрлері ішінде салт етіс пен сабақты етісті етістің түрлері қатарында атайды.

Салт етістік пен сабақты етістікті етіс категориясымен бірге қарау, бұдан кейінгі жылдары шыққан мектепке арналған оқулықтар мен жоғары оқу орнына арналған грамматикаларда да орын алып келді. Қазақ тіл білімінің дәстүрлі грамматикасы бойынша етістің бес түрі бар екендігі белгілі. Осылардың ішінен ырықсыз етіс түрі ерекше орын алады. Ырықсыз етіс басқа етіс түрлеріне мағынасы жағынан қарама-қайшы болып келеді. Бұл тұжырым басқа төрт етістің етістік көлеміндегі іс-әрекетті білдіруде іс иегері – субъект бар болса, ырықсыз етісте субъектінің жоқтығымен қимыл өзбетінше өтіп, объектіге қарай бағыт алады.

Қазақ тіліндегі етіс қосымшаларының осындай бір-бірінен мағыналық ерекшеліктерімен қатар, етістіктің басқа қосымшаларынан ажырататын өзіндік тағы бір ерекшелігі бар. Ол – етіс тудыратын жұрнақтардың етістіктің түбіріне тікелей жалғанатын болымсыз -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарынан бұрын жалғанатындығы. Мысалы: кел-тір-меді, кел-тір-іл-меді, кел-тір-т-кіз-беген, ойла-н-бады, ойла-т-пады, ойлан-дыр-т-қыз-бады, әкел-ін-беді, әкел-т-тір-меді, өкел-іс-педі т.б.

Бұл мысалдардан етіс қосымшаларының тағы бір ерекшелігі етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне тікелей жеке және бірінен соң бірі үсті-үстіне жалғана беретін қасиеті бары көрінеді. Етістік етіс қосымшаларынан соң өзінің басқа категорияларының қосымшалары ретімен қабылдайды. Яғни, етіс қосымшаларынан кейін түбірге етістіктің басқа категорияларының есімше не көсемше, рай, шақ, жақ тұлғаларынның көрсеткіштері қосылады. Етіс категориясының семантикалық сипаты, етіс қосымшаларының қызметі жайында бірізді пікір көпке дейін қалыптаспады.

Етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын сипаттары мынадай: Ол одан жөн *сұрады*; Олар бір-бірінен жөн *сұрасты*; Ол онан жөн *сұратты*; Одан жөн *сұралды*; Ол өзі *сұранды* деген сөйлемдердегі етістік (*сұрады*, *сұрасты*, *сұратты*, *сұралды*, *сұранды*) формалардың соңындағы өткен шақтың қосымшасын (-ды, -ты) алып тастағаннан кейінгі *сұра*, *сұрас*, *сұрат*, *сұрал*, *сұран* етістіктерін бір-бірінен салыстырғанда, олар бір түбірден өрбіген түбірлес негіздер екені айқындалады. Етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты, туынды етістік жасайтын қабілеті барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы) және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, бұл жағынан қарағанда етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сәйкес келеді де, лексикалық категорияға жатады. Екіншіден, етіс категориясының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың (әрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады» - дегені дәлел. Бұл пікірден автордың етіс қосымшаларын әрі сөзжасам, әрі грамматикалық мағына беретін қосымша тұрғысында танығаны анық көрінеді. Ал, И.Маманов етіс категориясын түбір етістіктен туатын грамматикалық форма ретінде таныған. Бұл пікірді профессор С. Исаев қолдап, етіс қосымшаларын форма тудырушы тұлға қатарына қосады. Ғалым «етістіктерде етіс жұрнақтары жаңа сөз тудырмайды, етістік түбір білдіретін семантикасын өзгертіп жібермей, лексикалық және жалпы грамматикалық мағынасы сақталып қалады, тек сабақтылық-салттылық өзгеріп, сөйлемде субъект пен объекті арасындағы қатынасы ауысуы мүмкін», - дейді.

Етістік түбірге етіс қосымшалары жалғанғанда, етістіктің түбірінің жалпы грамматикалық мағынасы өзгермей, тек түбірдегі салттылық-сабақтылық мән ғана өзгертін болса, етіс жұрнақтары тек салт етістікті сабақты етістікке, сабақты етістікті салт етістікке айналдыру қызметін ғана атқара алады.

Ендеше ол (етіс қосымшалары) сөзжасам қосымшаларына жатпайды, сөз түрлендіруші қосымшалары қатарына қосылады. Етіс қосымшалары етістік түбірге жалғанғанда түбірдің грамматикалық сипатын өзгертпейді. Ол етіс тұлғалы етістіктің түбір етістіктер сияқты ерекшелігі екенін көрсетеді. Яғни етіс тұлғалы етістіктер түбір етістіктер сияқты тек сырттай бұйрық райдың

2-жақ жекеше, анайы түрімен сәйкес келгенімен тікелей жіктік жалғауларын қабылдамайды, сонымен бірге сөйлемде етістік етіс тұлғасында қолданылмайды. Қазақ тілі етістік формаларына өте бай. Етістердің ішінен ырықсыз етіс туралы сөз етсек, қазақ тілінде ырықсыз етіс сабақты етістіктен жасалып, заттың басқа зат пен тұлғаның әсерімен қимылға ұшырағанын көрсетеді де, логикалық субъект ретінде грамматикалық толықтауышы, ал логикалық объект – грамматикалық бастауышпен белгіленеді.

Қазақ тілінің ырықсыз етіс құрамында қимыл-әрекет жасаушы мүлдем болмайды, өте сирек түрде субъект барыс, шығыс, көмектес септіктерде тұруы мүмкін, мысалы: «Жау батырдан жеңілді» (субъект – шығыс септікте тұр).

«Жоспар қызметкермен құрастырылды» (субъект – көмектес септікте). Ырықсыз етісті сөйлемдерде субъект тек қана сөйлем арқылы көрініс табады. «Бір жылдан соң мекемем ашылады». Бұнда субъект сөйлем арқылы белгіленіп тұр, басқаша айтқанда: Менімен бір жылдан соң мекеме ашылады.

Сабақты етістіктен жасала отырып, ырықсыз етістегі етістік – сабақты түріне жатады. Қазақ тіліндегі ырықсыз етіс арнайы –л, –ыл, –іл affикстердің сабақты етістік түбіріне қосылу арқылы жасалады, мысалы: «басталу, жіберілу, қосылу». Егер етістік түбірі «л» дауыссыз дыбысына аяқталса, онда ырықсыз етіс –н, –ын, –ін affикстердің қосылуымен жасалады: «салыну, алыну». Бұндай жағдайда ырықсыз етіс пен өздік етіс affикстері біркелкі болып, олардың мағыналары тек қана контекст арқылы белгіленеді. Белгілі орыс ғалымы П.М. Мелиоранскийдің айтуы бойынша, қазақ тілінде ырықсыз етіс көбінесе айтушы іс-әрекетті, жасалғандығы туралы сезбей, білмеген жағдайда қолданылады. Кейде ырықсыз етістегі етістік негізгі етістің салт етістігімен сәйкес, өзгелік етістен жасалуы мүмкін, мысалы: «түс-у, түс-ір-у, түс-ір-іл-у». Қазақ тілі грамматикасының 1967 жылы шыққан мәліметтеріне сүйенсек, ырықсыз етіс түбірлерге –л, –ыл, –іл дара affиксі, сондай-ақ –лын, –ілін, –ныл, –ініл тәрізді күрделі affикстердің қосылуымен жасалады. Ырықсыз етістің өздік етістен біршама өзгешеліктері бар, соның бірі – субъектінің грамматикалық тұлғалануында. Әдетте субъектісі сөз етілмейтін кейбір ырықсыз етісті сөйлемде субъектінің де арнайы айтылатын кездері болады.

Мұндайда субъекті «тарапынан», «жағынан» деген сөздермен тіркесе, немесе барыс пен көмектес септік тұлғаларындағы жанама толықтауыш болып беріледі, мысалы: «Мемлекет тарапынан көптеген шаралар қолданылды».

Ырықсыз етісті сөйлемнің сипаттамасын айтатын болсақ, ырықсыз етіс те сабақты етістерден жасалады. Ырықсыз етіс баяндауыш болып тұрған сөйлемнің бастауышы қимыл көшетін объекті. Оның қимылға қатысы пассив болады. Сабақты етістіктегі қимыл иесі бастауыш болып берілсе, актив болады да, сабақты етістіктің объектісі ырықсыз етісте бастауыш болып берілгендіктен, пассив болады. Сөйтіп, амалдың іске асырылуында тұлғалары бірдей бастауыштардың бірде актив, бірде пассив субъектілердің мағынасында жұмсалуды сөйлемде баяндауыш болып тұрған етіс категориясымен анықталады.

Етіс категориясы тілдің грамматикалық жүйесінде көрнекті орын алатын қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қатынасын білдіретін, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының бірі.

Етіс категориясы субъекті мен объектінің өзара әр түрлі қатынаста болуынан, яғни бастауыш пен толықтауыштың сөйлемдегі қатынасынан пайда болатын категория. Әрі етіс етістіктің салт, сабақты мағынада жұмсалудымен де байланысты, өйткені етіс түбір етістіктерге қосымшалардың қосылу арқылы жасалады. Етіс категориясы қимылдың субъекті мен объектіге әр түрлі қатынасын көрсететін жұрнақтар қосылу арқылы, түбір сөздің бастапқы грамматикалық мағынасын өзгертіп, сөйлем мүшелерін синтаксистік байланысқа түсіреді. Етіс туралы алғашқы пікір XIX ғасырдың басында түрік тілдерін зерттей бастаған тіл мамандарының еңбектерінде бар. Онда етістіктің

рай, шақ, жіктік жалғау категориялары қатарында етіс категориясының бары да айтылған. Кейінгі шыққан грамматикаларда бұрынғы айтылғандарға қосқан айтарлықтай жаңалық болмағанымен, етістік категорияларын жеке-жеке атап, әрқайсысына тоқталып, солардың ішінде етіске де анықтама беріп, жасалу жолдарының көрсетілуі етіс туралы зерттеудің де кеңі бастағанын көрсетсе керек.

Қазақ тілінде жазылған еңбектердің ішінде етіс туралы алғаш айтылған пікірді Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығынан табамыз. А.Байтұрсынов етістіктің етіс түріне ереже бермей, бірден «етістікте он түрлі етіс бар» дей келе, оның сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс деген түрлері барын келтіреді.

Етіс түрлері ішінде салт етіс пен сабақты етістікті етістің түрлері қатарында атайды. Салт етістік пен сабақты етістікті етіс категориясымен бірге қарау, бұдан кейінгі жылдары шыққан мектепке арналған оқулықтар мен жоғары оқу орнына арналған грамматикаларда да орын алып келді.

Қазақ тіл білімінде етіс жайлы бірсыпыра ғылыми зерттеулерді сөз етсек, бұл көне категория төңірегінде әртүрлі пікірлердің болғандығын аңғарамыз.

Етіс категориясын ғылыми тұрғыда лексика-грамматикалық сипаты жағынан арнайы зерттеген ғалым – профессор А.Қалыбаева (Хасенова). Ғалым Аққал Қалыбаева етіске берген сипаттамасында етіс категориясының етістікке қатысы жайында және сабақты етістік пен салт етістіктердің етіс категориясы мен байланысы жөнінде, етістің түрлері, олардың жасалу жолдары, етіс категориясының мағынасы мен тұлғалық ерекшеліктеріне ғылыми талдау жасап, «етіс мәселесін дұрыс шешу үшін, сөйлем мүшесі (баяндауыш) мен сөз табының (етістік) ерекшеліктерін байланыстыра салыстырып, бірінен бірін бөлмей тұтас қарау қажет» деген құнды тұжырым жасайды. Ғалым басқа сөз таптарының грамматикалық категориялары сияқты етістіктің етіс категориясының қалыптасуы сөйлем мүшелері мен сөз таптарының дамуымен байланысты екенін дұрыс бағдарлайды.

Ғалым басқа сөз таптарының грамматикалық категориялары сияқты етістіктің етіс категориясының қалыптасуы сөйлем мүшелері мен сөз таптарының дамуымен байланысты екенін дұрыс бағдарлайды.

Өзінің қалыптасу дәуірінде түрлі заңдылықтарды басынан өткізген етіс категориясының синтаксистік қызметіне сай беретін мағынасы, өзіне тән тұлғалық ерекшеліктері, ол тұлғаларды жасайтын қосымшалары бар. Етіс жасайтын қосымшалар етістіктің сабақты түріне де, салт түріне де жалғанып, етістіктің етіс тұлғасын жасайды. Салт етістіктерден қимыл мен қимыл иесі арасындағы қатынастан туып, субъектінің ішкі мәнін түрлендіретін өзгелік, ортақ етіс түрлері жасалса, сабақты етістіктерден етіс қосымшалары қосылу арқылы барлық етіс түрі жасала береді.

Қазақ тіліндегі етіс категориясының грамматикалық ерекшеліктерін көрсету барысында, бұл категорияға қатысты «Қазақ тілі грамматикасындағы» анықтамасын келтіргенді жөн көрдік: «етіс – етістіктің ерекше категориясы». Әдетте етіс қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы

(семантикалық-синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады [1, 507-б.]. Келтірілген етіс жайлы теориялық түсініктемеге қосатынымыз: сондай-ақ етіс етістіктің басты категориясы бола тұра, өзіндік тұлғасымен бірнеше тілдік салалармен, оның ішінде: сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис, әрқайсысының тиісті ерекшелігіне сай, тығыз байланыста болатындығы сөзсіз. Өзіндік көрсеткіштерімен етіс қимыл-әрекет үстінде субъект пен объектіні белгілеу барысында сабақты мен салт етістіктер жасалу бағытына да тікелей қатысып, етістіктің есімше, көсемше формаларында да орын алып, күрделі етістіктер құрамын айқындауға әсерін тигізіп, етістіктің болымдылық және болымсыздық категорияларымен де ұштасып отырады.

Бастысы – етістіктің семантикасы, формасы, қызметі өзара бір-бірімен тығыз байланысты екендігін ескере келе, ал етіс етістіктің қазақ тілі грамматикасында «етістік негізі», «қимыл атауы», «салттық және сабақтылық» категорияларынан кейін төртінші етістік формалар жүйесінің етістікке тән грамматикалық категория болғандықтан, қазақ тіліндегі етістің грамматикалық ерекшеліктерін ашуда, жоғарыда айтылған тілдік факторлармен байланыстыра зерттеу керек деп білеміз. Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге де, арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерге де, күрделі етістіктердің түр-түрлеріне де жалғана береді. Оқулықтарда етістер негізгі етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс деген бес түрге бөлініп, негізгі етіске мынадай түсінік берілген: негізгі етістің арнаулы көрсеткіші болмайды; оған әрбір түбір я туынды етістіктердің де, күрделі етістіктердің де негіздері жатады; әдетте етістік негізінің субъекті мен объектіге қатысы я субъекті мен объектінің етістік негізіне (амалына) қатысы сол негіздің бастапқы лексикалық семантикасына қарай анықталатындықтан, оның семантикалық ерекшелігі, грамматикалық (синтаксистік) қызметі туралы да арнайы сипаттама беру қажет болмайды.

Бұл түсініктің өзінен анық көрінетіндей, негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымнан, мейлі негізгі түбір, мейлі туынды түбір болсын, не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ және грамматикалық я лексикалық категория (түрлеріне) негіз болатын тұлға, яғни негізгі етіс деп аталған, дұрысында етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, категория шеңберіне енбейді, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ, етіс категориясына, түрлеріне негіз болатын негізгі, туынды, күрделі етістік түбір деген ұғым ғана бар» - деген пікір негізгі етіс етістіктің етіс түрінің бірі бола алмайтынын көрсетеді.

Сол себептен де етіс түрлері төрт түрге бөлінеді, яғни етіс категориясының өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс түрлері ғана бар.

Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, А.Қалыбаева-Хасенова, С.Исаев, Ә. Ысқақов, М.Б.Балақаев, А.С. Аманжолов, Б.Қ. Қасым және белгілі орыс түркітанушы-ғалымдардың: П.М. Мелиоранский, Н.А. Баскаков, Н.П. Дыренкова, А.Н. Кононов, Н.К. Дмитриев, С.В. Севортян,

С.В. Шкуридин еңбектеріндегі қажетті теориялық негіздер басшылыққа алынды.

Аталмыш ғылыми пікірлерді меңгере келе, ғалым А.С.Аманжоловтың етіс жайлы ғылыми көзқарасына тоқтауды жөн көрдік. Бастысы – ғалым етісті көне категория екендігін нақтылай отырып, қазіргі тіл білімі грамматикасында қалыптасқан етістің төрт түрін (ырықсыз, ортақ, өзгелік, өздік) Орхон-Енисей көне жазбаларында болғандығын дәлелдей келе, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Осыған орай, біз етісті етістікке тән категория екендігін баса айта отырып, оны етістіктің негізгі категориясы есебінде қарастыруымыз қажет. Тілші ғалымдардың етіс жайлы пікірлерімен таныса отырып, бұл тақырыптың толық ашылмаған жақтарымен қатар, қандай да тіл болсын, әр тілде өзіндік ерекшеліктері бар екендігін мойындауға келеді. А.С. Аманжоловтың ғылыми ерекшеліктерінің құнарлығы ғалымның етісті тарихи тұрғыдан қарастыруында жатыр. Ғалымның ойынша, етіс ескерткіш тілдерінде мағыналық жағынан қазіргі күйіндегі етіс мағынасымен сәйкес бола тұра, морфологиялық тұрғыдан қарағанда, етіс жұрнақтарының өзгешеліктері мен ерекшеліктерінің болғандығын баршамызға паш етіп, зерттеу аясын кеңейте қарастырған ғалым. Бұл жерде тілдің тарихи тұрғыдан дамуына байланысты көптеген жұрнақтар түсіп қалып, сақталғандары қазіргі тіл грамматикасында орнығып, көрініс тапты. Осындай өзгерістерді ғалым А.С. Аманжолов өзінің «Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктің меңгеруі» атты еңбегінде нақты көрсетуге тырысып, етістің қазіргі кездегі даму жолында екендігін баса айтады.

Сайып келгенде, тіл грамматикасында бұл категория тиісті орын алып, өзіндік ерекшеліктерімен белгілене шектеліп тұрғанына қарағанда, етістікке тән етіс категориясы нақты зерттеуді талап етеді деген ойдамыз.

Қазақ тіліндегі етіс категориясының қалыптасу тарихын сөз еткенде, бұл категорияның түрік тілдерде, соның ішінде, қазақ тілінде, терең зерттелу тарихы бар екендігі айқын көрінеді. Олар сөйлемде атқаратын қызметі мен беретін мағынасына қарай тұлғалық ерекшеліктері бар қалыптасқан грамматикалық категорияға жатады.

1. Өздік етіс. Өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Яғни субъекті өз-өзіне объекті болады да, баяндауыш қызмет атқарып тұрған етістік өздік етіс тұлғасында тұрады. Өздік етіс баяндауыш болып тұрған сөйлемнің бастауышында әрі субъектілік, әрі объектілік мағына сақталатындықтан, ол сөйлемде тура толықтауыш болмайды. Осылай өздік етісті сөйлемде тура толықтауыш болмай, етістік мағынасы жағынан салт етістікке айналып кететіндіктен, сөйлем құрылысы жағынан объектісіз сөйлем болады.

Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің субъектісіне қарай бағыттталып, сабақты етістікке-ын,-ін,-н қосымшасы қосылу арқылы жасалады. Бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді. Өздік етіс жұрнағы тек қимыл, іс-әрекет субъектінің өзіне қарай бағыттала алатын сабақты етістіктерге жалғану арқылы жасалады және сол сабақты етістікті салт етістікке айналдырады.

Етіс қосымшасы -ын, -ін, -н негізінде өздік етіске тән қосымша ретінде өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырып қана қоймайды, ол жалғанған етістік сөйлемдегі бастауыштың әрі субъектісі, әрі объектісі екенін де білдіреді. Өздік етістің бастауышы қимыл иесінің қызметін өзі атқаратындықтан, оның қимылы тікелей өзіне жұмсалатыны көрініп тұрады. 2. Ырықсыз етіс. Ырықсыз етіс іс істеуші арнайы айтылмай, ол іспен байланысты зат өздігінен амалға ие бола алмайтындығын көрсететін етістіктің түрін айтады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктерден -ыл, -іл, -л қосымшасы (түбір құрамында «л» дыбысы болса, -ын, -ін, -н) арқылы жасалып, қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып тұрады да, ырықсыз етіс жұрнағы жалғанған сабақты етістіктер салт етістікке айналады. Кейде қимылды атқарушы субъект жалпы сөйлемнің мазмұнынан сезіліп тұрады немесе грамматикалық жанама объекті тұлғаларында тұрып та жұмсалады. Профессор С.Исаев өздік етіс пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгешелік те жерлері барын төмендегідей көрсетеді.

Ұқсастығы: 1) қосымшалардың кейде бірдей болып келетіні, кейде өздік я ырықсыз етіс екені контекстен ғана байқалады, сөйтіп бір-бірімен омоформа жасайды: *Ол дәрігерге көрінді және Алыстан бір қара көрінді;*

2) екеуі де сабақты етістікті салт етістікке айналдырады; негізгі айырмашылығы олардың білдіретін семантикасында: өздік етісте логикалық

(іс иесі) субъект - грамматикалық субъект (бастауыш) болады да, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады.

3) өзгелік етіске қазақ тілінің грамматикаларында «істің басқа біреу арқылы істелетінін көрсететін етістіктің етіс түрі өзгелік етіс» деген ереже берілген; істі басқа біреу істегенімен, оны істеуші субъектінің бар екенін, оның алатын орнын, ол субъектінің негізгі түрі екенін айтпай кетуге болмайды, өйткені, өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асыратынын білдіріп, етістікке арнайы -дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз қосымшаларының бірі жалғану арқылы сабақты етістік жасалатын етістіктің етіс категориясының бір түрі болып табылады.

4) ырықсыз етісті сөйлемдерді құрылысына қарай былай топтастыруға болады: ырықсыз етіс баяндауыш болған кейбір сөйлемдерде қимыл иесінің (agens) берілуі; қимыл иесі шығыс септіктегі жанама толықтауыш арқылы беріледі; қимыл иелері берілмеген сөйлемдерде табыс септіктегі тура толықтауыштан басқа іс-әрекеттің бағытын, мекенін, мезгілін, себебін және т.б. белгілерін көрсетіп, септіктің басқа түрлерінде тұрған сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері қолданыла береді.

Бірнеше етістік қатар тұрып, сөйлемнің күрделі баяндауышы болғанда, өздік етіс сияқты ырықсыз етіс аффикстері де негізгі етістікке жалғанады. Өйткені, сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысып, сөйлем мағынасын толықтырып тұратын негізгі етістік. Ырықсыз етіс мағынасы да сол негізгі етістік арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі етіс категориясының грамматикалық ерекшеліктерін көрсету барысында, бұл категорияға қатысты «Қазақ тілі

грамматикасындағы» анықтамасын келтіргенді жөн көрдік: «етіс – етістіктің ерекше категориясы». Әдетте етіс қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық-синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы [1, 507 б.]. Келтірілген етіс жайлы теориялық түсініктемеге қосатынымыз: етіс етістіктің басты категориясы бола тұра, өзіндік тұлғасымен бірнеше тілдік салалармен, оның ішінде: сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис, әрқайсысының тиісті ерекшелігіне сай, тығыз байланыста болатындығы сөзсіз.

Өзіндік көрсеткіштерімен етіс қимыл-әрекет үстінде субъект пен объектіні белгілеу барысында сабақты мен салт етістіктер жасалу бағытына да тікелей қатысып, етістіктің есімше, көсемше формаларында да орын алып, күрделі етістіктер құрамын айқындауға әсерін тигізіп, етістіктің болымдылық және болымсыздық категорияларымен де ұштасып отырады.

Бастысы – етістіктің семантикасы, формасы, қызметі өзара бір-бірімен тығыз байланысты екендігін ескере келе, ал етіс етістіктің қазақ тілі грамматикасында «етістік негізі», «қимыл атауы», «салттық және сабақтылық» категорияларынан кейін төртінші етістік формалар жүйесінің етістікке тән грамматикалық категория болғандықтан, қазақ тіліндегі етістің грамматикалық ерекшеліктерін ашуда, жоғарыда айтылған тілдік факторлармен байланыстыра зерттеу керек деп білеміз. Ырықсыз етісті сөйлемнің ерекшелігін көрсетпек бұрын, ырықсыз етіске «Қазақ тілі грамматикасында» берілген толық анықтамасына назар аударуды қажет еттік: «ырықсыз етіс деп қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден –ыл, -іл, -л қосымшасы, түбір құрамында л дыбысы болса, -ын, -ін, -н қосымшасы арқылы жасалатын етістің түрін айтамыз» делінген [1, 509 б.].

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінің жетістіктері әлемдік деңгейде бағаланып, еліміздің тілін меңгеруге шетел қауымының қызығушылықтары арта түскен сәтте, тіл грамматикасының жеке бөлшектері де тиісті орын алады.

Соның бірі етіс бола тұра, ырықсыз етісті – қазақ тілінен басқа, әлем тілдер етістігінің басты категориясы деп білеміз. Бұл етіс түрін әлем тілдер грамматикасына ортақ етіс деп те атауға тура келеді. Ырықсыз етістің негізгі ерекшелігі – «іс-әрекет бар, қимыл жасаушы жоқ», мысалы: «хабар жіберілді», «сарай салынды», еңбекте сөз етілген әлемнің қай тілі (ағылшын, қытай, испан, орыс, жапон т.б.) осыған қоса, кейбір шетел тілдерінде де (неміс, француз), БҰҰ мемлекет тілдерінің (өзбек, қырғыз, украин т.б.) жүйелерінде ырықсыз етістің семантикалық мағынасы мұқият сақталған, бірақ та әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сай, бұл етіс әртүрлі көрсеткіштермен берілетіні сөзсіз. Сондықтан, қоғамдағы тілдік қарым-қатынастың негізін салып, сөзжасам, морфология мен синтаксис салаларын біріктіріп тұрған тіл грамматикасын алға тарта отырып, соның төңірегінде орын алған етістің – грамматикалық ерекшеліктерін де жекеленген сала бөлшектерімен байланыстыра қарастырған жөн. Жалпы, сөйлем көлемінде ғана өзіндік ерекшелігін нақтылайды дейтініміз, мәселен, өздік пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгеше де жерлері бар болғандығы

осыған дәлел. Ұқсастығы: қосымшалары кейде бірдей болып келетіні, екеуі де сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Негізгі айырмашылығы: олардың білдіретін семантикасында жатыр. Етістікті сөз тіркесінде етістік шешуші рөл атқаратынын белгілей келе, меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері құрамында етістің де көрінісі бар екендігі рас. Меңгеру табиғатында етістікке тән екендігін тіліміздің тарихын айқындауға негіз болатын. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде етістіктердің болсама, есімдердің меңгеруі кездеспейтіні туралы қазіргі заманның белгілі ғалымы А.С. Аманжоловтың өзінің «Көне түркі жазу ескерткіштері тіліндегі етістіктің меңгеруі» атты ғылыми еңбегінде бұл мәселе жөнінде айтылған пікірі дәлелдейді [2].

Тақырып желісіне үңіле түскен сайын қазақ тілінің етіс категориясы да стильдік сипатқа ие екендігін мойындауға тура келеді, етістің әр стильдік тармақтарда, әдебиеттің әртүрлі жанр шеңберінде қарастыра, сипатын айқындау – ғылыми ізденіс пен зерттеу күтіп тұрған мәселелердің бірі деп білеміз. Етістің әдебиеттің әр жанры түрінде қолданыс аясын ашу – етіс табиғатының қыр-сырын анықтауда бұдан да арта түсер еді. Аталмыш тақырыпты ашу барысында алға қойылған мақсатымызға сай, қазақ тіліндегі етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғатын анықтауға бетбұрыс жасап, қойылған талапты өтеуге талпыныс еттік.

Тілдік бірліктерді жүйелі түрде зерттеп, оларды бір-бірімен қарастыра қарап, кешенді түрде тұтастықта қабылдау қалпы керек етіліп, уақыттың талабы – әр тілдік құбылысты байланыс шеңберінде қарастыруы алға қойылып отыр. Етіс категориясының сандық көлемі жөніндегі пікірлер де біркелкі емесе. Егер тілші-ғалым А. Байтұрсынұлы етістің он түрін, С. Аманжолов етістің үш түрін, А. Ысқақов бес түрін, Н. Сауранбаев пен Ғ. Беғалиев – сегіз түрін көрсетсе, ғалымдар А. Қалыбаева – бес түрін, Ы. Маманов – төрт түрін, қазіргі заман ғалымы А.С. Аманжолов етістің төрт түрін ғылыми еңбектерінде белгілейді. Бұл келтірілген жайт – етістің күрделілігін айқындай түседі. Етіс – лексика-грамматикалық категория бола тұра, оның табиғаты функционалдық тұрғыдан қарастырғанда толық ашылады. Түбір сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты, бұл сөзжасауда үнемі сақталатын заңдылық. Лексикалық мағынасы болмаса, одан туынды түбір жасалмас еді. Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, бір жұрнақтың өзі бірнеше мағына білдіре береді, сондықтан да бұл жайт – етісті лексика-семантикалық категория екендігінің де дәлелі. Қазақ тілінде етіс категориясы, негізінен, морфологиялық тәсіл арқылы жасалады. Әрбір етіс түрі арнайы аффикстермен сипатталады және барлық етістіктен етіс формасын жасауға болады.

Алғашқы грамматикалардан бастап, 30-жылдарға дейінгі еңбектерде етіс түрліше бөлініп келді. Бұл категория 50-жылдардан бастап арнайы зерттеу нысанына алынып, ғылыми негізде қарастырыла бастады. Оған Н.А. Баскаковтың «Залогии каракалпакского языка» (1951), А. Қалыбаеваның «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» (1951), өзбек тілінің етістері жөнінде С.А. Фердаустың, түркімен тілінің етіс категориясы туралы Б.Ч. Арыяровтың, башқұрт тілінің етістері жөнінде А.Х. Фатыховтың диссертацияларын атауға

болады. Етіс қосымшалары түркологияда үш түрлі бағытта (сөз тудырушы, форма тудырушы, екі функциялы) зерттелгендігі байқалады. Өз зерттеуінде Н.А. Баскаков сөз тудырушы деп анықтаса, қазақ тіл білімінде етіс категориясын арнайы қарастырған А.Қалыбаева сөз тудырушы қосымша деп қарастырады. Дегенмен, түркологияда етіс қосымшаларын форма тудырушы деп анықтаушылар саны өте көп. Олардың қатарында А.Щербак, Б.А. Орузбаева, Ф.А. Ганиев және т.б. атауға болады. А.С. Аманжоловтың ғылыми жұмысының маңыздылығы мен жаңалығы келесі мәселелерге байланысты. Ғалым етісті тарихи тұрғыдан қарастырып, ескерткіш тілдеріндегі етістердің мағыналық жағынан қазіргі күйіндегі етіс мағынасымен сәйкес келетінін, ал морфологиялық тұрғыдан етіс жұрнақтарының өзгешеліктері мен ерекшеліктері бар екендігін көрсеткен. Лингвист-ғалым етісті зерттеу аясын кеңейте қарастырған ғалым.

Бұл жерде тілдің тарихи тұрғыдан дамуына байланысты көптеген жұрнақтар түсіп қалып, сақталғандары қазіргі тіл грамматикасында орнығып, көрініс тапты. Осындай өзгерістерді ғалым А.С. Аманжолов өзінің «Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктің меңгеруі» атты еңбегінде нақты көрсетуге тырысып, етістің қазіргі кездегі даму жолында екендігін баса айтады. Сайып келгенде, тіл грамматикасында бұл категория тиісті орын алып, өзіндік ерекшеліктерімен белгілене шектеліп тұрғанына қарағанда, етістікке тән етіс категориясы нақты зерттеуді талап етеді деген ойдамыз.

Қазақ тіліндегі етіс категориясының қалыптасу тарихын сөз еткенде, бұл категорияның түрік тілдерде, соның ішінде, қазақ тілінде терең зерттелу тарихы бар екендігі айқын көрінеді.

Олар сөйлемде атқаратын қызметі мен беретін мағынасына қарай тұлғалық ерекшеліктері бар қалыптасқан грамматикалық категорияға жатады.

1. Өздік етіс. Өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Яғни субъекті өз-өзіне объекті болады да, баяндауыш қызмет атқарып тұрған етістік өздік етіс тұлғасында тұрады. Өздік етіс баяндауыш болып тұрған сөйлемнің бастауышында әрі субъектілік, әрі объектілік мағына сақталатындықтан, ол сөйлемде тура толықтауыш болмайды. Осылай өздік етісті сөйлемде тура толықтауыш болмай, етістік мағынасы жағынан салт етістікке айналып кететіндіктен, сөйлем құрылысы жағынан объектісіз сөйлем болады.

Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің субъектісіне қарай бағытталып, сабақты етістікке -ын,-ін,-н қосымшасы қосылу арқылы жасалады. Бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді.

Өздік етіс жұрнағы тек қимыл, іс-әрекет субъектінің өзіне қарай бағыттала алатын сабақты етістіктерге жалғану арқылы жасалады және сол сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Етіс қосымшасы -ын, -ін, -н негізінде өздік етіске тән қосымша ретінде өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырып қана қоймайды, ол жалғанған етістік сөйлемдегі бастауыштың әрі субъектісі, әрі объектісі екенін де білдіреді. Өздік етістің бастауышы қимыл иесінің қызметін өзі атқаратындықтан, оның қимылы тікелей өзіне жұмсалатыны көрініп тұрады.

2. Ырықсыз етіс. Ырықсыз етіс іс істеуші арнайы айтылмай, ол іспен байланысты зат өздігінен амалға ие бола алмайтындығын көрсететін етістіктің түрін айтады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктерден -ыл, -іл, -л қосымшасы (түбір құрамында «л» дыбысы болса, -ын, -ін, -н) арқылы жасалып, қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып тұрады да, ырықсыз етіс жұрнағы жалғанған сабақты етістіктер салт етістікке айналады.

Кейде қимылды атқарушы субъект жалпы сөйлемнің мазмұнынан сезіліп тұрады немесе грамматикалық жанама объекті тұлғаларында тұрып та жұмсалады. Профессор С.Исаев өздік етіс пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгешелік те жерлері барын төмендегідей көрсетеді.

Ұқсастығы: 1) қосымшалардың кейде бірдей болып келетіні, кейде өздік я ырықсыз етіс екені контекстен ғана байқалады, сөйтіп бір-бірімен омоформа жасайды: *Ол дәрігерге көрінді және Алыстан бір қара көрінді*; 2) екеуі де сабақты етістікті салт етістікке айналдырады.

Негізгі айырмашылығы олардың білдіретін семантикасында: өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект - грамматикалық субъект (бастауыш) болады да, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады.

3) өзгелік етіске қазақ тілінің грамматикаларында «істің басқа біреу арқылы істелетінін көрсететін етістіктің етіс түрі өзгелік етіс» деген ереже берілген. Бұл айтылғаннан, яғни істі басқа біреу істегенімен, оны істеуші субъектінің бар екенін, оның алатын орнын, ол субъектінің негізгі түрі екенін айтпай кетуге болмайды. Өйткені, өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъект арқылы істелетінін, іске асыратынын білдіріп, етістікке арнайы -дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз қосымшаларының бірі жалғану арқылы сабақты етістік жасалатын етістіктің етіс категориясының бір түрі болып табылады. Қазақ тіл білімінде етісті Ы.Маманов грамматикалық категория ретінде қарап, етіс формаларын форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады. Бірақ бұл қосымшалар туралы даулы пікір әлі күнге дейін жалғасып келеді. Етіс қосымшалары жалғану мүмкіндігі жоғары қосымшалардың қатарынан орын алады.

Етіс жұрнақтарының сөзге жалғану жиілігіне 10 томдық түсіндірме сөздік бойынша статистикалық зерттеу жүргізген С.Мырзабеков сөздіктегі етіс формаларының саны 22 мыңнан асып кетеді. Бұл сөздіктегі барлық сөздің 33 пайызына тең деп көрсетеді.

Демек, етіс қосымшаларының сөзге жалғану мүмкіндігі мол, олар Ы. Маманов көрсеткендей, грамматикалық абстракция жасай алады. Етіс қосымшаларының сөзжасам мен формажасамға қатысын зерттеген А. Жаңабекова етістердің жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере келе, «етіс қосымшалары барлық кезде сөз тудыру қатарын құрай бермейді, тек объектілік-субъектілік қатынасты білдіріп, грамматикалық категория құрай алады» деген қорытынды шығарады.

Ғалымның пікірінше, етіс категориялары белгілі бір етістік тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Ал оның кейбір сөздердің құрамында келіп, лексикалық дербестікке жетуі етіс

қосымшаларының сөзжасамдық қабілетінің емес, сөзжасамның семантикалық тәсілінің, яғни мағына дамуының нәтижесі деп, Ы. Маманов, С. Исаев пікірлерімен орайлас тұжырым жасайды [6].

Ы. Маманов қазақ тіліндегі салт, сабақты етістіктер мен етіс категориясын бір-бірімен тығыз байланыста қарастырады. Өздік, өзгелік, ырықсыз етіс мағыналары салт, сабақты етістіктердің грамматикалық формаларынан туатын семантикалық ұғым деп түсіндіреді [13, 36 б.]. Қазақ тіл білімінде етіс құрылымдық аспектіден етістіктің грамматикалық категориясы ретінде қарастырылса, функционалды грамматикада етіс (залоговость) функционалды-семантикалық категория болып табылады. Функционалды-семантикалық категориялар көбінесе етістік категорияларына негізделгендігі байқалады. (кесте 1).

Кесте №1

Тіл білімі аспектілеріне байланысты етістің мәртебесі	
Құрылымдық тұрғыдан	Функционалдық тұрғыдан
Етіс – грамматикалық категория	Етіс - функционалды-семантикалық категория

Мысалы, аспектуалдылық категориясы құрылымдық грамматикадағы – қимылдың өту сипаты (вид) категориясына, темпоралдылық – шақ категориясына, модалдылық – рай категориясына, персоналдылық – жақ категориясына негізделген. (кесте 2).

Кесте №2

Құрылымдық грамматикадағы аспектуалдылық категориялары			
қимылдың өту сипаты	темпоралдылық	модалдылық	персоналдылық
вид категориясы	шақ категориясы	рай категориясы	жақ категориясы

Ы.Маманов зерттеулерінде етіс, негізінен, объектілік, субъектілік және көпмағыналық қатынастармен сипатталады. Етіс категориясын функционалды грамматика тұрғысынан зерттеу болашақтағы іс деп білеміз.

Лексиканың – сөз мағынасын, яғни сөздік қорын зерттейтін ғылым екендігін біле тұра, бұл саламен етістің де тығыз байланысы бар дейміз, мысалы мынадай сөйлемдерді алып қарағанда: *оқушы жазды, мұғалім жаздырды, сөз жазылады* етістіктерінің мағыналары мен түрленуі-істеушінің (субъектінің) іске (объектіге) қатынасының әркелкі болып келуіне байланысты. Осы тұжырымдаманың тағы да бір дәлелі ретінде етіс анықтамасын келтіруге болады. Сөйтіп, етістіктің істеушіге (субъектіге) және істелетін затқа (объектіге) қатынасына байланысты мағыналық және тұлғалық жақтан құбылуын етіс дейміз. Жоғарыда көргеніміздей, етістіктердің өзіндік мағынасы және де морфологиялық көрсеткіштері бар. Соған сәйкес етістердің де түрлері белгілене түседі.

Қазіргі тілімізде қолданылатын бірсыпыра етістік түбір (не негіз) күйінде әрі салт, әрі сабақтылық мән береді. Ондай етістіктердің қай ыңғайда айтылғандығы тек сол контекст құрамында ғана айқындалады. Салт және сабақты етістіктер (лексикалық тұрғыдан) бірінен екіншісіне ауысып жатады. Тіл білімі мәселесіндегі етіске қатысты зерттеуші мамандардың көзқарастары мен пікірлерінен тұрақты тоқтам жасарлық нәтиже шығуы тым ұзаққа созылуда десек, артық болмас. Өйткені қазіргі кезге дейін етіс-етістіктің ерекше категориясы екендігін айта отырып, бұл категорияның әлі де шешілмеген жақтары көп.

Айта кету керек, етіс жұрнақтары семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын. Кейбір түрлері жаңа сөз жасап, етіс қосымшалы етістік негізгі сөздік құрамынан жеке лексикалық бірлік ретінде орын алған. Қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған туынды түбір негізгі түбірден туған жаңа мағыналы сөздер болып табылады, мысалы: *бер*, *жаз* түбірлерден –іл, ыл ырықсыз қосымшалары арқылы жаңа мағыналы (оқуға берілді, ауруынан жазылды) сөздер жасалады.

Осындай құбылыстарды талдау нәтижесінде кейбір етістіктің құрамында келіп, жаңа туынды түбір, демек негізгі түбірден өзгеше жаңа лексикалық мағына білдіретін, мысалы: *қыз айттыру*, *олар бәрібір табысады* тәрізді сөздердің сөздік құрамнан бөлек орын алуы тек қана етіс қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан да гөрі семантикалық үрдістің (сөзжасамның синтетикалық тәсілінен басқа семантикалық тәсілінің) басым болуынан байқалады.

Сөйтіп, етіс тұлғалары тек қана сөзжасам қосымшалары емес, етістің лексика-грамматикалық категориясы болып та табылады. Мағыналық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметіне және тұлғалық ерекшеліктеріне негізделіп, қазақ тіліндегі етістіктерді де: негізгі етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс және өзгелік етіс деп беске бөліп жүр. Бірақ, 1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасында» негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымынан ешбір айырмашылығы жоқ деп көрсете келе, негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ деп көрсете келе, негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ деп жазылған еді [63, 509 б.].

Тіліміздегі өздік пен ырықсыз етістіктерді салыстырғанда, олардың ұқсастықтарымен қатар, айырмашылықтары бұлардың білдіретін семантикасында жатыр дер едік, себебі өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект-грамматикалық субъект (бастауыш) болады, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады. Өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады. Өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалады. Ал салт етістікке өзгелік етіс жұрнағы жалғанғанда іс-әрекет иесі жаңадан пайда болады да, қимылды тікелей өзі орындайды; салт етістік сабақты етістікке айналады; салт етістіктегі грамматикалық бастауыш (субъекті) сабақты етістіктің тура объектісіне айналады; екінші объект –агенс, іс-әрекетті тікелей орындаушы субъекті болмайды. Өзгелік етіс қосымшасы бір түбірге бірінің үстіне бірі жалғана береді, бұл тек өзгелік етіс қосымшаларының ерекшелігі болып табылады [39, 68 б.].

Ортақ етіс туралы айтар болсақ, ортақ етіс мағынасы мен қосымшасы етістің басқа түрлерінен сабақтылық-салттық сипатқа бейтарап болуы негізінде ерекшеленеді.

Ортақ етістің тағы бір ерекшелігі –қимыл атауын білдіруге бейім тұрады да, кейбіреулері сол арқылы заттық ұғымның пайда болуымен зат есім болып кетеді, мысалы: *соғыс, айтыс, байланыс*.

Ортақ етіс пен өзгелік етістің семантикасында ұқсастық бар: екеуі де қимылдың, іс-әрекеттің бір субъекті емес, бірнеше субъекті арқылы орындалатынын білдіреді, бірақ-агенса міндетті түрде болады, ол –қимыл, іс - әрекетті тікелей орындаушы, ал ортақ етісте бұлар жоқ.

Жалпы, етіс категориясының лексикамен байланысы оның нақты мән-мағынасында жатыр. Тұтас бір категория есепті танылатын әрбір жеке етістің мағыналық және тұлғалық дербестігі – олардың бір сөзде бірнешеуінің қатарласа тіркесіп, қолданылуына мүмкіндік береді.

Осыдан барып етістіктер: *ізде, издес, издестір, издет, издестірілген* тағы басқа тұлғалық, соған сәйкес мағыналық өзгешеліктермен қолданыла береді. Күрделене қолданылып тұрған етістіктердің соңғы сыңары да өз лексикалық мәнін түгел немесе жартылай сақтап тұрған жағдайда етіс аффикстер екеуіне де бірдей қосылып қолданылады: *Қара тас, көмір, қалайын, Шыңыраудағы мұнайын Жүгенделіп алынды* (Жароков).

Етіс аффикстерінің жаңа немесе үстеме мағыналы сөз тудырудағы рөлін етіс аффиксінің бірінсіз, дербес сөз болып, қолданыла алмайтынын мына көне туынды түбірлерден де анық байқауға болады: *оя-н* мен *оя-т, жа-н* мен *жа-қ, үйре-н* мен *үйре-т*.

Сайып келгенде, етіс аффикстері өзінің тікелей мағыналарымен қатар жаңа сөз тудырушы категориялар тобына жатады, мысалы: *жағала* (суды, өзенді) мен *жағалас* (екеуі жағаласып қалды), *сырла* мен *сырлас* тағы да басқалары етіс аффикстерін жалғаулар тобынан бөліп қараудың дұрыстығын дәлелдейді.

Сөз таптары, оның ішінде етіске қатысты етістікті сөз етсек, олар өзіндік жалпы категориялы мағынаға ие болады, морфологиялық жағынан тұлғаланады. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші арнайы формаларға ие болып, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруға икемделеді.

Қ. Жұбановтың анықтамасы бойынша, етіс дегеніміз «мағына жағынан істеуші мен істелушінің арасында қандай қатынас барын көрсететін категория, мысалы: *жүр-салт*, (мұның істелушісі жоқ), *жаз* – сабақты (мұнын істелушісі табыс сөзбен аталған: *мен* (істеуші) *хатты* (істелуші) *жаздым* (іс); *жу-ын-өздік* (мұның істелушісі істелушінің өзі: *жуындым* – өзімді өзім жудым) [72, 383 б.].

Еңбегінің үшінші ескертуінде тілші-ғалым бұрынғы өзгелік етіс пен беделді етістің екеуін бір қосқандығын дәлелдей келіп, сағыс етіс, бұрынғы дүркінді етіс түрлерін грамматика көлемінен шығарып тастағанын айтады.

Сонымен, етістің лексикамен байланысы, ең алдымен, оның мағына білдіру қасиетінде жатқаны сөзсіз. Сөйтіп, қазақ тіліндегі етістер де басқа түркі

тілдеріндегідей, өз алдында жеке бөліп қарауға келетін, дербес грамматикалық категория болып танылады. Іс-әрекетпен субъекті және объекті арасындағы қарым-қатынасты білдіретін бұл категория етістіктің басқа категорияларынан өзінің мағыналық және тұлғалық өзгешеліктері, сондай-ақ, синтаксистік қызметтері жағынан ерекшеленеді.

Етіс мағынасын білдіретін аффикстер негізгі және туынды түбір етістіктердің болымды түріне қосылады. Болымсыздық мағына беретін –ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнағы: *көр-сет-пе, жаз-дыр-ма, жу-ын-ба* болып, әр уақыт етіс аффикстерінен соң қосылып айтылады. Етіс аффиксі қосылған сөздер аффикстердің санына қарамай, туынды түбір етістіктер құрамына енеді, сондықтан да, бұл категория сөз тудырудың морфологиялық әдісіне жатады.

Етіс аффиксті етістіктердің мағыналық және синтаксистік қызметі сөйлем ішінде толық және әр жақты танылады.

Олай болатын себебі, біріншіден, сөйлемнің бастауыш және толықтауыш мүшелері арқылы етістік пен субъект және объекті арасындағы қарым-қатынас толық ашылса, екіншіден, етістіктің салт немесе сабақты болып келуі де өз мәнінде көрінеді.

Қазақ тіліндегі етіс аффикстері етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне тікелей жалғанады. Етістіктің түбіріне тән грамматикалық болымсыздық «ма»-ның өзі етіс аффикстерінен соң келеді. Етіс аффикстерінің түбірімен кіріге айтылуы оның қолданыла келе лексикалық категорияға айналып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызады да, етіс аффиксі қосылған туынды түбірдің үстіне болымсыздық «ма» қосылып, не қосылмай, етістіктің болымды, немесе болымсыз түбірі есебінде етістіктің шақ, рай, жақ, кейде екінші, не үшінші дәрежелі етіс аффикстерімен түрленіп, сөйлемде баяндауыштық қызмет атқарады.

Түбірден соң қосылған етіс аффиксінен кейін етістің екінші, не үшінші дәрежелі аффикстері бірінен соң бірі тіркеле жалғанады да, олардың үстіне етістіктің басқа грамматикалық категорияларының аффикстері қосылады.

Күні бүгінге дейінгі қазақ тілі жайында жазылған грамматикаларда етіс аффикстері қосылған туынды түбір етістіктер сөйлемнен тыс, тек түбір тұлғада алып қаралды. Бұлай қарау арқылы етістердің жасалу амалдарын ғана, болмаса, беретін мағыналары мен сөйлемдегі қызметін толық айқындау мүмкін емес еді. Өйткені, етіс категориясының сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұлғаларын белгілеп, олардың ішкі мәндерін түрлендіріп, сөйлем құрылысына енгізетін өзгерістерінің бірде-бірі айқындалмай, етіс категориясының грамматикадағы орны толық ашылмай қалып отырады. Сондықтан, бұл тарауда әрбір етістің жасалу амалдары мен мағыналары сөйлем ішінде жеке-жеке беріледі.

Өздік етісте сабақты етістік субъекті қимылының объекті арқылы орындалуын көрсететін болса, өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Өздік етісті сөйлемде тура толықтауыш берілмейтін болған соң, етістік мағынасы жағынан салт етістіккеи айналады да, сөйлем құрылысы жағынан объектісіз болады.

Өздік етістің жасалу амалдарын қарастырсақ, бұл етіс етістік түбіріне –ын, –ін, –н және –ыл, –іл, –л affикстерінің қосылуы арқылы жасалады. –ын, –ін, –н affикстері, негізінде, өздік етіске тән. Түбір соңы дауыссыз дыбысқа бітсе, сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай –ын, –ін affикстерінің бірі, –н дауысты дыбыстарға біткен түбірлерден соң қосылады.

Егер атау тұлғадағы бастауыш қимыл иесі болумен бірге объекті мағынасын да берсе, етістік өздік етіс мағынасында, егер бастауыш қимыл иесі болмай, тек объекті мағынасында айтылып, актив субъекті сөйлемде берілмесе, етістік ырықсыз етіс мағынасында жұмсалған.

Сонымен, өздік етіс мағынасы етістік түбіріне белгілі affикс қосылу арқылы жасалады. Өздік етіс тұлғасындағы етістік етістіктің басқа грамматикалық категорияларының бәрінен түрленіп, негізінде, сөйлемде баяндауыш болып қызмет атқарады. Өздік етіс тұлғасындағы етістік қос сөздер тұлғасында және көмекші сөздермен күрделеніп, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болып қызмет атқара алады.

Сөйтіп, актив және пассив субъекті мағыналарының бастауыш арқылы берілетінін көрсететін етістің түрі өздік етіс делінеді десек, ырықсыз етістің бастауышында пассив субъектілік қана ұғым болады. Ырықсыз етісті сөйлемде қимыл иесі, актив субъекті сөйлемнің белгілі мүшесі болып берілу қазақ тілінде қалыптаспаған. Қимыл иесі бастауыш арқылы берілмесе де, іс істеуші басқа біреу екені сөйлемнің жалпы мазмұнынан айқындалады.

Сонымен, ырықсыз етіс баяндауыш болып тұрған сөйлемнің бастауышы қимылдың іске асу- аспауында пассив субъекті болып қалады да, қимыл иесі, көбінесе, берілмейді. Қимыл иесінің кейбір сөйлемдерде барыс, шығыс немесе көмектес септіктеріндегі жанама толықтауыш болып берілуі, тілімізде сирек кездеседі.

I . Ырықсыз етіс, негізінде, сабақты етістіктерге –л, –ыл/-іл affикстерінің қосылуы арқылы жасалады.

II. Ішінде –л дыбысы бар сабақты етістіктер ырықсыз етіс мағынасында қолданылғанда, етістік түбіріне өздік етістігі делінетін –н,-ын/-ін affикстерінің бірі қосылады.

Қазақ тілінде етіс категориясы, негізінен, морфологиялық тәсіл арқылы жасалады. Әрбір етіс түрі арнайы affикстермен сипатталады және барлық етістіктен етіс формасын жасауға болады. Алғашқы грамматикалардан бастап, 30-жылдарға дейінгі еңбектерде етіс түрліше бөлініп келді.

Бұл категория 50-жылдардан бастап арнайы зерттеу нысанына алынып, ғылыми негізде қарастырыла бастады. Оған Н.А. Баскаковтың «Залогі каракалпакского языка» (1951), А. Қалыбаеваның «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» (1951), өзбек тілінің етістері жөнінде С.А. Фердаустың, түркімен тілінің етіс категориясы туралы Б. Чарыяровтың диссертацияларын атауға болады.

Етіс қосымшалары түркологияда үш түрлі бағытта (сөз тудырушы, форма тудырушы, екі функциялы) зерттелгендігі байқалады. Өз зерттеуінде Н.А. Баскаков сөз тудырушы деп анықтаса, қазақ тіл білімінде етіс

категориясын арнайы қарастырған А.Қалыбаева сөз тудырушы қосымша деп қарастырады. Дегенмен, түркологияда етіс қосымшаларын форма тудырушы деп анықтаушылар саны өте көп. Олардың қатарында А. Щербак, Ф.А. Ганиев Б.А. Орузбаева, т.б. атауға болады.

Қазақ тіл білімінде етісті Ы.Маманов грамматикалық категория ретінде қарап, етіс формаларын форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады.

Бірақ бұл қосымшалар туралы даулы пікір әлі күнге дейін жалғасып келеді. Етіс қосымшалары жалғану мүмкіндігі жоғары қосымшалардың қатарынан орын алады. Етіс жұрнақтарының сөзге жалғану жиілігіне 10 томдық түсіндірме сөздік бойынша статистикалық зерттеу жүргізген С. Мырзабеков сөздіктегі етіс формаларының саны 22 мыңнан асып кетеді. Бұл сөздіктегі барлық сөздің 33 пайызына тең деп көрсетеді.

Етіс қосымшаларының сөзжасам мен формажасамға қатысын зерттеген А. Жаңабекова етістердің жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере келе, «етіс қосымшалары барлық кезде сөз тудыру қатарын құрай бермейді, тек объектілік-субъектілік қатынасты білдіріп, грамматикалық категория құрай алады» деген қорытынды шығарады. Ғалымның пікірінше, етіс категориялары белгілі бір етістік тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Ал оның кейбір сөздердің құрамында келіп, лексикалық дербестікке жетуі етіс қосымшаларының сөзжасамдық қабілетінің емес, сөзжасамның семантикалық тәсілінің, яғни мағына дамуының нәтижесі деп, Ы. Маманов, С. Исаев пікірлерімен орайлас тұжырым жасайды [6].

Ы.Маманов қазақ тіліндегі салт, сабақты етістіктер мен етіс категориясын бір-бірімен тығыз байланыста қарастырады.

Өздік, өзгелік, ырықсыз етіс мағыналары салт, сабақты етістіктердің грамматикалық формаларынан туатын семантикалық ұғым деп түсіндіреді [13, 36 б.].

Қазақ тіл білімінде етіс құрылымдық аспектіден етістіктің грамматикалық категориясы ретінде қарастырылса, функционалды грамматикада етіс (залоговость) функционалды-семантикалық категория болып табылады. Функционалды-семантикалық категориялар көбінесе етістік категорияларына негізделгендігі байқалады.

Мысалы, аспектуалдылық категориясы құрылымдық грамматикадағы – кимылдың өту сипаты (вид) категориясына, темпоралдылық – шақ категориясына, модалдылық – рай категориясына, персоналдылық – жақ категориясына негізделген.

В.В. Радлов бастаған бір топ зерттеушілер етіс категориясын «сөз тудырушы жұрнақ» ретінде қарастырды. Сондықтан етіс жөнінде айтылған ғалымдардың пікірлерін саралай келіп, етіс көрсеткіштері екі түрлі тұрғыдан қарастырылды деуге болады: біріншіден, етістіктің өз алдына грамматикалық категориясы ретінде, екіншіден, сөзжасамдық қызметі жағынан. Бір топ зерттеушілер етістің грамматикалық категория сипаты басым десе, келесі бір

топ ғалымдар сөзжасамдық жағы басым дейді. Мәселен, А. Байтұрсынов етістің он түрін атап көрсетті, Н. Сауранбаев пен Ғ.Бегалиев етісті семантикалық категория ретінде қарастырып, сегіз түрін, С.Аманжолов үш түрін, А. Ысқақов бес түрін көрсетті. Қазіргі тілімізде қалыптасқан өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз түрлерін Ы. Маманов айтқан болатын. Етіс категориясы жайында жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары мен қазақ тілінің академиялық грамматикасында, соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» да (Астана -2002) арнайы сөз болады. Осы тақырып бойынша М. Қашқаридың сөздігін пайдалана отырып жазған А. Қалыбайқызының ғылыми зерттеу жұмысын, сондағы келелі ойларын атап өтуге болады.

Етіс категориясын тарихи тұрғыдан зерттеп, құнды пікірлер айтқан М. Томанов пен М.Оразовтың еңбектеріне арнайы тоқталуға болады. М. Оразовтың еңбектеріне арнайы тоқталуға болады.

М. Оразов «Етістік» атты еңбегінің бір бөлімін «Етіс қосымшаларына» арнаған. Ол бұл тақырып бойынша алғашқы пікірін ғалымдар тарапынан айтылып жүрген анықтамаларға талдау жасаудан бастайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір ауыз сөзге сыйдыру етіс категориясының табиғатын ашып көрсетер сөзсіз. М. Оразов осындай анықтамалардың біразына талдау жасай келе, өз тұжырымын ұсынады. Етіс қосымшаларының білдіретін мағыналарына қарайтын болсақ, біріншіден, барлық кезде де етіс қосымшалары объекті мен амал әрекеттің арасындағы қатынастарды білдіре бермейді.

Екіншіден, етіс қосымшалары кез-келген етістіктерге қосыла бермейді. Тіпті бір етіс қосымшасы барлық етістік түбіріне қосыла бермейтіндігі қазір анықталынған.

Үшіншіден, етіс қосымшасының түбір етістікке қосылуы салт және сабақтылықпен байланысты емес [7,12-13 Б.].

М. Оразовтың пікірі қазақ тілші-ғалымдарының етіс қосымшаларының салт, сабақты етістіктерге тікелей немесе қосалқы байланысы бар деген пікірлеріне қарата айтылған. М. Оразовтың пікіріне қосыла отырып, етістің салт, сабақты етістікпен байланысы барлығын жоққа шығаруға болмайды, ал мұндағы әңгіме – етіс қосымшалары арқылы салт, сабақты етістіктердің бірінен екіншісіне ауысып жататындығында болу керек.

Салт, сабақты етістіктер мен етіс категорияларының семантикалық жағынан ұқсастықтары болғанмен, тұлғалық жағынан тікелей қатынасы жоқ.

Себебі салт, сабақтылық мәнді етістіктер тікелей түбір қалпында тұрып, контекске байланысты беретін болса, ал етістің арнайы қосымшалары бар. Сондықтан етістіктің салт, сабақтылық мәні морфологиялық категория емес, семантикалық категория болып саналады. Ал етістің сөзжасамдық сипатын өз алдына салт, сабақтылыққа қатысты қарастырған дұрыс. Етіс қосымшалары тарихи тұрғыдан қазіргі түрлеріне қарағанда әлдеқайда көп болған және олардың сөзжасамдық қызметін де жоққа шығаруға болмайды.

Қазіргі тілімізде қолданыста бар туынды түбір етістіктер мен етістіктерден жасалынған есім сөздердің құрамынан да етіс көрсеткіштерін аңғаруға болады.

Себебі түркологияда етіс қосымшалары сөз жасаушы жұрнақтар мен сөз түрлендіруші жұрнақтарға қаншалықты қатысты деген сұраққа жауап беруге әлі күнге дейін ғалымдарымыз талпынып келеді.

Біз етіс көрсеткіштерін сөз тудырушы жұрнақтардың қатарына қоспағанмен, тарихи тұрғыдан етіс қосымшаларының қазір түбір деп ұғынылатын сөздердің құрамында сақталып қалғандығын мойындаймыз.

Мысалы, *түй*, *түйін* (зат есім, етістік), *түйіншек* сөздерінің мағыналарынан жаңа сөз жасалынбады дей алмаймыз. *Түй*, *түйін* (өздік етіс) дегенде ешқандай жаңа мағына туған жоқ, бір ғана іс-қимылды білдіріп тұр.

Ал *түйін* сөзі бір нәрсенің шиеленіп байланған жері немесе қорытынды, байлам, шешім, сондай-ақ өсімдіктің алғашқы байланған жеміс түйнегі сияқты мағыналарды білдіреді. *Түй* етістігінен жасалынған *түйін* зат есімі жаңа лексикалық мағына тудырып тұр. *Түйін* сөзінің лексикалық мағынасы жағынан жіктелуі көне дәуірлерден бастады.

М. Қашқари сөздігінде мынадай сөйлем кездеседі. *Ол тугун тугунді - ол түйін түйді*. Осы сөйлемдегі «тугун» зат есім мәнінде жұмсалып тұр. Ал осы сөзбен төркіндес *түй* сөзі Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде кездеседі.

Аталмыш ғылыми пікірлерді меңгере келе, ғалым А.С. Аманжоловтың етіс жайлы ғылыми көзқарасына тоқтауды жөн көрдік.

Бастысы: ғалым етісті көне категория екендігін нақтылай отырып, қазіргі тіл білімі грамматикасында қалыптасқан етістің төрт түрін (ырықсыз, ортақ, өзелік, өздік) Орхон-Енисей көне жазбаларында болғандығын дәлелдей келе, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Осыған орай, біз етісті етістікке тән категория екендігін баса айта отырып, оны етістіктің негізгі категориясы есебінде қарастыруымыз қажет.

Тілші ғалымдардың етіс жайлы пікірлерімен таныса отырып, бұл тақырыптың толық ашылмаған жақтарымен қатар, қандай да тіл болсын, әр тілде өзіндік ерекшеліктері бар екендігін мойындауға келеді.

А.С. Аманжолов етісті тарихи тұрғыдан қарастырып, етістердің ескерткіш тілдеріндегі көріністерін сипаттап берді. Ғалымның қорытынды пікірі бойынша, ескерткіш мәтініндегі етіс мағыналары қазіргі күйіндегі етіс мағынасымен сәйкес болып келеді, бірақ морфологиялық тұрғыдан қарағанда, етіс жұрнақтарының өзгешеліктері мен ерекшеліктерінің болғандығы кеңейтілген зерттеу аясында айқындала түседі. Бұл жерде зерттеуші-ғалым тілдің тарихи тұрғыдан дамуына байланысты көптеген жұрнақтар түсіп қалып, сақталғандары қазіргі тіл грамматикасында орнығып, көрініс тапқанын дәлелдеп көрсете білген. Осындай өзгерістерді ғалым А.С. Аманжолов өзінің «Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктің меңгеруі» атты еңбегінде нақты көрсетуге тырысып, етістің қазіргі кездегі даму жолында екендігін баса айтады.

Қазақ тіліндегі етіс категориясының қалыптасу тарихын сөз еткенде, бұл категорияның түрік тілдерде, соның ішінде, қазақ тілінде, терең зерттелу тарихы бар екендігін айқын көрінеді. Сөйтіп, түрік тілдері жөнінде және етіс туралы пікір айтқан алғашқы ғалым М.А. Қазембек болса, одан кейін етіске қатысты еңбектердің бірі – М. Терентьевтың 1875 жылы шыққан шағын кітабы

мен 1869 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Алтай тілінің грамматикасы» еді. Етісті «вид» категориясымен ұштастырып қарастыруды ең бірінші А. Архангельский көрсетсе, зерттеуші А. Харисовтың 1944 жылы Уфада басылып шыққан еңбегінде етіс жұрнақтарын бір түрге жатқызып, біржақты пікір айтқаны мәлім.

Түркі тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің, етіс категориясын сөз еткенде, оның морфологиялық белгілерін көрсетіп, «етіс» деген ұғымды дұрыс қолданып, етісті төрт түрге бөліп қарағандар: П.М. Мелиоранский мен А.К. Боровков. Профессор С.А. Аманжолов етісті үш түрге бөліп қарап, етіс категориясына енетін өздік етіс пен етістіктің өсіңкі, дүркінді сияқты «вид» мағынасы бар түрлерін рай категориясына жатқызған.

Белсенді түрде қолданыс тапқан етістіктің негізгі түріне ырықсыз, өздік, өзгелік ортақ етістер жасайтын қосымшалар болады екендігі ашық көрсетеді.

Осындай сөз тудырушы қосымшалар етістіктің жай негізгі түріне немесе күрделі есім сөзден пайда болған түрлеріне де жалғана береді, мысалы: *алдыр, алын, астам, оттот* (қазақшасы *оттам*). Кейбір қосымшалар етістіктің орыс тіліндегі етіс формаларын айқындайтын түрлерін жасайды. Бір етістік түбіріне бірнеше сөз тудыратын әртүрлі етістердің қосымшалары жалғана береді, сонымен, біркелкі түрде өзгелік – ортақ пен ырықсыз – өзгелік етістер қосымшалары тізбектеліп жалғана береді: *соғыштыр* (қазақшасы - *соғыстыр*) *корундир-көріндір*. Барлық сөз тудырушы етіс қосымшалары етіс түбіріне тек қана етістіктің болымды түріне қосылады, ал болымсыз түрінде болымсыз шылаулар етіс қосымшаларынан кейін қосылатындығын айтпасқа болмайды, мысалы: *коргусне-көрсетпе*.

Өздік ырықсыз түрін алар болсақ, олардың етістік түбіріне, қазақ тіліндегідей, дауысты дыбыстардан кейін -л; дауыссыз дыбыстардан -ыл, - ил және де –и дауысты; -ын, ин дауыссыз дыбыстардан соң жалғанатын жұрнақтар арқылы әртүрлі мағына беретіндігі айқындалады, бұлардың мағыналары: біріншіден, қимыл-әрекетке шалдыққанын, өзіне арнайы жасаған қимыл-әрекетті көрсететін етістіктер, мысалы: *айдыл-айтылған* («айт» түрінен), *табыл-табыл* (табылған, тап), *кезил-кесіл* («кес» түрінен).

Кейбір ауызекі сөйлеу сәттерде ырықсыз етістің қос жұрнақтары да жалғана беретіндігін, мына мысалдар арқылы көруге болады: *ачылыл-ашылып, азылыл-асылыл*. Етістің ортақ түрі етістіктің түбіріне дауыстыға аяқталса, -ш-жұрнағы, дауыссызға аяқталса, -иш, -ыш жұрнақтары жалғану арқылы жасала отырып, бірнеше мағына береді, олар жалпы белгіленген ағым мен уақытта бір адамның екінші адамға көмекші ретінде болып, бірігіп істелінетін қимыл-әрекетті көрсететіндігі, мәселен: *дъугуруш-бірге жүгіру, жүгіріс*, екінші жағынан, бірге қатысушылық мағынада жұмсалады: *согуш-соғыс, тартыш-тартыс* (тарт-тарт).

Ы. Маманов зерттеулерінде етіс, негізінен, объектілік, субъектілік және көпмағыналық қатынастармен сипатталады. Етіс категориясын функционалды грамматика тұрғысынан зерттеу болашақтағы іс деп білеміз.

Етіс – қимылдың іс- орындаушыға қимыл иесімен тура істелетін істің қатысын білдіру үшін, етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар арқылы жасалатын етістіктің түрі.

Яғни, етістіктен етістік тударатын жұрнақтардың жүйесі етістер я етіс категориясы деп аталады. Мысалы: *Ол жуынды. Ол баласына кітап оқытты. Әңгіме айтылды. Ол бір-бірімен хат жазысты.*

Етістер жинақтарының түрлеріне қарай бес түрге бөлінеді.

1. Негізгі етіс - өзге етіс формаларына негіз болатын форма. Негізгі етістің арнаулы жалғаулары болмайды. Оған түбір я туынды етістерінде күрделі етістерінде негіздері жатады. Мысалы: *бар, кел, сөйле, қуан, шөлде, ақта, қарайла, боян, ән сал, түсінп ал, сұрап қой* және т.б.

2. Өздік етістік - қимылдың іс-әрекет орындаушысынан, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты етістіктерден –ін, –ың, –н жұрнағы жалғану арқылы жасалатын етістіктің түрі. Мысалы: *Таң атқанша тарандық.* (Махамбет). Қимыл сол іс иесіне бағытталғандығын білдіріп тұр.

3. Өзгелік етіс-қимылдың іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі тікелей өзі емес, екінші басқа субъект, қимылды орындаушы арқылы істелінетінін білдіріп, мына жұрнақтар арқылы жасалынып тұр: - ғыз, -гіз, -қыз, -кіз: *отыр-ғыз, кіргіз; -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -р: сал-дыр, сен-дір, тік-тір; -т: жаса-т, сөйле-т.* Іс-әрекетті біреу арқылы істеп отыр.

4. Ырықсыз етіс - іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелгендігі көрінеді. Мына жұрнақтар арқылы жасалады: -ыл, -іл, -л, -ың, -ін, -н: *айт-ыл-ды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды, үй таза-ла-нды.*

5. Ортақ етіс –қимыл іс-әрекеттің иесі орныдаушысы біреу емес, бірнешеу болып, -ыс, -іс, -с жұрнақтары арқылы негізгі етіс формасынан жасалатын етіс. Мысалы: *айтыс, әкеліс, апарыс, артыс, көріс, келіс, қарас, таныс, көмек көрсетіс, іздеу салыс, ат салыс* және т.б. *Омар мен Оспан хат жаз-ыс-ты. Ол бізге үй сал-ыс-ты.*

Етіс жұрнақтары кейде бірінің үстіне бірі қабаттасып та беріледі: *сөйле-с-іл-ді, жүргіз-іл-ді, айт-ыс-тыр-ды.* - ла+ с формаларының біріккен құранды –лас (-лес,-дас, -дес, -тас, -тес) жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер ортақ етіс мағынасын білдіреді. Мысалы: *ақыл-дас, араз-дас, мұң-дас, пікір-лес* және т.б.

Етіс (етіс категориясы) деп амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз. Етістер - етістіктен етістік тудыратын, өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашалау болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі. Етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын сипаттары мынадай

1. *Ол онан жөн сұрады;*
2. *Олар бір-бірінен жөн сұрасты;*
3. *Ол онан жөн сұрашты;*
4. *Онан жөн сұралды;*
5. *Ол өзі сұранды.*

Сөйлемдердегі етістіктерін (*сұра, сұрас, сұрат, сұрал, сұран*) бір-бірімен салыстырғанда, олар бір түбірден өрбіген түбірлес негіздер екені айқындалады. Осы бес түрлі негіздің соңғы төртеуі *сұра* түбірінен тиісті жұрнақтар арқылы (**-с, -т, -л, -н**) туып, бір-бірінен ерекшеленіп тұр; осы формаларына қарай (түпкі лексикалық мағынасы бір бола тұрса да), олардың семантикалық мәндерінде де бір-бірінен айырмашылық бар.

Сондай-ақ: *тасы, тасыс, тасыт, тасыл, тасын;*

жу, жуыс, жудыр, жуыл, жуын

айт, айтыс, айттыр, айтыл

тәрізді түбірлес етістіктерден де осы жүйе аңғарылады.

Етістер жұрнақтарының түрлеріне, мағыналары мен қызметтеріне қарай, төмендегідей бес түрге бөлінеді:

1. негізгі етіс;
2. ортақ етіс **-с (-ыс, -іс)**;
3. өзгелік етіс **-т; -тыр (-тір, -дыр, -дір)**;
4. ырықсыз етіс **-ыл (-іл, л)**;
5. өздік етіс **-ын (-ін, -н)**.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады: сөйлем құрамының пассив (ырықсыз) етіс категориясының семантикалық анықтамасына – субъектінің қимылға қатыстығы жатса, синтаксистік түріне – етістік баяндауышының бастауышқа қатыстығы жатады. Бұл анықтамалардың басты айырмашылығы – объект күйіндегі толықтауыштың болуында жатыр. Осындай жағдайда, етіс категориясының семантикалық анықтамасы - етістік қимылдың субъект пен объектіге, ал синтаксистік - сөйлемдегі етістік баяндауышының бастауыш пен толықтауышқа қатынасы ретінде қарастырылады.

Пассив (ырықсыз) етісі екі деңгейлі грамматикалық категория сияқты болып қарастырылады.

Етісті тереңірек зерттегенде, етістік морфологиясы мен семантикасында қимылдың субъектіге қатыстығы көрініс табады. Бұл деңгей – «диатеза» деп аталады.

Етісті сыртқы жағынан, қарастырғанда, сөйлем ішіндегі етістік - баяндауышының бастауышқа қатыстығы сипатталып, тар мәнінде, «етіс» деп атайды. Пассив (ырықсыз) етіс категориясы активтің өзгеруін көрсетеді, яғни негізгі мен туынды болып қаралатын, актив құрылымдарын тиісті пассив құрылымдарына ауыстыруы. Пассив (ырықсыз) етіс – субъекті-объектілік қатынастарды көрсететін, лексика-грамматикалық категория ретінде сипатталады. Етіс қазақ тілі грамматикасында етіс категориясы ретінде анықталып, сөйлем құрамында етістік басты рөл атқарумен қатар, сөйлемнің шыңы мен тірек сөзі ретінде қабылданады. Пассив (ырықсыз) етіс етістіктің сөз өзгерту категориясы болса, ал категориялық есебіндегі етіс мағынасы етістіктің формасы мен қайшылығының формальдық қатарына сүйенеді. Тіл білімінде ырықсыз етіс түрі барлық түркі тілдес, яғни тілінен басқа, халықтарының тілінде бар екендігі айтылады.

Негізінен, сөзжасамдық құрылымы бойынша, біртүбірлес етістіктерден, мысалы, әртүрлі мағынада тұрған: «жоғал» - «жойылу, жоғалып кету» мен «жойып тастау, қырып кету», немесе «түзіл» - «бір нәрсені түзету», «өз-өзін дұрыс жолға салып, түзеу» сияқты қимылды білдіретін сабақты етістіктердің көңіл-күй мағынасындағы салт етістіктерге ауысқандығын байқаймыз. Сонымен, ырықсыз етіс тұлғасы, көбінде, негізгі етіске қарама-қарсы болып келеді. Осыған байланысты, сабақтылық пен салт ұғымдары, белсенді қимылды білдіретін етістіктердің көңіл-күй мәніндегі етістіктерге қарама-қайшылық орын алады. Тіл білімінде ырықсыз етістің пассив ұғымының иегері болуымен байланысты, бұл етіс түріне белгілі тілші-ғалымдар: Ш. Бектұров пен М. Серғалиев берген анықтамасын келтіруге тура келеді. «Істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс деп аталады», - деген [3, 111 б.].

Ырықсыз етіс қызметінде сөйлем бастауышы іс-әрекет жасаушысы болмай, тек қана оған бағытталған, объект күйіндегі, қимыл иегері болып, көрінеді.

Мысалы: *киім жыртылды, тас жарылды* және т.б. Бұл сөйлем мағыналарының жалпы ерекшеліктерінің бірі – қимыл-әрекет, істің иегерісіз, өзбетінше, жасалып жатқанында жатыр.

Ырықсыз етістің -ыл, -іл, -л жұрнақтары (шымылдық ілінді), кейде -ын, -ін, -н (көше тазаланды) жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен ғана жасалатындығын білеміз. Сондай-ақ ырықсыз етіс жұрнақтарының сөйлем ішіндегі жақсыз қимылды, мысалы: «ашылды», «жарылды», «жыртылды», көрсетумен қатар, белсенді іс-әрекет білдіретін етістіктерді, ырықсыз етіс табиғатына жақын көңіл-күй етістіктерге айналдыру қызметі айқын көрініс табады. Кейде белсенді қимылды білдіргенде, сол әрекеттің иегері көрінбей, бар болуы тек логикалық ойға тіреледі. Бұндай жағдайда, ырықсыз етіс табиғатының мынадай ерекшеліктері бірден көзге түсуі мүмкін. Етістің сөйлемде атқаратын қызметтік ерекшеліктерін бірден, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан үзінділер келтіру арқылы байқауға болады. Мысалы: «Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді» [4, 179 б.]. «Бірақ дыбыс білінбейді» [4, 179 б.].

«Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі» [4, 179 б.]. «Алты от Ақбілекке алпыс оттай көрінді» [4, 180 б.]. Көркем шығармадағы сөйлемдерді талдап қарасақ, бұл сөйлемдер арқылы жеткізіліп отырған оқиғаның жағдаятына қарай, етіс формасындағы етістікпен беріліп тұрған қимыл, өзбетінше, өтіп жатқан әрекет амалына ұқсайды. Тіл білімінде бұндай қимыл медиопассив формасына тән болып, іс жасаушы анық көрініс таппай, оның барына логикалық оймен жетеміз, мұнда медиопассив ағысынан пассивке ауысу құбылысы байқалса, нақты ырықсыз етіс сөйлемдерінде медиопассивке нағыз іс-әрекет жасаушымен өтетін қимыл қарама-қайшылыққа келеді.

Ырықсыз етісте -ыл, -іл, -л жұрнақтарымен кең таралған, кейбір етістіктер түрі, мысалы: «ашылу, басталу, бұзылу, үзілу» субъектімен мүлдем байланыспай, көрсететін қимылда субъектісі орын алмайды, олардың қатысуымен жасалған сөйлемде қимыл-әрекет өзінен-өзі өтетін құбылыс

ретінде қабылданады, мысалы: «аспан ашылды», «ел бұзылды», «жол екі жаққа бөлінді» және т.б.

Жоғарыдағы баяндауларды жинақтай келгенде, төмендегідей қорытындылар жасауға болады: пассивтің субъектісіз құрылымдары негізгі диатеза бола тұра, қазіргі қазақ тілінде ырықсыз етіс жасауда нақты орныққан. Олар сөйлеу тілінің ауызша, жазбаша түрінің барлық жанрларына тән болып келеді. Осыған байланысты, субъектісіз ырықсыз етіс семантикалық жағымен, етістің негізі ретінде медиопассивке жақынырақ болып, өзінің тамырымен тілдің терең тарихи дамуымен ұштасады.

1.2 Тілші-ғалым А. Байтұрсынұлының етісті зерттеуінен

Тіл білмінің басқа салаларымен етістің байланысын көрсетпек бұрын етіс ерекшеліктерін толығырақ ашу мақсатымен қазақ халқының тілшісі Ахмет Байтұрсынұлының етіс жайлы ғылыми көзқарасын қарастыруға бетбұрыс еттік. Бұл бағытты дұрыс алға қоюымен байланысты ғалымның сөз өнерін зерттеуге арналған әдістемелік ұстанымы басшылыққа алынды.

А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы» деген еңбегінде етіс он түрге бөлінеді деп жазады. Ғалым етістікке он түрлі етіс бар деп көрсеткен; сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс.

Әрқайсысына тілші-ғалымның берген анықтамаларын үлгі тұтсақ, олар төмендегідей мәліметтерге тіреледі:

Сабақты етіске анықтама бергенде, бұл етісте еткен іске бір нәрсе сабақталуы болса ғана, мәселен, осындай түрі анық көрініс табады, хат жаздым, шөп шаптым, қармақ салдым дегенге: «жаздым, шаптым, салдым»- істер.

Тілші- ғалымның анықтамасы бойынша: «Хат жаздым» дегенде- ісіне хат сабақталып тұр. «Шөп шаптым» -дегенде шабу ісіне шөп сабақталып тұр. «Қармақ салдым» дегенде- салу ісіне қармақ сабақталып тұр. Жалпы, тіл білімінде сабақты етістік болса, тілші-ғалым сабақты етісті көрсетеді. Толық мәлімет берген соң, еңбек авторы дағдыландыруға тиісті тапсырма береді.

Салт етістің анықтамасында өткен іске сабақталып, байланып тұрған еш нәрсе болмауы қажет, мәселен, «мен жүрмін, сен тұрсың, ол отыр». Сонда: менің жүргеніме сенің тұрғанына, оның отырғанына сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ деп белгіленеді.

«Ержан күлді, Айман жылады, Сәуле жүгірді» Ержанның күлгеніне, Айманның жылағанына, Сәуленің жүгіргеніне сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ, деп мысалдар келтіріледі.

Ғалымның анықтамасы бойынша: «Жүрмін», «Тұрсың», «Отыр», «Күлді», «Жылады», «Жүгірді» деген сияқты сабақтысыз істі көрсететін сөздерді салт етіс деп көрсетіледі. Дағдыландыруға: «Тиісті кітаптан бір мақала алып, сондағы салт етістіктерді көрсету» деген тапсырма беріледі.

Тілімізде ортақ етіс бар, автордың айтуынша, ортақ етіс- іс жеке істелмесе, мәселен «бала жарысты, жау соғысты, балуан күресті». Бұған автордың дәлелі пайда болады: «Бала жалғыз жарысуға болмайды, біреумен

жарысады; Жау өзімен-өзі соғыспайды біреумен соғысады; Балуан өзімен - өзі күреспейді,біреумен күреседі»: «Осындай жеке істелмейтін екі жақтап істейтін істерді көрсететін сөздерді ортақ етіс» деп белгілейді. Дағдыландыруға қажетті кітаптан бір мақала алып, сонда ортақ етістерді көрсеткізу деген нұсқау беріледі.

«Өздік етіс дегеніміз- істеуші басқаға іскерлік ісін өзіне істесе, мәселен, «мен жуындым, сен тарандың, ол мақтанды» А. Байтұрсынұлының өздік етісі тіл білімінде қалыптасқан анықтамамен мағынасы бірдей десек артық болмас.

«Жудым» десе, басқаны жуған болар еді; «Жуындым» дегенде өзін жуған болады, яғни істі басқаға емес, өзіне істеген болады» деген түсініктеме еңбек бетінде орын алады.

«Тарадым» десе, басқаны тараған болар еді, «Тарандым» дегенде істі басқаға емес, өзіне істеген болады.

«Мақтадым» десе, басқаны мақтаған болар еді, «Мақталды» дегенде басқаны мақтаған болар еді. «Мақтанды» дегенде басқаны емес, өзін мақтаған болады.

«Жуындым», «Тарандым», «Мақтанды» деген сияқты басқаға істерлік істі өзіне істеуді көрсететін сөздерді өздік етіс деп, ойын нақтылай түседі.

Тіл білімінде кең тараған өзгелік етісіне қатысты анықтамада: өзгелік етіс-біреудің ісіне себепкер болуды, мәселен, «атты жүргізді, қойды өргізді, түйені тұрғызды» дегенде аттың жүруіне, қойдың өруіне, түйенің тұруына себепкер болғанды көрсетіледі» делінген. «Олар өздігінен істесе, ат жүрді, қой өрді, түйе тұрды болар еді», деп ойын нақтылайды.

«Жүргіздім», «Өргіздім», «Тұрғыздым» деген сияқты – біреудің ісіне себепкер істі көрсететін сөздерді өзгелік етіс деп берген.

Етістің түрлерін беру барысында тілші-ғалым А. Байтұрсынұлы әрі теориялық мәліметтерді, әрі тәжірибелік нұсқауды ұтымды ұштастырып отырады. Бұны еңбек бетіндегі дағдыландырулардан байқауға болады.

Беделді етіс-істі біреу арқылы істеуді көрсетеді. Мәселен, «хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды, кітап алдырды» дейміз.

«Жаздырды», «Айттырды», «Салдырды», «Алдырды» дегенде бәрі де біреу арқылы істеген іс болады. Осындай сөздерді автор беделді етіске жатқызады. Ырықсыз етіс-істелу ырықсыз істеушіден басқаға болған істі көрсетеді. Мәселен, «ат жегілді, қоян қуылды, қозы сойылды» дегенде ат ырықсыз жегіліп тұр, қоян ырықсыз қуылып тұр, қозы ырықсыз сойылып тұр.

«Жегілді», «Қуылды», «Сойылды» деген сияқты сөздерді ырықсыз етіс дей келе, бұл етістің ерекшеліктерін толық ашуға тырысады. Қазіргі тілде жоқ, ғалымның шығыс етісі - ортақ істі істеуге себепкер болады. Мәселен «балаларды күрестірдім, елді табыстырдым, екі жағын соғыстырдым». Сонда, ғалым «мен» есімдігімен етістің түрін толық ашады. «Күрестірдім», дегенде күресулеріне мен себепкер болғанмын; «Табыстырдым», дегенде табысуларына мен себепкер болғанмын; «Соғыстырдым», дегенде соғысуларына мен себепкер болғанмын.

«Күрестірдім», «Табыстырдым», «Соғыстырдым» деген сияқты сөздерді шығыс етіс дейміз.

Дүркінді етіс - қайта-қайта істелетін істі көрсетеді, мәселен «хат жазғыладым, мылтық атқыладым, қолынан жұлқыладым». «Жазғыладым», «Атқыладым», «Жұлқыладым» деген сияқты сөздерді дүркінді етіс деп, анықтайды.

Өсіңкі етіс-күшейген істі білдіреді деп, мысалдармен ойын дәлелдейді.

Мәселен, «ат жүріңкіреді, су тасынқырады, бала ұйықтанқырады». «Жүріңкіреді» дегенде жүру күшейгені көрінеді, «Тасынқырады», дегенде тасқын күшейгені көрінеді. «Ұйықтанқырады», дегенде ұйқы күшейгені көрінеді. «Жүріңкіреді», «Тасынқырады», «Ұйықтанқырады» деген сияқты сөздерді өсіңкі етіс деп, бұл етіс түрін келтіреді.

Тіл білімін зерттеу атасы, тілші А. Байтұрсыновтың етіс туралы берген деректемелері қазіргі кезде де етіс тақырыбын меңгеру барысында қолданыс тауып, етіске қатысты зерттеулерге тиісті үлес қосқаны – етіс теориясын құруға да өз ықпалын тигізеді.

Тіл жанашыры А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы, қазақ ана тілімізде алғаш зерттеуші ғалым екендігі баршамызға мәлім. Ғалымның ғылыми еңбектерінде етістік жайлы пікірлері, осыған қоса, грамматикалық категориялары жайлы тұжырымдамалары қазіргі таңда құнын жойған жоқ. А. Байтұрсынұлының етіске қатысты көзқарастары да назар аударарлықтай.

Сабақты етісті алатын болсақ, оның ерекшелігі - өтіп жатқан іске қосымша бір нәрсе сабақталуы істі білдіреді. Бұны дәлелдеуге еңбек авторы мынадай мысалдар келтіреді.

«Хат жаздым», деген сөйлемде жазу ісіне хат сабақталып тұр. Осы мысалдарға нақты назар аударатын болсақ, ғалымның тіліміздегі етістік сөз табының зат есіммен байланысын жан-жақты, терең лексикалық ұғым арқылы қарастырудың үлгісін байқадық.

А. Байтұрсынұлының берген анықтамасы бойынша: «нәрсе сабақталатын істі көрсететін сөздерді сабақты етіс», - деп білдіре келе, ең әуелі сөз тіркесіндегі етістіктің мағыналық жағына оқырман қауымын жетелейді.

Салт етіс туралы сөз еткенде, бұнда өткен іске сабақталып, байланып тұрған ешнәрсе болмаса ғана салт етіс деп, айтуға тура келеді. Салт етіске дәлелдеме ретінде бірнеше сөйлемдер беру арқылы, оның ерекшелігі көрсетілді-сабақсыз істі көрсететін сөздер салт етіске тән.

Сондағы іс-әрекетпен субъектінің арасында сабақталып тұрған ешнәрсе жоқ екендігін көруге болады.

Ортақ етіске А. Байтұрсынұлының анықтамасы әрі қысқа, әрі нақтылы берілген. Тілшінің пікірінше: «Ортақ етіс дейміз - іс жеке істелмес». Бұл анықтама бірнеше мысалдар келтіре отырып, дәлелденеді мәселен: «бала жарысты», «жау соғысты», әрі қарай өз ойын анығырақ көрсету үшін, тілші жоғарыдағы айтқандарға былайша түсініктеме береді: «бала жалғыз жарысуға болмайды», «жау өзімен өзі соғыспайды» деп, ортақ етіске толық сипаттама береді: «жеке істелмейтін, екі жақтап істейтін істерді көрсететін сөздерді ортақ етіс » деп, ортақ етістің ішкі мағынасын ашуға тырысады [37, 232 б.].

Берілген мәліметтердің тілді меңгерту жақтарын анықтай түсетін болсақ, мұнда озық ойлы тәжірибелі түйін жатыр, өйткені грамматика саласынан орын алған етістіктің етіс категориясын, оның ішінде ортақ түрін, сөз еткенде, ғылыми деректемелерді түсінікті, әртүрлі мысалдарды келтіру арқылы жеткізе біледі.

Ойымызды әрі қарай толығырақ айқындау үшін, етістің келесі өздік түрінің ерекшелігін ашуды жөн көрдік. Өздік етіске мынадай сипаттама берілген: «істеуші басқаға істерлік ісін өзіне істесе», мәселен: «қыз таранды, мен жуындым» т.б. сонда ғана өздік етіс айқын көрініс табады дей келе, ғалымның көзқарасын басшылыққа ала отырып, ойымызды жалғастыруға болады. Қазіргі уақыттың талабына байланысты, етістікті күрделі сөз табы екендігін біле тұра, етістіктің етіс категориясын тереңінен зерттеп мәнін ашу-қазақ тілін оқытуда ұлы ғалымның етісті меңгертуде ашқан әдіскерлік жолы, әрі білім беру тәжірибесіне қосқан үлесі деп қолдауымыз қажет.

А. Байтұрсынов өз талдауында етістіктің екі түрін салыстыру арқылы өздік етістің өзіне ғана тән ерекшеліктерін көрсетуімен қатар, оның мән-мағынасына да ерекше көңіл аударғанын төмендегі мысалдар тізбегі дәлелдейді: «жудым» десе, басқаны жуған болар еді, «жуындым» дегенде «өзін жуған болады, яғни істі басқаға емес, өзіне істеген болады», -дей отырып, ойын қорытындылай келе, мынадай анықтама береді: «жуындым», «таранды», «мақтанды» деген сияқты «басқаға істерлік істі» өзіне істеуді көрсететін сөздерді өздік етіс дейміз», - деген еді [37, 232 б.].

Ғылыми еңбек бетінде орын алған етіс туралы мәліметтер теориялық деректемелермен ғана шектелмейді, білім үрдісіндегі тәжірибеде тиісті орын алған шәкірттер білімін бекіту мен дағдыландыру әдіс-тәсілдері де қамтылған.

Өздік етіс жайлы теориялық мәліметтер соңында «Дағдыландыру» бөлімінде: «Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы өзіндік етістерді көрсеткізу» - мұғалім беретін тапсырмасы бар.

Бір сәттен көзге түсетіні – тілшінің шәкірттерге тапсырма беру тәртібі әрі жүйелілі, әрі тартымды, мұндағы жеңілден күрделілігі, анық, түсінікті орындау жолының болғаны – бұл да әдіскерлік шеберліктің айғағы. Өзгелік етіс түріне тоқтасақ, етіс түрінің грамматикалық табиғаты тиісті орын алып, басты ерекшелігі – біреудің ісіне себепкер болу, мәселен, «атты жүргізді, баланы оқытты» дегенде аттың жүруіне, баланың оқуына себептер болғанды көрсетіледі. Олар өздігінен істесе, «ат жүрді, бала оқыды» болар еді. «Жүргізді», «оқытты» деген қимыл-әрекетті білдіретін етістіктерде – біреудің ісіне себепкер істер көрсетіліп тұрғандықтан, ондай іс-әрекеттер өзгелік етіске жатады.

Берілген деректемелерді дағдыландыру арқылы бекіте отырып, тілші-ғалымның бағытын басшылыққа алу нәтижесінде, бұл етістің түрін нақты меңгеруге жол ашылады. Бастысы – өзгелік етістің басқа етістерге қарағанда, бұларды жасауындағы грамматикалық көрсеткіштер ретінде бірсыпыра жұрнақ түрлерінің қатысуы.

«Тіл құралы » еңбек авторы – Ахмет Байтұрсыновтың етіс жайлы аса қарқынды ғылыми көзқарасының дәлелі-беделді етістің түрін көрсетуінде

жатыр. Мұнда қазіргі қазақ тілі грамматикасындағы өзгелік етіс есебінде тұрған беделді етісті жеке етіс түріне шығаруы, тілшінің шығармашылық сыры етістердің көлемін кеңейтіп, терең қарастыруынан байқауға болады.

Беделді етіске берген анықтамасында, бұл етістегі істі біреу арқылы істеуді талап етеді деп, анықтай келе, көбінесе бұл етістің «-дыр,-дір,-тыр,-тір» жұрнақтары өзгелік етіс жұрнақтарынан жеке қолданылып, дағдыландыру жолдарымен беделді етістерге көрсетуде, бірнеше мысалдар келтіріп, ондағы барлық іс-әрекет біреу арқылы істелінген іс өзінің көрінісін табады деген тұжырымдама береді.

Етістің сан жағынан жетінші түрімен Ахмет Байтұрсынов ырықсыз етісті еңбегінде сөз етеді. Ырықсыз етіс туралы айтсақ, бұл етіс етістің көне түріне жатады, себебі Орхон-Енисей ескерткіштерінде олардың болғандығын белгілі ғалым А.С. Аманжоловтың зерттеулерінен көре аламыз.

А. Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» кітабының беттерінде де ырықсыз етістің басты ерекшелігі көрсетіліп, мынадай дәлелдеме арқылы сипаттамасы нақтылай түседі: «ырықсыз етіс дейміз-істелу ырқы істеушіден басқада болған істі» [50, 233 б.] Көрсететін етіс түрі деп, ғалым пікіріне қосылуға тура келеді.

Ырықсыз етіске тән сипаттаманы ашу барысында, тілші-ғалым бірнеше мысалдарды келтірумен қатар, тіл үйренушілерге дағдыландыру тапсырмаларын беру арқылы, оның басты ерекшеліктерін – қимыл-әрекет ырықсыз өтілетінін айқындай түседі.

Қазіргі грамматикада жоқ, бірақ А. Байтұрсынов еңбегінде орын алған шығыс, дүркінді, өсіңкі етістер туралы сөз болмақ. Тілші шығыс етісті ортақ етіс төңірегінен бөлек шығарып, оның жекеше ерекшеліктерін анықтауға бағытталып, тырысқан. Мұндағы басты мақсат – етістікке тән етіс категориясының табиғат ерекшеліктерін терең тұрғыдан зерттеп, жан-жақты қарастыру арқылы, шағын болса да, айырмашылықтарын тұжырымдамалар күйінде белгілеу.

Сөйтіп шығыс етісті, ғалымның пікірінше, «ортақ істі істеуге себепкер болуды» дейді. Өз ойын мынадай мысалдармен нақтылай түседі: «балаларды күрестірдім, елді табыстырдым» сонда «күрестірдім, табыстырдым» дегендерде бірінші жақтағы қимыл-әрекет иесі себепкер болғандығын көрсетеді. Бізше, ортақ пен шығыс етістің мағыналық ерекшеліктеріндегі бірізділік пен біркелкілік тұрғанымен, олардың арасында қайткенмен мәндік айырмашылықтар бар.

А. Байтұрсынұлының әр тілдік категорияны тереңінен зерттеу үлгісін, ең алдымен, тіл біліміне қосқан үлесі деп есептеуге болады.

Дүркін етісте қайта-қайта істелетін іс өз көрінісін табады. Бұндағы басты мәндік ерекшелік-бір іс бірнеше рет істелгенін білдіргендігінде, мысалы: «Мен оның қолынан жұлқыладым» деген сөйлемді алсақ, дүркінді етісте тұрған «жұлқыладым» етістіктің мағынасында істің бір рет емес, бірнеше рет болғаны байқалады.

А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы, қазақ тілін ана тілімізде алғаш зерттеуші ғалым. Тілші-ғалымның етістікке тән етіс

категориясы жайлы пікірлері қазіргі таңда құнын жойған жоқ, уақыт өткен сайын маңызы арта бермек.

Етіс төңірегіндегі ғалымның ғылыми көзқарасы – бұл мәселе туралы қарқынды ойдың даму үрдісін айқындай түседі.

Жоғарыда аталған етістің он шақты түрінде тілшінің берген анықтамасына сүйенсек, әр қайсысының басты ерекшеліктері аталады да, әр етістің мағынасы мен қызметі нақтыланып, етісті кең шеңберде қарастырудың жолын ашу деп қабылдауға тура келеді. Аталмыш етіс категориясына тілшінің терең ой жіберген ғалым екендігін қабылдай отырып, оның еңбектері күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Сайып келгенде, А. Байтұрсынұлы еңбектерін зерделеп, қазақ тілі құрылысына қайта үңілгенде тіл табиғатын, жүйесін неғұрлым айқын сезініп, терең тануға болады. Бұндай көзқарас етістікке тән етіс категориясын зерттеп, анықтау бағытына керекті жайт.

Тіл білімінің беделді өкілі А. Байтұрсынұлының есімі бүкіл ғылыми жұртшылыққа өзінің артынан қалдырған өшпес мұралармен белгілі.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігіреп ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген А. Байтұрсынұлы өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді.

Әлемге есімі кең тараған, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ғалымның мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі өнегесі-қазіргі жаңа заманға өте керек.

Ғалымның «Тіл құралы», «Тіл тағылымы» атты еңбектерін алатын болсақ, мұнда қазіргі тіліміздегі асыл мұра А. Байтұрсынұлының бұл мұрасы қайтадан халқының игілігіне айналды.

А. Байтұрсынұлы етіс категориясын, оның ерекшеліктерін, табиғатын ашуда жан-жақты талдаудың озық үлгісін көрсетеді. Алғашқы грамматикалардан бастап бұл категория арнайы зерттеу нысанына алынып, ғылыми негізде қарастырыла бастады.

Қазақ тіл білімінде етіс құрылымдық жағынан етістіктің грамматикалық категориясы ретінде қарастырылды. Функционалдық грамматикадан етіс функционалды-семантикалық категория болып табылады. Қазіргі таңда жалпы етіс теориясының тиісті дәрежеде зерттелгенімен, оның басқа тілдік бірліктермен байланысы тұрғысынан әлі күнге дейін терең және арнайы зерттелген емес.

Етіс негізінде тілдік категория – теориясы тұрғысынан қарастырып, табиғатын айқындауды қажет етеді.

Тарихқа көз салсақ, түркі тілдерінің бәрінде осы күнге дейін етіс категориясы іздену объектісіне айналған.

Сөйтіп, қазіргі түркі тілдерінде тұлғалық ерекшеліктері бар төрт дербес етіс ол кездерде де қай жағынан алып қараса да, қалыптасқан категория қатарында еді.

Қазіргі түркі тілдеріндегі, соның ішінде, қазақ тіліндегі де етіс категориясының форманттары іс-әрекет пен субъект және объект арасындағы өзара қарым – қатынасты білдірумен қатар сөз тудыру қабілетінде де түбірмен біте қайнасып, лексика мен грамматикаға тең телініп кеткен.

Етіс аффикстері қосылған түбірлер тек туынды түбір етістік деп алынып, олардың сөйлемдегі қызметі мен мәні сөз етілмеді.

Соның салдарынан етіс категориясының тілден алатын орны бүтіндей айқындалмады.

Қазақ тіліндегі етіс категориясы етістікке тән күрделі категориялардың біріне жатады. Түркі тілдердің зерттеу барысында етіс көне категориялардың бірі болып есептеледі де, Орхон-Енисей ескерткіштері мен М. Қашқари еңбектерінде нақты көрініс тауып, сөз етілген.

Етіс категориясының көнелілігі баса айтылып, тарихи ескерткіштердегі көрініс тапқанына назар аудару арқылы ескі мен қазіргіде сақталып келген жұрнақтары сөз етіліп, ғылыми тұрғыдан сипаттама бере, етіс теориясын шығаруға ықпалын тигізеді.

Белгілі тілші А. Байтұрсынұлының он шақты етіс түрін көрсеткендігін ескере келе, қазақ тіліндегі етістерді, негізінде: өздік, ырықсыз, ортақ, өзгелік деп бөліп, осы төртеуінің негізі ретінде сабақты етістіктерді негізгі етіс деп, етістің бірнеше аффикстері тізбектеле қосылған түрін, олардың өзіндік ерекшеліктеріне сай, «жалғамалы құрам» деп атайтын пікірімізді ұсынамыз.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

2.1 Етістің өзіндік сипаты, түрлері

Қазақ тілі қазіргі кезде халықтың қарым-қатынас тілі болып отыр. Сегіз миллионға жуығы елімізде, екі миллионнан аса адам шет жұртта. Қазір ұлттық санамыз бен мәдениетімізді көтеру үшін өз тілін өгейсітіп отырған қырық пайызға жуық халқымызды қатарға қосу. Әсіресе, тілші ұстаздардың міндеті деп білеміз. Қазақ тіліндегі етіс категориясына арналған тақырып осыған бағытталып отыр.

Тіл – табиғаттың адамға берген сыйы. Ал, бүгінгі тәрбие жұмысы нені негізіне алып отыр? Деген сұрақ туады. Қазіргі кездегі тәрбие жұмысы жеке адамды тәрбиелеуге, оның жақсы қасиеттерін дамытуға негізделуі керек. Қазақ тілінің дамуы да осыған байланысты. «Баланы жастан», - деген ұлағатты сөзді естен шығармауымыз керек. Аса көрнекті ақынымыз Қ. Мырзалиев айтқандай:

Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

Қазақ тілін дамыту барысында қиындықтар да кездесіп жатыр. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғаннан кейін, әлі де болса, қазіргі шақта бұл дәреженің айтарлықтай жұтан сезіліп отырғандығы да шындық.

Белгілі қазақ филологиясын зерттеушісі Аққал Қалыбаева - Хасенова өз еңбектерінде осы туралы былай айтқан: «Етістік деген тұтас ұғыммен оның түбірін айырып, ғылыми тұрғыдан шегін анықтап, дәлел деп, жүйелі түрде көрсету үстінде бұлардан басқа да толып жатқан ерекшеліктер мен қиыншылықтар, даулы мәселелер мен қайшылықтар кездеседі.

Соның бірі етістіктің етіс категориясы. Бұл категория жөнінде қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түрікмен, әзірбайжан, қырғыз, т.б. түркі тілдерінде арнайы зерттеліп жеке еңбектер, мақалалар жарияланып тюркологтар бас қосып, айтыс, жиналыстар өткізіп, белгілі топшылаулармен ғылыми қорытындылар жасап, әрі қарай зерттеуді керек ететін даулы мәселелердің бетін ашып алды» [45].

Етіс категориясының зерттеулеріндегі осындай жетістіктерге қарамай, қазақ тілі грамматикаларында бұл мәселе күңгірт қалып, өз орнын ала алмай келеді.

Ал XVIII ғасырдағы «Әдеби тілдің грамматикалық сипаты» деген бөлімінде: «18 ғасырда етістіктің етіс категориясын беруде өткен кездегіден және қазіргіден көп алшақтық жоқ», - дейді Рабиға Сыздықова [46, 7 б.].

Бірең-сараң сәтерде осы күнгі –қыз, -ғыз жұрнақтарымен келетін етіс тұлғасы –кер, -тір аффикстерімен қолданылған:

Шыны аяқпен іштірген,
Жомарттығын өткерген.

Рабиға Сыздықова етіс категориясының тарихын зерттеп айтса, «Қазақ тілі» кітабында бірнеше топ авторлар, олар: Н. Оралбаева, А. Әбілқаев, Ғ. Мадина, етіске қатысты мынадай мағлұмат береді.

«Қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің түрін етіс дейміз» [47, 9 б]. Мысалы: *Олар сөйлесті.*

Мұнда етіс қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіріп тұр. *Ол таранды* дегенде, етіс қимылдың объектісі мен субъектісінің бір зат екенін білдіреді.

Сонымен, етіс төрт түрлі:

- 1.өздік етіс
- 2.ырықсыз етіс
- 3.өзгелік етіс
- 4.ортақ етіс

Қимыл өздігінен жасалғандай болып көрінетін, қимыл иесі деп айтылса, ал қазақ тілін зерттеушісі Ахмеди Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» кітабында «Етістер» деген бөлімінде, 90 тарауында былай жазады: «Етістіктен етістік тудыратын, өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашалау

болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі, әдетте, етістіктер я етіс категориясы деп аталады» [48].

Етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшеленіп тұратын сипаттары мынадай: «ол онан жөн сұрады; ол онан жөн сұратты; онан жөн сұралды; олар бір-бірінен жөн сұрасты; ол өзі сұранды»-деген сөйлемдердегі етістік сұрады, сұрасты, сұратты, сұралды, сұранды формалардың соңдарындағы өткен шақтың қосымшасын -ды, -ты алып тастағаннан кейінгі сұра, сұрас, сұрат, сұрал, сұран етістіктерін бір-бірімен салыстырғанда, олар бір түбірден түбірлес негіздер екені айқындалады. Осы бес түрлі негіздің соңғы төртеуі «сұра»түбірінен тиісті жұрнақтар арқылы -с,-т,-л,-н туып, бір-бірінен ерекшеленіп тұр; осы формаларына қарай түпкі лексикалық мағынасы бір бола тұрса да, олардың семантикалық мәндерінде де бір-бірінен айырмашылық бар.

Сондай-ақ, «тасы, тасыс, тасын, тасыл, тасыт; жу, жуысм, жудыр, жуыл, жуын; айт, айтыс, айттыр, айтыл» тәрізді түбірлес етістіктерден де осы жүйе аңғарылады.

А. Ысқақовтың ойы бойынша: «Осы түбірлес етістіктердің қай-қайсысына болсын болымсыздық категориясының -ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе шартты рай категориясының -са,-се, өткен шақ категориясының -ды,-ді,-ты,-ті, есімшенің -ған,-атын,-ар,-мақ көсемшенің -ып,-іп,-п,-а,-е,-й,-ғалы және басқа солар сияқты етістік негіздеріне етістікке тән парадигмалық формалар тудыратын жұрнақтарды жалғай беруге болады» [48].

Зерттеуші мынадай мысалдар келтіреді: «тіктіріп, тіктіргелі, тіктірме, тіктірсе, тіктірген».

Сөйтіп, автордың қорытындысы бойынша: «Етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты, туынды етістік жасайтын қабілет барлығы айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады» [48].

Ендеше, дейді А. Ысқақов, бұл жағынан қарағанда, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады» [48].

Екіншіден, етіс категориясының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың әрекеттің субъектімен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті.

Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады. Оны дәлелдеу үшін жоғарыда келтірілген синтаксистік ерекшеліктерін талдап көруге болады. Ғалым А. Ысқақовтың талдауы бойынша, мысалы, «сұра» етістігі тек біреуден біреу бірдемені я бірдеме туралы жай сұрауды ғана білдірсе, екінші сөйлемдегі «сұрас» формасы амалға бір субъекті емес, кемі екі я онан да аса субъекті қатысатынын және жөн жосықты біреуі біреуінен ғана емес, бір-бірінен сұрасқанын білдіреді, сөйлемнің құрылысын өзгертеді.

Соның нәтижесінде сөйлемнің субъектілері бірнешеу болып, олар амалға ортақтас болғанын Алтын мен Қанат бір-бірінен жөн сұрасты аңғартады.

Үшінші сөйлемдегі «сұрат» формасының семантикасы алғашқы екі формадан *сұра*, *сұрас* да өзгешелеу, өйткені онан сұрат әрекетті жасаттырушы бір адам болса, жасаушы басқа бір бөгде адам екені білінеді, демек сөйлемнің грамматикалық бастауышы амалды жасаушының өзі емес, оны орындаттырушы адам болып көрінеді. Алтын Қанат арқылы жөн *сұратты*.

Төртінші, сөйлемдегі «сұрал» формасының семантикасы «сұра, сұрас, сұрат» деген үш формадан да басқашалау.

Бұдан /сұрал/ амал жасаушы субъекті де, жасаттырушы субъекті де тіпті көрінбейді: амалдық шарпуы тиетін объекті сөйлемнің грамматикалық субъектісі болып көрінеді/ ауданнан мәлімет сұралды.

Соңғы сөйлемдегі «сұран» формасынан амалды жүзеге асырушы адам субъекті сол амалдың әрі субъектісі, әрі объектісі болатындай мағына білінеді, демек амал субъектінің өзі үшін жұмсалатынын аңғарарлықтай мән беріледі.

Сонымен, А.Ысқақов: «Етіс категориясы деген амалдың істің субъекті мен объектіге қатысып, сондай-ақ, керісінше, субъекті мен объектінің амалға іске қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз», - деп, бұл формаларда сөз тудыру қабілеті де, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік құрылысын өзгерту қабілеті де болады. Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге де, арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерге де, күрделі етістіктердің түрлеріне де керісінше жалғана береді» [48].

Етістіктер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналары мен қызметтеріне қарай, төмендегідей бес түрге бөлінеді. Олар А. Ысқақовтың айтуынша: 1.негізгі етіс, 2.ортақ етіс, 3.өзгелік етіс, 4.ырықсыз етіс, 5. өздік етіс.

Қазақ ғылыми зерттеушілердің арасында да етіс категория түрлерінің саны да өзгеше. Бір топ ғалымдар, олар: Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқаев етіс категориясын төрт түрге бөліп көрсеткен:

1.өздік етіс, 2.ырықсыз етіс, 3.өзгелік етіс, 4.ортақ етіс.

Осыған қарағанда қазақ тіліндегі етіс категориясының топтау мен сандық жағы әлі де толық зерттелмеген. Қазақ тіліндегі етіс категориясының зерттелу тарихына қатысты зерттеулердің бірі – А.С. Аманжоловтың түркі тіл әлеміне қосқан үлесі туралы айтар едік, А. С. Аманжоловтың «Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктің меңгеру» атты ғылыми еңбегінде ырықсыз етіс каузатив етіс сияқты, қимыл-әрекеті грамматикалық объектімен жасалына отырып, грамматикалық субъектіге ауысуы арқылы болатындығы көрсетіледі.

Қазақ тіліндегі етіс категориясы туралы ең үлкен зерттеу еңбектердің бірі – белгілі қазақ филологы А. Қалыбаеваның «қазақ тіліндегі етіс категориясы» деген кітабы Алматыда 1951 жылы шыққан еді.

Зерттеуші тіл мамандарының етіс категориясы жайында айтылған пікірлеріне қысқаша шолу бере отырып, белгілі ғалым М.А. Қазембектің етістер жөніндегі пікірлерінен үзінділер келтіріп, одан мынадай қорытындылар шығарады. Біріншіден, «етіс» деген терминдік ұғымды дұрыс пайдаланбағандықтан, етістіктің болымсыз түрімен етісті ұштастырып қате айтқандығын, етістікке жататын атауларды «етіс» деп атамай, «етістік» деп бергендігін анықтайды.

Етіс категориясы туралы қазақ тілі грамматикаларының авторлары, әсіресе, етіс жұрнақтарының бір түбірде қабаттасып келуі жөніндегі дұрыс пікірлердің жоқтығын баса айтып, түркі тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің, етіс категориясын сөз еткенде, оның негізгі морфологиялық белгілерін көрсетумен қатар, «етіс» терминін дұрыс қолдана отырып, етісті:

- 1.өздік етіс
- 2.ырықсыз етіс
- 3.ортақ етіс
- 4.өзгелік етіс

төрт түрге бөліп қараған – П.М.Мелиоранский мен К.Боровков еді. Бұл тілші-ғалымдардың етіс жөніндегі пікірлері орта мектептерге арналған «Қазақ тілі грамматикаларына» негіз болып келіп, етіс жайлы мәліметтер Г. Беғалиев пен С. Сауранбаевтың «Қазақ тілі грамматикасы» және С. Кеңесбаев пен С.Жиенбаевтың «Қазақ тілі грамматикасы» атты еңбектерінің беттерінде орын алды. Қазақ тілінде етіс жөнінде жазылған еңбектер құндысының бірі-филология ғылымдарының докторы, профессор С. Кеңесбаев етіс категориясы жөнінде қазақ тілінде сабақты, салт, ырықсыз, өздік, ортақ, өзгелік етістердің бар екендігін көрсетіп, ең тұрақтысы сабақты етіс пен салт етіс деп, белгілей, өзгелерін осы етістердің түрлерінің бірі екендігін айқындайды.

А.Қалыбаева-Хасенова етістіктің салт жіне сабақты болып бөлінуін өз алдына күрделі мәселе екендігін белгілей отырып, етіс те өз алдына тиянақты дербес категория деп, бұл екеуінің бір-бірімен тығыз байланыста болатындығын көрсетеді, себебі етіс категориясы мен оның түр-түрге бөлінуін салт етістік пен сабақты етістіктің сөйлемде әртүрлі мағынада қолданылуынан пайда болатындығында жатыр деген пікір туындайды.

Біздің ойымызша, етісті қарастырғанда, филология ғылымдарының докторы, профессор С. Аманжоловтың етіске берген анықтамасы жоғарыда аты аталған авторлардың етіс категориясына деген көзқарастарынан өзгеше деуге болады. Бұл өзгешелікті А. Қалыбаева - Хасенова: автордың өз сөзімен келтіреді «кемі екі субъектінің қимылы қатыспаған етістік етіс қатарына қосылмайды... кейбіреулердің ойында жұрнақ жалғанған етістік түбірі түгелімен етіс болатын сияқты» [45]. Тілші С. Аманжолов етісті: өзгелік, ырықсыз және ортақ деп үш түрге бөледі де, етіс категориясына енетін өздік етіс пен етістіктің өсіңкі, дүркінді сияқты «вид» мағынасы бар түрлерін рай категориясына жатқызады. Барлық мәліметтерді ескере келіп, А. Қалыбаева-Хасенова мынадай қорытындыға келеді: «етіс категориясын мүмкінділігінше әр жақтан зерттеу қажет, етіс категориясын етістіктің тұлғалық ерекшеліктерінің негізгі бір саласы екендігін айқындап, жүйеге салумен ғана тыңбай, оның беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметінің ерекшеліктеріне де кеңінен тоқтау керек» [45].

А. Қалыбаеваның жазылған еңбегіне сүйене отырып, етіс категориясы туралы айтылмаған ой-пікірлерді айтуды жөн көрдік. Олар: етіс категориясының ерекшеліктерін морфологиялық және синтаксистік көлемінде зерттеп қарауымыз, себебі көркем туындымен танысу үстінде, әр шығарманың ішінде ой, сезім, қиял мен қимыл-әрекеттерді білдіретін сөздер етістік арқылы

беріледі, бірақ, әр қимыл-әрекеттің болуы, немесе жасалуы өзіне тән объект пен субъектіге сүйенеді, осының бәрі етіс категориясымен тығыз байланысты. Сонымен А. Қалыбаеваның айтуы бойынша, етістік субъектінің қимылын, амалын не күйін көрсету арқылы сабақты, немесе салт етістіктер тобына жатады-бұл етістіктің мағыналық қасиеті, ал сөйлемнің баяндауышы болып тұрғанда, белгілі жақ, шақ, рай және етіс категорияларында тұруы, оның негізгі морфологиялық ерекшеліктері болып есептелуімен бірге, синтаксистік қасиеті болып та саналады. Етіс категориясы қазақ тілі етістіктеріне тән қасиет екендігін тілші - ғалым А. Қалыбаева-Хасенова өз еңбегінде белгілеген.

Зерттеуші А. Қалыбаеваның мынадай пікірін келтіруге болады: «сабақты етістік пен салт етістік етіс категориясының пайда болуы мен қалыптасуына негіз болады» [45]. Сөйтіп, тілімізде қолданыла келе етіс категориясының өзі мағынасы жағынан салт етістікті сабақтыға, немесе сабақты етістікті салт етістікке айналдырады, бұл жағдай етіс аффикстерінің жаңа сөздер тудыруда лексикалық қызмет атқарып, жаңа етістіктер тудырып, тіліміздің негізгі сөздік құрамын байытуда аса маңызды орын алған грамматикалық категория. Етіс пен сабақты және салт етістіктердің арасындағы байланыстар мен ерекшеліктерді, оларды бір шеңберде қарамай, өз алдарына бөліп, жеке мәселе етіп қарауды керек етеді.

Етістіктің өзара тығыз байланыста болатын категориялары, олар: «сабақты етістік пен салт етістік және етіс категориясы», - дейді А. Қалыбаева-Хасенова [45].

Етіс жайлы Алтай тілі грамматикасының авторлары, А. Архангельский мен П.М. Мелиоранскийдің құнды пікірлері қазіргі уақытқа дейін білім саласында пайдаланып келеді. Бұл жерде етіс категориясын беруде профессор С. Аманжоловтың рөлі ерекше. Өйткені етіс саласындағы басқа зерттеулерге Қарағанда, профессор С. Аманжолов, негізінен, жоғарыда айтқанымыздай, етістің үш түрін крсетеді. Бұлар осы күнге дейін тіл білімінде кеңінен қолданылып жатыр.

Осыған орай, тілші-ғалым С. Аманжоловтың етіс категориясын зерттеуіне қосқан үлесі туралы аса зор құрметпен айтуымыз керек, себебі қазіргі таңда С. Аманжоловтың қазақ тіліндегі етіс категориясын зерттеу еңбегі мектеп оқулықтарында ғана емес, жоғарғы оқу орындарының оқу құралдарында да, тиісті орнын тапты. Осыларды меңгере келе, етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғатын ашуда, бұл категорияны жан-жақты зерттеу бағыты туындап отыр. Етіс категориясының етістіктің тұлғалық ерекшеліктерінің негізгі бір саласы екендігін айқындай келе, жүйеге салумен ғана тыңбай, оның беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын функционалдық қызметі арқылы лексика-грамматикалық табиғатын ашуға тоқталуымыз бетбұрыс жасауымыз керек. С. Аманжоловтың зерттеулеріне сүйене отырып, «қазақ тіліндегі етіс-өз алдында белгілі мағыналық ерекшелігі мен тұлғалық көрсеткіштері бар, қалыптасқан синтаксистік категория, солай болса, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсетін ерекше қасиеті бар», - деген ойлар назар аударарлықтай [49].

Етіс жұрнақтарына байланысты С. Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» еңбегінің ерекше практикалық мәні бар.

Әсіресе, әр етіс жұрнақтарына келтірілген әдеби шығармалардан алынған мысалдар жоғары мектеп студенттеріне ғана емес оқытушылар, мектеп мұғалімдеріне де бұл салада етісті меңгеруге көп көмегін тигізеді.

Етіс категориясы жайында С. Аманжоловтың берілген мағлұматтарына тоқтауды жөн көрдік. Жоғарыда айтылғандай, зерттеушінің пікірінше, етіс үш түрлі. Біріншісі, өзгелік етіс, оның жұрнақтары да үш түрлі: -қыз, -ғыз, -кіз, -гіз -дыр, -дір, -тыр, -тір және -т.

Келесі ырықсыз етіс жұрнақтарын сөз еткенде,ғылыми зерттеуінде олар қазақ тілінде екі түрлі екенін айқындайды: -л, -ыл, -іл, -н, -ын, -ін.

Ырықсыз етістің ерекшелігін сипаттай келе, С.Аманжолов «ырықсыз етістің жұрнағы етістіктің бұйрық райына жалғанып, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді », - дейді [49, 50 б.].

Ырықсыз етістің қасиетін айқындауда мынадай ерекшеліктеріне сүйенуге тиіспіз;іс-әрекетін атқарушысы, қимыл иесі, арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, -л, -ыл, -іл түбірдің ішінде -л дыбысы болса, -н, -ын, -ін жұрнақтары арқылы жасалады. Сонда ғана ырықсыз екендігін анықтаймыз.

Ортақ етіс жұрнағын бір түрлі -ыс, -іс,-с деп белгілей келе, «бұлар етістік түбіріне жалғанып, табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулары керек қылады», - деген анықтамасын бірнеше мысалдар арқылы ортақ етіске тән ерекшеліктерін көрсетеді [49, 51 б.].

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тіліндегі етіс грамматикалық құрылыста әбден қалыптасқан, қызметі мен мағынасына сай, белгілі тұлғасына бар, етістіктің синтаксистік категориясының бірі.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарға қоса,тілші-ғалым А. Қалыбаева-Хасенова өз еңбегінде қазақ тілінің етіс категориясын жан-жақты зерттеуді талап етеді деп тауып,етіс категориясын етістіктің тұлғалық ерекшеліктерінің негізгі бір саласы екендігін айқындап,жүйеге салумен ғана шектелмей,оның беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметінің ерекшеліктеріне кеңінен тоқтауды баса айтады.

Етіс жайлы сөз еткенде,бұл категория төңірегінде біздің ойымызша, өзекті мәселелердің бірі- қазіргі уақытқа дейін етіс категориясына байланысты зерттеу еңбектерде оның синтаксистік нақты қызметі көрсетілген емес.

Ғылыми жұмыстың мақсатына сай, Ж. Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес») етіс категориясының функционалдық қызметін анықтауда етістердің барлық түрлерін қарастырып,оның морфологиялық,сөйлемдегі синтаксистік қызметіне ерекше тоқтау-етіске қатысты зерттеудің дұрыс ұстанымы.

Қазақ тілін зерттеуші ғалым Ахмеди Ысқақов етіс туралы «Қазіргі қазақ тілі »кітабында «Етістер» атты бөлімінде былай жазады: «етістіктен етістік тудыратын өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттарын басқалаушы болып келетін,бір алуан жұрнақтардың жүйесі,әдетте етістер я етіс категориясы деп аталады» [48]. Зерттеуші:етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын сипаттарын көрсетеді. Етістің формаларына қарай түпкі лексикалық мағынасы бір болып тұрса да оолардың

семантикалық мәндерінде бір-бірінен айырмашылық бар. А. Ысқақовтың ойынша: «Осы түбірлес етістіктердің қай-қайсысына болсын, болымсыздық» категориясының «-ма, -ме, ба, -бе, -па, -пе», шартты рай категориясынан /-са, -се/, өткен шақтың категориясының /-ды, -ді, ты, -ті/, есімшенің /-ған, -атын, -ар-мақ/, көсемшенің /-ып, іп, -п, -а, -е, й, -ғалы/» және басқа солар сияқты етістік негіздеріне, етістікке тән, парадигмалық формалар тудыратын жұрнақтарды жалғай беруге болады» [48]

Қазақ ғылыми зерттеушілердің арасында да етіс категориясы түрлерінің саны да өзгеше. Бір топ ғалымдар олар: Н. Оралбаева, Г. Мадина, А. Әбілқаев етіс категориясын төрт түрге бөлінгенін көрсетсе, А. Қалыбаеваның айтуы бойынша, етістік субъектінің қимылын, амалын, не күйін көрсету арқылы сабақты, немесе салт етістіктер тобына жатады- бұл етістіктің мағыналық қасиеті, ал сөйлемнің баяндауышы болып тұрғанда, белгілі жақ, шақ рай және етіс категорияларында тұруы-оның негізгі морфологиялық ерекшеліктері болып есептелуімен бірге, синтаксистік қасиеті басым болып саналады.

Осы мәселе туралы университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультетінің студенттеріне арналған еңбекте «Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары тіркесімі, сөздегі орны» бөлімінің 21 бетінде былай айтылған: «Негізінде, етіс жұрнағы басқа категория көрсеткіштерінің алдынан келген.

Бұл етіс жұрнақтарының түбір етістікке тікелей, бірінші болып тіркесетінін көрсетеді» [45]. Етіс туралы өз еңбегінде А. Қалыбаева-Хасенова тізбектеле қосылған етіс аффикстерінің жасалуы мен мағыналарын қарастырады. Олар мынадай тізбектеме түрінде беріледі, мысалы: өздік етіс тек сабақты етістіктерден жасалады. Өзгелік етіс аффиксі қосылу арқылы салт етістіктен сабақтыға айналған түбірлерге -ыл, -іл аффиксі қосылу арқылы салт етістіктен сабақтыға айналған түбірлерге -ыл, -іл аффиксі қосылып, ырықсыз етіс болып қолданылады. Сондықтан өздік етіс бастапқысында мағынасы болған етістіктерді өздік етіс аффиксімен түрлендіріп, өздік етіс мағынасында бір-ақ жұмсалады. Сөйтіп, өздік етіс мағынасындағы етістіктердің үстіне өзгелік етіс, ортақ етіс және ырықсыз аффикстері қосыла алады. Түбірден соңғы бірінші орында, зерттеушінің көрсетуі бойынша, өздік етіс, екінші орында не өзгелік етіс, не ортақ етіс аффикстері, ең соңында ырықсыз етіс аффиксі жалғанады.

Етістердің осындай күрделі түрлеріне қатысты, төмендегідей ереже нұсқауын шығаруға болады. Етістік түбіріне қосылған өзгелік етіс аффикстерінің үстіне ортақ етіс пен өзгелік етіс аффикстері жалғана береді. Бір түбірде өзгелік етістің екі, одан да артық аффикстерін қатар қосуға болады. Бірақ екеуден артық қолдану тілдің нормалық қалпы емес.

Тілімізде орын тапқан үлгілері бойынша, бірнеше етіс аффикстерінің саны артуымен түбірге қосылған қимылға байланысты, қатысушылардың да саны артты. Сөйлем құрылысы мен мағыналары теңдік сақтап, мазмұны айқын ашылады.

Етістіктер сөзжасамын жан-жақты қарастырудың нәтижесінде етіс категориясының анық сипаттамасы орын алып, бұл категорияның қазіргі

қазақ тілінде нақтыланған сандық жағы көңіл аударлықтай,себебі бұндай көзқарас бүгінгі таңда мектеп тәжірибесі болсын, жоғарғы оқу орнында бекітіліп, көптеген ғалымдардың қолдауында жүр. Мәселен, септік жалғауының атау септік деген тәрізді жалғаусыз сөздер тобын құрайтындар негізге алынса,сол сияқты осыған дейін баяндалған түбір етістіктер негіз етіс деп аталады.Олардан туындағандар,яғни етіс жұрнақтары төрт топқа бөлінетіндігін байқаймыз. Олар:

- 1) өздік етіс жұрнақтары: -н,-ын,-ін
- 2) ырықсыз етіс: -л,-ыл,-іл
- 3) ортақ етіс:+оның, көмектес етіс түрі:-с,-ыс,-іс
- 4) өзгелік етіс жұрнақтары- көп және әр қилы.

Жоғарыдағы айтылғандарды түйіндей келе,етістік түбірлерінде осы төртеуінің белгілі жұрнақтары болуының логикалық астары және грамматикалық көрініс табуы тұтаса байланысады.Етістіктердегі етіс аффикстері мағыналық та,тұлғалық сипаттамаға ие. Мысалы: айт+ыс, сөйле-с т.б.-с,-ыс,-іс жұрнақтары, бұрын да сөз етілгендей,көп субъекті, ең азы екі адам арасындағы ортақ іс, амалды білдіреді. Өздік пен ырықсыз етістер әрқайсысы дара категория бола тұра,грамматикалық құрылымы, кейде жұрнақтары ауысып,немесе бірдей болып кететін тілдік деректері де бар.

Мынадай мысалдарда:

- а) бала жуынды- өздік етіс
- ә) еден жуылды- ырықсыз етіс

Жалпы,туынды түбір етістіктер осы екі етіспен қызметтерін атқарады, жұрнақты түрлері- бірдей. Өздік пен ырықсыз етістің айырмашылықтарын көрсететін болсақ, өздік етісте: бастауыш – әрі субъект,әрі объект.

Ырықсыз етісте: бастауыш- қимылдың объектісі. Іс-әрекеттің иесі (субъект) мұнда жоқ. Көбінесе негіз болып тұрған етістіктер, мысалы: жу, тазала- сабақтылар. Жалпы, өтілетін іс-әрекетте субъекті қимылы объекті арқылы жүзеге асады. Бұған қарағанда,өзгелік етістің ерекшелігі бөлек. Өзгелік етістің қолданылу аясы кең, себебі сабақты, салт етістік те өзгелік етіс болып қолданыла алады, оның жұрнақ түрлері де басым. Бұл етісті синтаксис саласымен байланыстыра қарасақ, өзгелік етісте логикалық: субъект,обект, предикат дегендермен бірге грамматикалық осы етістегі баяндауыш,яғни сөйлемде: оның бастауышы, тура және жанама толықтауыш сияқты сөйлем мүшелері орын алады. Өзгелік етісті сөз еткенде, мұндағы ерекшелік - салт етістіктердің сабақтыға айналуы. Сөйлемде көбінесе сабақты етістік баяндауыш қалпына түседі.

Түбір етістікке күрделі жұрнақтар туралы сөз етілгенде, баяғыдан қолданылып келе жатқан етістік негізгі туынды түбір етістіктердің ішінде жұрнақтарының құрамы күрделі болып келетіндері аз кездеспейді. Бұлардың көбі жұрнақтары дыбыстық қысқаруға ұшырап, ілімінде морфенемалық сипаты өзгерген, тіпті екі жұрнақ ажырамастай бүтіндік түр алған болып та кездеседі, мысалы: тіс-те-ле,қу-да-ла, және т.б. Етіс жұрнағына келетін болсақ,мұнда етіс жұрнақтары басқа жұрнақтардан соңқосылады,- деп тиянақталғанымен:

сұра-н-шақ-та-н, тартын-шақтан жұрнағы түбірде екі рет қосылып тұр. Етіс жұрнағының айқын көрінісі етістіктегі белгілі қимылдың асуы, бұған субъекті немесе бірнеше субъектінің нақты ашылып, үлкен рөл атқарады.

Мысал ретінде, өзгелік етісті алсақ, өзгелік етісте бастысы- іс-әрекеттің жүзеге асырылуы-өзге субъектінің, мәселен: «әжесі немересіне шай іш-кізіп, нан же-гіз-ді», - деген жағдайдағы іс-әрекетке айналғанын білдіреді.

Өзгелік етісті ілкі субъектінің жанама толықтауыш түрінде грамматикалық көрініс тауып, (немересіне), бастауыш болып тұрған (әжесі) белсенді субъектінің ырқына түсуіне ауысатын мағыналық ерекшелік пайда болады. Сөйтіп, объектілі іс-әрекеттің жүзеге асырылуы-екі субъектіге тікелей қатысты. Тілімізде өзгелік етістің жұрнақтары сан-алуан, олардың өздері жалаң және күрделенген түрлерге бөлінеді. Жалпы өзгелік етіс жұрнақтар ішінде өнімділері: -дыр, -ғыз, -т олардың күрделенген түрлері; -дыр, +т, -ғыз+дыр тағы басқалар, сонымен қоса: өнімсіздері, яғни белгілі түбірлермен ғана қосылып қолданылып жүргендерін, түбір мен жұрнақ тұтасып қалыптасқандарын атап кетуге болады (көр-сет, ау-дар, аз-ғыр, там-ыз).

Жоғарыдағы айтылғандардағы меңгере отырып, өзгелік етіс туралы сөз етілгенде, біз түбірлер мен өзгелік етіс жұрнақтарының тұтаса қолданылып, олар тудырған туынды түбір етістіктердің тарихи көнелілігін көрсетуге тырысамыз. Осыған көптеген тілдік фактілер: оян-оят, уан-уат, жұбан- жұбат тәріздері дәлел. Өзгелік етіске қатысты мынадай мысалдарды: «от жа-н-ды» дегенмен «от-ты жа-қ-ты» деген өлі түбірлестердің соңғы жақ түрі- өзгелік етіс мәнді, яғни «жа-н» салт етістігі «жақ-ты» дегенде сабақтыға айналады.

Келтірілген мысалдар арқылы етістің синтаксиспен байланымын аңғаруға болады. Төмендегі сөйлемдердегі: «отты-шамды жағушы адам (субъект бастауыш), жа-н-атын – от, шам (логикалық субъекті) тура толықтауыш дей келе, күрделене қосылған етіс жұрнақты арқылы туынды түбір етістіктерді атауға болады. Қазақ тілі грамматикасында орнығып, қазіргі кезде білім беру үрдісінде баяндалатын етіс жұрнақтарына ие етістіктің төрт етіс түрлеріндегі туынды түбір етістіктің іске асу-аспауындағы негізгі себепкер, яғни белсенді субъекті белгілі іс-әрекетке қатысса болды, ол туынды түбірлер, одан әрі тағы да тиісті етіс жұрнақтары үстеленіп сөйлем ішіндегі етістік тіркестері де сәйкестене тілге тиек болады. Мұндай дайын күрделенген етіс жұрнақты үлгілер негізінен мына төмендегілерді көрсетуге болады:

1. өздік+өзгелік: -індір (ки-ін-дір), -лт (бүг-іл-т-ті);
2. ырықсыз+өзгелік немесе өзгелік+ ырықсыз: төг-іл-т (төгіліп жыр толғайтын), жа-ғ-ыл (шамдар жағылсын);
3. ортақ+өзгелік: тату-лас тыр;
4. өздік+ортақ: түс-ін-іс;
5. өзгелік+ өзгелік: көр-сет-кіз.

Тілімізде өзгелік етіс жұрнақтарының екі-үшке дейін болып үстелене қосылып қолданылуы мүмкін:

а) ауылдан көмек алдыртпаймын, -дегенде І жақтағы субъектінің өзінен басқа да қолдаушысы бары байқалады;

ә) бұл құжатты ол ешкімге бергіздіртпейді-дегенде өзгелік етісті сөйлем болуы ықтимал.

Өзгеліктің бірнеше жұрнағы қосылған жағдайда, қаншама адам (субъектілер) араға түскен-деген логикалық ұғым туады, соның нәтижесінде жұрнақтарда көбейе түседі. Етіс жайлы жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, түбір етістікке бірнеше етіс түрлерінің қосылуы қазақ тіліне тән құбылыс, бұл арқылы қимыл-әрекетті білдіретін етістіктің мағыналық жағынан байлығы мен жан-жақтылығы көрініс табады, іс жүзінде нақты қолданысқа ие болып есептеледі. Бастысы қазақ тіліндегі етіс категориясын жан-жақты зерттеу жолында осы категориямен байланысты көптеген деректемелерге назар аударуды жөн көрдік. Етіс туралы сөз еткенде, баршамызды қызықтыратыны, бұның тек қана қазақ тілі емес, басқа да тілдердегі грамматика саласынан ерекше орын алғандығында жатыр.

Көптеген шетел тілдерінің өзінде-ақ етістің өзіндік көрсеткіштері бар: бір жағынан, етістің түрін білдіретін жұрнақтар болса, екінші жағынан, олардың модальдік ерекшеліктері. Қазақ пен орыс тілдеріндегі ырықсыз етісті салыстырғанда, бұл тілдерде ырықсыз етістің мағыналық ерекшеліктері бірдей болғанымен, қимыл-әрекеттің иегері жоқ, әрекет тек қана объектіге бағытталған. Бірнеше еуропа тілдерін қарастыру нәтижесінде келесі тұжырымдамаларды айтуға болады: біріншіден, етіс категориясын сөз еткенде, бұл категория құрамына модальдік форма түрін ендіру керекті, себебі оларды есепке алмай, етісті сипаттау қиындыққа түседі; екінші жағынан, етістің типологиялық зерттеу бұның басқа шетелқұрылымдық тілдер жақтарынан әсер тигізуі оңайға түсетін морфологиялық категория екендігін дәлелдейді.

1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасында» көрсетілгендей, істің басқа біреу арқылы істелгенін көрсететін етістіктің түрі өзгелік етіс деп аталады» [54, 115 б]. 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» «істің жеке субъекті арқылы істелмей субъекті арқылы істелгендігін, я істелгендігін білдіретін етістіктің түрі өзгелік етіс деп аталады» [55, 295 б.] деген анықтамаларға сүйеніп, салт етістіктен жасалған сабақты етістікті өзгелік етіс категориясының жатқызу дұрыс емес деп санайды. Сондықтан салт етістіктен өзгелік етіс жұрнақтары арқылы жасалған етістік тұлғасын «ауыспалы сабақты етістік» деп қарайды. Демек, бұлардың үстіне өзгелік етіс жұрнағы жалғанғанда барып өзгелік етіс мағынасы пайда болады. Мысалы, «өш-өшір-өшірт, яғни «шамды сен өшір: шамды сен оған өшірт». Алғашқыда қимыл иесі субъект болса, кейінгіде, ол екінші субъектінің әрекетіне көшеді. Ғалымның осы тұжырымы 2002 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасында» да көрініс тапқан. [39, 510 б].

Салт етістіктің сабақты етістікке, сабақты етістіктің салт етістікке айналуы тілдік құбылыс. Қазақ тіліндегі өздік, ырықсыз, өзгелік етіс жұрнақтарының басты қызметі сабақты етістікті салт етістікке, салт етістікті сабақты етістікке айналдыру деп көреміз. Сабақты етістіктен жасалған өздік және ырықсыз етіс тұлғасындағы салт етістіктің бойынан морфологияға да, синтаксиске де қатысты болып келетін екі жақты сипатын байқауға болады.

Өздік және ырықсыз етіс тұлғаларының синтаксиске қатысы жағынан - бұлар салт етістікке айналып, сөйлемде табыс септігінен болған тура толықтауышты меңгермейді, керек етпейді дейді.

Сөйтіп, өздік, ырықсыз етіс жұрнақтарының басты қызметі- сабақты етістікті салт етістікке айналдыру деп қарайды да, ал оның өздік, ырықсыздық мағынасы сол салт етістік формасынан шығатын логикалық мағынасын екінші орынға қояды. Кейбір өздік, ырықсыз етіс тұлғасындағы салт етістіктердің өздік, ырықсыз етіске берілген анықтамаға сай еместігін айтады. Мысалы, «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшерасы» (Абай). «Көз ұшында мұнартып ағаш көрінеді. Жол екіге бұрылды. Бала тайып жығылды» деген сөйлемдердегі өздік және ырықсыз етіс тұлғасындағы былғанса, көрінеді, «бұрылды, жығылды» етістіктерінің ешқандай өздік және ырықсыз етіс мағынасының білдірмейтіндігін дәлелдейді. Шынымен – ақ, «-н, -л» жұрнақтары арқылы жасалған салт етістіктердің ішкі логикалық мағынасы, яғни өздік және ырықсыздық мағына білдіруі де жүйелі түрде емес. [34, 45-46 Б.]

Қазақ тілінің етіс категориясын арнайы зерттеген ғалым А. Қалыбаеваның еңбегін атап өткім келеді. Ол етіс қосымшаларын сөз тудырушы жұрнақтар деп анықтайды.

Қазақ тіл білімі жағынан жазылған еңбектерінің саны мен сапасы жағынан да, түркологияға қосқан іргелі үлес жағынан да сүбелі табыстарға жетсе, ол үшін оның іргетасын қаласқан, тақыр жерге күмбез орнатқан көш бұйдагерлері А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанов, Досмұхамедұлы, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, С. Аманжолов тәрізді ірі ғалымдарға қарыздар. Осы буын біздің рухани ұстазымыз болды.

Етістің өзіндік табиғатын ашу барысында, ең әуелі, бұл категория төңірегінде зерттеуші - ғалымдардың айтылған пікірлерін, етіс жайлы берілген анықтамаларын келтіруге бағыт алдық.

Етіс аталмыш ғылыми жұмыс тақырыбының негізі болғандықтан, оның жан-жақты қарастыратын анықтамалық сипаттамасы тіл теориясында назар тартарлықтай. Сөйтіп, етіс «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында етіс төмен дегішей беріледі: «етіс – қимылдың объект пен субъектіге қатынасын білдіретін, етістің туынды түрі». Мысалы: «келіс», «келтір», «келтірілсін», «келтірілді», «жаздыр», «жазыл», «жаздырт», «жазыс».

Етіс жұрнағын қабылдаған етістіктің бәрі сөздіктерде реестр сөз ретінде беріледі, яғни олардың туынды сөз екені танылған. Етістің категория болып саналуы оның ортақ жалпы мағынасына және ол мағынаның ішкі ерекшелігі мен оны білдіретін көрсеткіштері барына байланысты.

Етістің мынадай түрлері бар: 1) негізгі етіс; 2) ортақ етіс; 3) өзгелік етіс, 4) ырықсыз етіс; 5) өздік етіс [56, 443-444 Б.].

Етіске қатысты ғалым А. Ысқақовтың төмендегі пікірін келтіруді жөн көрдік: «... етіс категориясының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың (әрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті.

Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады. Сонымен, етіс категориясы деп амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ керісінше, субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалардың жүйесін атаймыз» [9, 296 – 297 Б.].

Белгілі тілші Н. Оралбаева да өзінің ғылыми еңбектерінде етісті сөз еткен. Н. Оралбаеваның пікірінше: «Етіс – етістіктің бір категориясы, оның көрсеткіш-тері сөзге басқа категориялардың көрсеткіштерінен бұрын жалғанады, яғни аналитикалық форманттардың бәрі де етістікке етіс жұрнақтарынан кейін ғана тіркеседі» [57, 121 б.].

Етісті төрт түрге бөліп, «Қазақ тілі грамматикасының» 1942 жылы жарық көрген I бөлімінде С. Кеңесбаев пен С. Жиенбаев қарастырған болса [58, 143б.], ал «Қазақ тілі грамматикасының» 1969 жылы шыққан I бөлімінде бірқатар тілші- ғалымдар: I Кеңесбаев, А.Ысқақов, К.Аханов етіске мынадай анықтама береді:

«Іс істеуші адамға немесе іспен байланысты затқа іс- әрекеттің қарым- қатысын білдіретін етістіктің түрі етіс деп аталады» [59, 133 б.].

Бұнда да етіс төрт түрлі болып көрсетіледі, олар:өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

Етіс категориясын тарихи тұрғыдан зерттеген белгілі ғалымдардың бірі - М. Томанов. Ғалым М. Қашқари сөздігінен етіске қатысты деректемелерді жинақтай отырып, «етіс категориясының арнаулы аффикстермен берілуі түркі тілдері тарихында әсте жаңа құбылыс емес».

Етісті сөз еткенде, көптеген тарихи мәліметтерді мұқият қарастыруға тырысамыз. Ертеден-ақ бұл тілдік категория қандай күйде болды, қазіргі жағдайға келудің сыр-сипаты неде деген сұрақтар етіске де қатысты. Тарихи деректемелерден етіс туралы ең бірінші түркітанушы ғалым М. Қашқари айтып

кеткендігі – оның әйгілі «Диуани лұғат ит- түрік» түрік сөздігінен байқауға болады.

Етіс етістікке тән категория деп танығандығы - бірсыпыра етістік сөз табына арналған бөлімдерден жинақтау жұмысын атқардық.

Етістік «көрініс беру» мағынасында, яғни бір істі істеп жатқандай көрінетін мәнде келсе, ол салт етістік болады. Ортақтық мағынасы болмайды. Бұл жерде «өз» сөзі айтылмаса да, салт етістік сол мағынаны білдіре береді, ортақсыздық, жекедаралық мағынаны аңдатады. Сипат толымды шығады.

«Етіс категориясы (М Қашқаридың сөздігі бойынша XI ғ.) атты оқу құралы жас маман М. Жүнісованың авторлығымен шыққан екендігін есепке ала отырып, біз де етіс табиғатын сипаттауға, түрік сөздігінің беттеріне назар аударарлықтай болдық. Байқағанымыз - адал еңбек етіп,еңбегімен сөздік жасаушы автор –М. Қашқари, таң қаларлықтай әр сөзді жинақтау үстінде, сөз құдыретін құрметтей келе, жан-жақты қарастыру арқылы оқырманға мән-мағынасын жеткізе білгендігі – тілшілер қауымына үлгі.

1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» оқулығына сүйенетін болсақ, мұнда етіс мағынасы мен тұлғасына қарай төртке бөліген және де ол – түбір етістіктен туатын грамматикалық форма деп көрсетілген.

Оқулық бетінде етістің төрт түріне толық анықтамалық сипаттама берілумен бірге сабақты етістіктің салт етістікке айналуы етіс категориясымен байланыса көрсетіледі.

Сонымен, қазақ тілінде өздік, ырықсыз және өзгелік етіс жұрнақтарының басты қызметі сабақты етістікті салт етістікке, салт етістікті сабақты етістікке айналдыру болып саналатындығы баса айтылады [62, 295 б.].

«Етіс - етістіктің ерекше категориясы. Әдетте етіс қимыл, әс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық-синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады» деп көрсетілген [64, 507 б.].

Етіске қатысты ғылыми анықтамалар санын әлі де жалғастыруға болар еді. Келтірілген етіс ережелерін салыстыратын болсақ, анықтамалық пікірлер арасында бірізділіктің жоқтығы бірден көзге түседі. Мысалы, тілші-ғалымдар Ш. Бектұров пен М. Серғалиев етіс жайлы төмендегідей өзіндік ойларын көрсетеді; «Сөйтіп, етістіктің істеушіге (субъектіге) және істелетін затқа (объектіге) қатынасына байланысты мағыналық және тұлғалық жақтан құбылуын етіс дейміз» [65, 110-111 Б.].

Қазіргі кездегі жоғарғы оқу орындарында арналған «Қазақ тілі» анықтамалығында: «Етіс – қимылдың, іс- әрекеттің орындаушыға, қимыл иесі мен тура істелетін іске қатысып білдіру үшін етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар арқылы жасалатын етістіктің түрі. Яғни етістіктен етістік тудыратын жұрнақтардың жүйесі етістер я етіс категориясы деп аталады» деген мәліметті келтіруге болады [66, 49 б.]. Бұл оқулықта етістер жұрнақтарының түрлеріне қарай бес түрге бөлінеді.

Негізінен, келтірілген анықтамалық деректемелерінен етіс етістіктің категориясы бола тұра, іс- әрекетпен субъекті және объекті арасындағы қарым-қатынасты білдіретіндігімен етістіктің басқа категорияларынан ерекшеленеді.

Жоғарыда сөз етілген Ы. Мамановтың көзқарасы бойынша етістің өздік пен ырықсыз түрінің сипаттамасына қоса, басқа да өзгелік пен ортақ түрін айтпас бұрын, жалпы, тарихи мәліметтерге сүйене отырып, етіске тікелей қатысты жұрнақ пен жалғаудың ара-жігін ашуды жөн көрдік. Демек жұрнақ пен жалғаудың сөзжасам мен морфология саласындағы атқаратын рөлін баса айтуға тура келді.

Еліміздің көркейгенін, дамып келе жатқан елдер қатарына, дамыған елдер тобына қосылғанын қаламайтын қазақстандық жоқ шығар. Осы арманның жүзеге асуына қажетті факторлар өте көп. Солардың ең бастысы-ғылым. Ал ғылымның үлкен бір саласы – тіл білімі. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты қоғамдық өмірдің көптеген саласында өрісінің кеңейіп, жан-жақты атқарар қызметінің өсе түскені белгілі. Ос ыретте тілдің дамып, өркендеу барысында оның даму заңдылықтарын арнайы қарастырудың мәні зор. Бұл даму заңдылықтарын тіл білімінің әр саласынан көруге болады. Бізге белгілі, қазақ тіл білімі фонетика, лексика, сөзжасам, грамматика атты үлкен салалардан тұрады. Грамматиканың өзі морфология және синтаксис деген қабатқа жіктеледі. Тіліміздің даму заңдылығына сәйкес қазақ тілі білімінде сөзжасам атты үлкен сала өрендеу үстінде екені белгілі.

Сөзжасам 1991 жылы жоғары оқу орындарының оқу жоспарына кіріп, содан бері қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бөлімінің студенттеріне жеке пән ретінде оқытылып келеді.

Бұл пәннің оқу жоспарына қосылуы сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы ретінде танылуына байланысты. Сөзжасам жеке сала болып танылмаған кезде, ол морфология саласына жатқызылып, морфология курсымен бірге оқытылып келді. Бірақ морфология құрамында сөзжасам мәселелерінің тек сөз таптарының сөзжасамы ғана қамтылды.

Қазақ тілі бай тілдердің біріне жататыны сөзсіз. Тілдің лексикасының үздіксіз дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттігі туады. Осы қажеттілікті өтеу үшін, сөзжасам арқылы жаңа сөздер жасалады. Сондықтан тілдің сөздік құрамының баюына негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады.

Өйткені қазақ тілінің қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол тілде жаңа сөздер жасауды қамтамасыз етеді.

Сөзжасамдық жұрнақтардың тілдегі қызметі - әр кезеңде түрліше дәрежеде болуы-жиі кездесетін құбылыс. Бір кезеңде актив қызмет атқарған жұрнақтар, келесі бір кезеңде пассивтенуі мүмкін. Кейде өлі, өнімсіз жұрнақтардың қызметі күшейіп, өнімділігі артуы да кездеседі. Ал, бізше, етіс жұрнағының өнімділігі уақыт өткен сайын артпаса, кеміген жоқ.

Құрылымы мен құрамы жағынан жұрнақтар арқылы жалаң жұрнақтар және құранды жұрнақтар болып, екі салаға бөлінеді. Жалаң жұрнақтар деп мағына жағынан да, форма жағынан да бөлшектенбейтін бір бұтін тұлғалы жұрнақты айтамыз. Етіс жұрнағы мағына жағынан да, тұлға жағынан да бір тұтас жұрнақ болып табылады.

Сөз етіп отырған етіс жұрнағының табиғаты да ерекше болып табылады. Жұрнақтардың ішінде дыбысталуы (айтылуы) мен таңбалануы (жазылуы) бірдей болғанымен, негізгі мағыналары да бір-бірімен байланыспайтын, ұштаспайтын тіпті басқа-басқа бір алуан жұрнақтар бар. Ондайлар омоним жұрнақтар деп аталады. Мұндай омоним жұрнақтарды полисемиялық жұрнақтардан ажырата білу қажет және олар бөлек-бөлек категориялар ретінде жеке-жеке қаралуы керек. Мысалы «Ауылға хабар жіберілінші» сөйлемдегі «жіберілінші» формасындағы –ші қосымшасы етістіктің түр-түріне тілену, жалыну мағынасын жамап тұрса; барғызмақ-шы, келдірмек-ші, дегендерде –шы, -ші жұрнағы мақсаттың тиянақты түрде жүзеге асырылатындығына көзді жеткізе түсетін мағына үстейді. Сөйтіп, бұл мысалдардағы -шы, -ші жұрнағының етіс жұрнақтарымен ұштасу арқылы мағыналары көп екенін көруге болады.

Сөйтіп, бір алуан сөздерге жаппай жалғана беретін жұрнақтарды тірі жұрнақ дейміз де, бірді-екілі сөзге ғана жалғанып, орнығып, қалыптасып қалған жұрнақтарды өлі я көне жұрнақтар дейміз.

2.2 Ж. Аймауытовтың шығармаларын талдай отырып етістің функционалдық тұрғыдан ерекшеліктерін белгілеу

Функционалды грамматика белгілі бір тілдік категориялардың бірлігі негізінде қызметке ие болады. Функционалды грамматика бірнеше тілдік категориялардың жүйелілік принципіне негізделетіндіктен, оның етістіктің етіс категориясымен де тікелей байланысудың арқасында функционалдық қызметі жүзеге асады.

Функционалдық грамматика қарастыратын: аспектуальдылық, темпоралдылық, персональдылық, етістілік, посесивтік, компаративтік, каузальдық, кондициональдық, локативті, таксис, модальділік, сандық, кеңістік, жағдаяттық түрлерін жеткізуде етіс категориясының рөлі ерекше. Шындап келгенде, функционалды грамматиканың әр түрі мәтін көлеміндегі сөйлемдермен нақтылана түсетіндігін біле тұра, сөйлем құрамына назар аударарлықтай тура келеді.

Сөйлемді адамдар арасындағы пікір алмасудың үлкен құралы ретінде қабылдай отырып, оның ішіндегі қимыл мен іс-әрекетті білдіретін етістік сөз табының қызметі айқындалатындығы белгілі. Функционалды грамматиканың негізгі міндеті тілдегі барлық байланысы бар құбылыстардың ортақ қасиеттерін қарастыруы болып табылатындықтан, аталмыш грамматика мәселелерінің көріністерін қазақ тіл білімінде, көбінесе, етіс категориясы арқылы анықтауға болатындығы сөзсіз. Функционалды грамматиканың өзіндік объектілерінің біріне: темпоралдылық – мезгіл, персональдылық – жақтылық, посесивтік – меншіктілік, компаративтік – салыстырмалы, каузальдық – себеп, локативті – мекен, таксис, модальділік, сандық, кеңістік түрлерін жатқыза келе, олардың барлығы мәтін көлеміндегі сөйлем ішіндегі қимылды жеткізетін етістік сөз табы арқылы айқындалып, субъекті мен объектіге іс-әрекеттің қатыстығын білдіреді.

Ойымызды нақтылау үшін, төмендегі кестеге назар аударайық: функционалды грамматиканың топтау жүйелерін қарастыра келе, бұлардың барлығына етістікке тән етіс категориясының қатысы бар екендігін атап кетуге болады. Өйткені етіс категориясы әр сөйлемнің негізі ретінде белгіленетін предикативтілікпен және де, жақтылықпен тығыз байланысты.

Предикативтілік – қимылды білдіретін, етістік сөз табы, баяндауыштық қызмет атқаратындықтан, сөйлемнің негізгі қазығы болып саналады, етіспен қимылдың субъекті мен объектіге қатысы көрсетіледі.

Мысал ретінде Ж.Аймауытов шығармасынан келтірілген үзіндіде: «Ауылдың кісілерін дереу жиғызып алып, Ақбілекті іздетуге бес кісі аттандырды» - өзгелік етісті хабарлы сөйлем. Бұл сөйлемде өзгелік етіс арқылы өтіліп жатқан қимылды жан-жақты қарайтын болсақ, функционалды грамматиканың бірнеше түрлерімен ұштасып тұрғандығын аңғаратын боламыз. Осы жерде уақыт кеңістігі де орын алып, оқиғаның жеделділігін «дереу» сөзі арқылы жеткізе тұруымен қатар, қимылға басқа бір субъектілердің қатыстығын, солармен іс-әрекеттің өтетіндігін байқаймыз, бұған қоса, таксистік құбылыс та орнығып, қимылдың әрмезгілділігі айқын көрініп тұр. Шығарма мазмұнына үңілсек, ең әуелі, адамдарды жинатқызып, содан кейін Ақбілекті іздеуге бес кісіні аттандырғызады. Шынын айту керек, бұл жерде етістің жақ

категориясына қатысы бар екендігін анықтауға болады. Қандай қимыл-әрекет болмасын, белгілі бір жақтағы (бұл жерде 3 жақта) субъект арқылы жасалады.

Біз келтірген сөйлемде іс-әрекет бір адамның басқаларды қимылға тарту негізінде өтетіндіктен, етіс түрі функционалды грамматиканың формадан мазмұнға бағыт беруде бұл жерде ерекше рөл атқарады. Етіс мағынасының сипаттамасына субъект пен объектінің арасындағы қарым-қатынастығы енеді: субъект – іс-әрекетті жасаушысы болса, объект іс-әрекетке тап болып, қимылдың бағытын көрсетеді. Етістің әртүрлі формалары, әртүрлі сөйлем құрылымдарында қолданылатындықтан, бұл – етістікке тән, етіс категориясын, етістіктің басқа категорияларынан айырмашылығы бар. Басқа сөзбен айтқанда, етістіктің морфологиялық категорияларына қарағанда, етіс категориясы сөйлем синтаксисімен тығыз байланыста болады.

Негізінен, етіс морфология мен етістік семантикасында көрініс тапқан, қимыл-әрекеттің субъектіге қатыстығын білдіретін категория есебінде болса, екінші жағынан, сөйлем ішінде етістіктің баяндауышы мен бастауыш арасындағы қатынастықты білдіреді. Етіс етістікке тән категория болғандықтан, функционалдық тұрғыдан оның лексика-грамматикалық табиғаты сөйлемнің нақты қазығы болатын, тек қана етістік сөз табы шеңберінде ғана айқын ашылады.

Темпоралдылық -функционалды-семантикалық категория. Ол белгілі бір категориялық жағдаяттарда сөйлеу актісінде функционалды-семантикалық өрістерден көрінеді. Яғни функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өрісі бір нәрсенің екі жағы сияқты, бірі – потенциалдық жағы, екіншісі – соның сөйлеу актісіндегі берілуі (реализациясы), олар өздерінің сөйлемдегі атқаратын қызметімен байланысты. Семантикалық функциялардың актуалдануының – өзектелінуінің бірнеше жолдары бар. Олар: 1) таза грамматикалық тәсіл арқылы; 2) лексикалық құралдар, немесе сөзжасамдық құралдар арқылы; 3) грамматикалық және грамматикалық емес тілдік құралдардың кешені арқылы. Осы аталғандарға қоса семантикалық функциялар; 4) морфологиялық категориялардың өз қызметінен ауытқып, жанама қызмет атқаруы арқылы да жүзеге асады.

Етіс тікелей етістікке тән грамматикалық категория болғандықтан, бұл жерде сабақты етістік табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгеретін, яғни табыс септігін керек ететін етістіктер екенін айтуға тура келеді. Сабақты етістік объекті арқылы ғана пайда болады дейтініміз сөзсіз. Объекті болмаса, сабақты етістіктер болмайды. Мұнда етістің қайтесе де объектіге қатыстығы туындайды.

Етістің кеңістік ұғымына тікелей қатыстығы бар екендігін келесі сөйлемдерден аңғаруға болады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романының бірнеше үзінділер алатын болсақ, мысалы: «Орысшаласу, түгін салысу, күлісу... мидай араласты». «Әңгіме былай: Доға, Төлеген, Тыпаңдар бас болып, Мұқашты Сартауға болыс қылмаудың әрекетіне кіріскен еді». «Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді». «Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды»(Ж.Аймауытов).

«Осының бәрі Қартқожаның еңсесін көтертпей, жүдетіп жүрген үстіне аяғына шарапнелдің сынығы тиіп, лазеретке жіберілді» (Ж.Аймауытов). Кеңістік ұғымы объектілерді бақылау мен тәжірибелік пайдалану негізінде қалыптасты. Уақыт ұғымы адамның оқиғалардың ауысуын сезінуінің нәтижесінде, заттардың жағдайының біртіндеп өзгеруі арқылы жүзеге асырылады. Күнделікті адам санасында кеңістік пен уақыт ұғымы қалыпты тұрмыстық жағдай ретінде есептелінеді, материя уақыт пен кеңістіктің аумағында қарастырылып, материя жоғалған күйде де, олар сақталып қала береді деп есептеледі. Жалпы салыстырмалылық теориясында кеңістік- уақыт қатынастарының материалдық процестерге қатысының жаңа жақтары ашылды. Кеңістік пен уақытты қабылдау-кеңістік пен уақыт – материяның өмір сүруінің негізгі формалары. Кеңістіктегі объектілерді қабылдау өте күрделі процесс.

Тек адамның нақтылы тәжірибесі арқылы арқылы ғана кеңістікті дұрыс қабылдауға болады. Адам заттардың бірінен – бірінің қашықтығын, бет алысын, көлемін, рельефін, бағдарын және формасын қабылдау арқылы ғана кеңістікті дұрыс қабылдайды. Дүниедегі заттардың барлығы да кеңістікте орналасқан. Олардың әрқайсысының белгілі бір көрініс түрлері болады, мысалы: ұзын, қысқа, енді, еніз, биік не аласа т.б. Сондай-ақ, олар бірден түрлі қашықтықта тұрады. Кеңістікке орналасқан заттардың көлемін қабылдауда екі көзбен көру (монокулярлық көру) оларды тереңінен игеріп алуда бір сәттен дәл мағлұмат алуымыз қиындай түседі. Кеңістіктегі заттарды қабылдауға тек көру мүшесі ғана қатыспайды, мұнда қозғалыс, сипау, сезу түйсіктері де елеулі рөл атқарады. Кеңістікті дұрыс қабылдап, қоршаған заттарды тез меңгеріп алу, осыған үйрету кішкентай кезден басталады.

Заттардың кеңістікте орналасуын дұрыс біле алудың адамның іс-әрекеті үшін қаншама маңызды екендігі түсінікті. Уақыт та кеңістік сияқты қозғалушы материяның өмір сүруінің объективтік реалды формасы.

Дүниеде қозғалушы материядан басқа еш нәрсе жоқ, ал қозғалушы материя әлемнің соңғы кездерінде тілдің қалайша кеңістікті құрайтындығына кеңістік грамматикасындағы арнайы мақсатты зерттеулерге, яғни кеңістік қатынастарды көрсететін тәсілдерге ерекше назар аударылып жүр. Кеңістік жүйесінің грамматикалық типологиясын құруға талпыныс етілгендігі байқалды. Тіл білімінде соңғы жылдары белсенді дамып келе жатқан функционалдық бағыт тілдің динамикалық аспектілерін зерттеуге жол ашады, яғни тілді қимыл-күй тұрғыдан қоса меңгеруді талап етеді. Бұндай бағыт тіл жүесін толық сипаттауға, тілдік элементтері мен объективтік болмыс арасындағы байланысты анықтауға, осыдан тиісті нәтиже шығару жағдайларын көрсетуге мүмкіндік береді.

Кеңістік қатынастарды функционалдық тұрғыдан қарастыруы объектілердің жылжуымен байланысты динамикалық, заттық, жағдаяттық күйде өтіп, бұл категорияның әртүрлі деңгейде көрінетіндігін есепке алуымен жаңаша меңгеруге мүмкіндік жасайды. Кеңістік сөйлеу әрекетінің әмбебаптық түрдегі ұйымдастырушылық мәні бар тіл орталығы ретінде саналады.

Кез-келген ақпарат берудің кең түрі бойынша мәтіндегі әлемдік кеңістік болмысының орын алуымен сипатталады. Қазіргі таңда түркі тіл білімінде

кеңістікті білдіретін етістіктердің толық лексика-семантикалық жақтары әлі де күні бүгінгі дейін толық жүйелі түрде қарастырылмаған. Бұл қатардағы етістіктер объективті болмыста болатын кеңістік қатынастарды тіл арқылы жеткізуге белсене араласатындығын атап кетуге тура келеді. Сондықтан болар, бұл етістіктер тобының жүйелі түрде көп деңгейлі мәселелерді әрі жүйелі, әрі толық көлемде сипаттауы - осы етістіктерден құрылған жай сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық қалыптарын қарастырып, соларды анықтау ісі- тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне жатады.

Кеңістіктің функционалды-семантикалық категориясы бойынша көптеген тілдердің зерттеу нысанына еніп келгендігін байқаймыз. Тілдің етістік жүйесі зерттеу нысаны ретінде ену арқылы бұл жерде негізгі мен көпмағыналы етістіктер назардан тыс қалмай, сөйлемдегі кеңістікті білдіретін септіктерді басқарудың нәтижесінде лексикалық, морфологиялық пен синтаксистік тұрғыдан тілдегі кеңістікті білдіретін категориясы кеңістіктің предикаты ретінде қарастырылды. Көптеген ғылыми еңбектердің зерттеу мақсатына кеңістік категориясының көп аспектілі жағымен сипаттауы жатады. Кеңістік категориясын функциональдық тұрғыдан зерттеу-бұл категория төңірегінде оның құрылымдық өрісіндегі функционалды біркелкі емес жақтарын шектеп, анықтауға мүмкіндік береді. Кеңістік саласындағы функционалды аспектідегі лексикалық пен грамматикалық құрылыстардың арақатынастық көріністері кеңістік мағынасы бар заттардың функционалды-семантикалық тұрғыдан бөлінуін, кеңістік қатынастардың лексика-грамматикалық құрылымдары болып табылатын сипаттамалары қарастырылады. Сонымен қатар, тілдегі кеңістікті білдіретін етістіктерді белгілеп, олардың семантикалық ерекшеліктер кешендігін анықтау. Кеңістік категориясын көп қырлы тұрғыдан қарастыруда тіл саласының отандас пен шет елдерінің озық ғылыми зерттеулері негізге алынды.

Тілде функционалды-семантикалық тұрғыдан: кеңістіктің функционалды-семантикалық өрісі талқыланып, кеңістіктің функционалды біркелкі емес: жағдаяттық, заттық, субъектінің бағыт-бағдарын анықтайтын салаларды шығаруға болады. Негізінен, кеңістік кең түрдегі қарым-қатынастарды көрсетуде кешендік сипаты күрделене түседі, себебі олардың сөйлем жүйесіндегі көріністері көбінесе кеңістіктік сипаты бар етістіктер арқылы өтетіндіктері рас. Қазақ тіл білімінде кеңістік категориясының функционалды жүйесін қарастыру ісінің теориялық пен тәжірибелік маңызы зор. Етіс мәселесі төңірегінде актив пен пассив құрылымдардың үш мүшелік құрылымын құрастырып, сөйлемдегі субъект пен объектінің бір-біріне өзара тәуелділігі анықталды.

Пассивтік айналымдар, былайша айтқанда, ырықсыз етісті құрылым, сабақты айналымға жатады да, етістің актив пен пассив деген екі формасын белгілеуге болады. Демек, барлық етістіктер етіс саласының қатынастығына енеді, себебі олардың әрқайсысы сабақтылық пен салттық мағынасына ие.

Түркі тілдерінде кеңістіктің тілдік негізі ретінде: 1) кеңістік шектеудің предикаттық жүйесі және оларды түзетін құрылымдар; 2) кеңістіктік септік формалары мен бұрыс тіркестер жүйесі; 3) кеңістікті сөз таптары жүйесі;

4) үстеулік сөздер; 5) есімдікті дейктивті сөздер мен сөз формаларының жүйесі қызмет етеді. Кеңістіктік қатынастардың барлық үш түрін көп дәрежеде кеңістіктік шектеу предикаттары білдіруге қабілетті.

Сонымен бірге етістің функционалды грамматиканың басқа да түрлерімен байланысы бар екендігін атап кетуге болады.

Мәселен, аспектология ұғымының сөйлемдегі қимылдың басталып, тікелей аяқталмай, не аяқталып өтуіне қатысты, сол себептен жалпы қимылдың өтуімен байланысы тығыз болғандықтан, оның ерекшеліктері етістіктен етістік шығаратын етіс категориясымен айқындалатындығын аңғарамыз, мысалы, «Күнікейдің жазығы» шығармасында: «Күзден жатқан Күнікей-жазға жетті ілініп:күдері ғой, жан шіркін, үзілмейтін созылып» (Ж. Аймауытов). Шығарманың басты кейіпкері кедей қызы Күнікей. Повесть тақырыбы - әйел тағдыры. Біз Күнікейдің жалғыз, қараңғы үйде жатқанын көреміз. Бұл жерде автор ырықсыз етіс жұрнақтары арқылы жалғыз ауру әйелдің маңында неге ешкім жоқ, жазығы не бұл әйелдің деген сұрақтарды оқырмандарға іштей қойғызуымен, жазушы осындай тәсілмен қазақ әйелі теңіне қосылды дегенімен, әлі де теңдікке толық жеткен жоқ екендігін, елдің ескілікті тұрмысы, ұғымы әлі де болса кері тартып, әйелдердің ауыр тұрмыс жағдайларын көрсетеді. Шығарма басындағы суреттеліп тұрған оқиға желісінің өзіндік себебі бар екендігі – функционалды грамматикада орныққан түрлерінің ішінен, бұл жерде аспектуалдылық- қимылдың өту сипаты мен персоналдылық-жақтылық ұғымдарымен ұштасып алға шығады.

Повесть оқиғасының шегініс арқылы дамуында қимыл әрекеттің етіспен көрінетіндігін байқауға болады. Жақтылық түрі функционалды грамматиканың кең көлемдегі объектісі ретінде қабылдауымыз жөн. Жақтылыққа негіз болатын жіктеу есімдіктері.

Сондай-ақ, жақтылықтың объектісі ретінде: морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және етістіктің жақ категориясы мәселелерін көрсететін болсақ, жақтылық етіспен де тығыз байланысқа түседі. Шығарма бетінде кейіпкерлер бейнесін көрсетуде қимыл-әрекетті білдіретін етістік сөз табы басты орын алып, сол қимылдың субъекті мен объектіге қатысы мен бағыты, байқағанымыздай, етіс категориясымен білінеді.

Демек, қазіргі тіл білімінде қалыптасқан етістің бес-төрт түрі оқиға желісін жеткізуде ерекше орын алады. Сонымен бірге Күнекей бейнесінің жеке тағдырын көрсетумен қатар, Ж.Аймауытов жалпы қазақ қызын қорлатып жатқан сол кездегі адамдардың тұрмыс-тіршіліктерін, ел өмірін суреттейді. Осы жақтан алғанда, функционалды грамматиканың кеңістік категориясымен де етістің ұштасуын байқаймыз. Мұнда көшпелі елдің жауапсыз тіршілігінен туған жағдайларға автор көбірек үңілгендігін байқатады. Сөйтіп, жақтық қатынастың етістіктің етіс түрлеріне қатысы бар екендігі анық көрінді. «Екі жақтан бірталай кісі аударылды. Бара жауырыннан алып төңкеріп кетті де, қалған екеуін кезекпе-кезек аударысып, жұлысып жүріп тағы түсірді» (Ж.Аймауытов). Келтірілген сөйлемдерді оқығанда, жоқшылыққа душар болған, азып тозып жатқан адамдардың мораліне күйінуге тура келеді. Сондықтан болар, етістің функционалды грамматиканың модальділік категорияны шындауда қосары мол.

Етістің кеңістік ұғымына тікелей қатыстығы бар екендігін келесі сөйлемдерден аңғаруға болады: Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан бірнеше үзінділер алып, шығарма мазмұнына назар аударған сайын, өзіміз байқағанымыз –тіл білімінде қалыптасқан функционалды грамматиканың жеке ұғымдары орын алып, олардың барлығы адам мәселесі төңірегінде бола тұрып, көбінде қимылды білдіру арқылы оқырман ойына қонымды жетеді.

Бұл жерде функционалды грамматиканың қайсыбір түрін бөлектетпей, бір- бірімен тығыз байланыста екендігін байқаймыз. Жазушының халықтық көзқарасы романдағы байлар мен кедейлер өмірін (функционалды тұрғыдан сипат беретін болсақ, оқиға желісі кеңістік категориясының шеңберіне түсіп, онымен байланысы нақты көрсетілсе), олардың арақатынасын, рушылдық жақтары (аспектуалдық пен жақтылық арқылы), кейіпкерлердің ұсақ мінездерінен туған әртүрлі қимыл әрекеттерге (іс- қимылдың уақытпен ұштаса, шығармадағы кейіпкерлердің қатынасқа түсу бағыттары негізінде) әлеуметтік сипат бере отырып, тілдік бірліктерді ұтымды қолдана суреттеуінен көрінеді. Мысалы, «Ақбілек» романының мазмұнындағы көрсетілген адам тағдырындағы мәселелерді шешуде көбінесе қоданыста болатындарын атап кетсек, мәселен, қимылды, іс- әрекеттерді білдіретін етістік сөз табының етіс категориясы жиі кездесетіндігі рас. Мысалы: «Ауылдың кісілерін дереу жиғызып алып, Ақбілекті іздетуге бес кісі аттандырды» (Ж. Аймауытов).

Функционалды грамматиканың басты базалық ұғымдарының ішіне темпоралдылық, аспектуальдылық, жағдаят, такис категорияларымен бірге кеңістік категориясы да тиісті орын алады. Кеңістік категориясы етістіктің етіс категориясымен де ұштасуы мүмкін.

Ойымызды дәлелдеу үшін, Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінен бірнеше сөйлемдер келтіреміз:«Анадай жерге сегіз қанат ақ отау тігіліп, іші кілем, киіз, алаша, көрпе жастық, түс киізбен безелді».

2.3 Ж. Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес» етіс категориясының функционалды қызметі)

20-шы жылдардағы Жүсіпбек Аймауытов әңгімелерінің ішінде «Елес», «Әнші» деген шығармалары елеулі орын алды.

Жүсіпбектің көркем, әдемі «Әнші» әңгімесі Әміре Қашаубаевтың әншілік өнеріне арналған шығарма. Жазушы Әмірқан бейнесінде атақты әншінің жас кезіндегі өмірін, өнерін негізге алған. Кейіпкердің әншілік талғампаздығы, сыршыл сезімталдығына қоса адамдық кейпі, жүріс-тұрысына дейін қазақтың кең даласындай еркіндігі, бейқамдығы әңгімеде нанымды суреттеледі.

Шығарма кейіпкерлерінің бейнелерін көрсетуде етіс категориясының қолданымы көлемді: бір-бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай, қош *айтысқан* жарға ұқсап; жалғзынан *айрылған*, қанатынан *қайрылып*, зарлаған бейне жанға ұқсап; болмаса жылап *егілген*, көзден жасы *төгілген*.

Әмірқанның өскен, жүрген ән салған ортасын, Жетішатыр қаласының сауықшыл көпшіл дәстүрін әңгімеде шынайы ашу үшін жазушының бейнелеу

қолтаңбасын айрықша тілдік бірліктер арқылы тануға болады: *«бізді қазақтан басқа кім мекендесін» деп тұрған бет-аузы қисық, көздері сығырайып тұрған жапырайған, тәукеншік үйшіктер, жаман-жұман баспаналарды басып кететіндей қоразданған байлардың салауатты көк шатырлы сарайлары сияқты бейнелі қолданыстар оқырманға көп нәрсе аңғартқандай.*

Ол «ескі-құсқы киім, етік-метікті қолтықтап, дорбасын, боқшасын арқалаған қаланың кедейлеріне», күнкөріс қиындығы арзан тіршілікке итермелеген қымызшы келіншектер қылығына қоғамдық әділетсіздіктің көрінісі ретінде қарайды. Тұрмыс билеген ортаны көтеріп, рухтандырып тұрған да Әмірқан әні, өнері. Сол арқылы жазушы халықты қандай қиыншылыққа болса да төзуге тәрбиелеген, оның рухани тіршілігін жүдетпеген өнерді зор бағалайды. Өнер адамына да сын жоқ. Тұрмысқа епсіздік, қыз-келіншекке құмарлық «Аштан өлем-ау, көштен қалам-ау!» деп ойламайтын бейқамдық-жалпы өнер адамына тән мінез. Сондай қамсыз, артын ойламайтын, өнерге, әсемдікке еліте берілген Әмірқан характерінің бір ұшығы оның Ақтамақпен кездесулері арқылы әдемі ашылған.

Жүсіпбектің шағын прозадағы алғашқы беталысы оның журналистіктен жазушылыққа, өмір фактыларын тізуден бейнелеп көрсетуге ұмтылысын, суреткерлікке бой ұрғанын көрсетеді. Сөйте-сөйте ол үлкен прозаға бет бұрды.

20-шы жылдардың екінші жартысында ол, негізінен, көлемді проза үлгілеріне ауысты.

Өзін осылайша талантты прозашы ретінде танытқан Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан бірқатар көркем әңгімелер де туды. 1918 жылы жазалған "Бетім-ау, құдағи ғой" атты әңгімесінен бастап, 1927 жылы жазылған "Ханалар тарихына" дейінгі аралықта өмірге келген "Елес" (1924), "Әнші" (1925), "Боранды болжағыш әулие" (1926) тәрізді әңгімелерінің қай-қайсысынан да өзі өмір сүрген дәуірдегі елдің тұрмысын, ой-арманын, заман тынысын жетік білетін әрі оны көркем тілмен, парасатты оймен өрнектеп жеткізе алатын тамаша прозашының қолтаңбасы айқын байқалады. "Боранды болжағыш әулие" әңгімесінде қазақ ауылының қыстың бір боранды күніндегі өмірі суреттеледі.

... Сақылдаған сары аяз. Қарадан қарап тұрып бірдеме шарт ете түседі.

Не терезенің шынысы шатынайды, не жер, не мұз қақ айырылып, ырсиып қалады. Жермен бірге мұздақ қар да жарылып кетеді. Ақырында сары аяз мұрныңды қариды. Жеңіңнен шығарсаң, қолың илікпей, тас боп қалады. Түнде пешке қойып кептіріп алған етік, биенің бір сауымында ағаштай қақиып, таяқпен қақсаң сақ-сұқ етеді. Осындай күндерде біз мал жаямыз...

Қыстың аязды күнін жазушы осылайша дәл әрі көркем тілмен суреттейді. Бұдан әрі ұйтқып соққан боран, ыққан мал,

адасқан малшылар жайында баяндайды. Сол боранда бірқатар мал қырылады. Әңгіме кейіпкері: "Шіркін, бұлай боларын алдын ала болжап білсем-ау", - деп армандайды. Кейін қалаға барып барометр туралы естиді. Соған қолым жетсе деген арманға беріледі. Шағын ғана әңгімеде автордың өмір көріністерін суреттеудегі тамаша шеберлігі байқалады. Жазушы ұсынып отырған суреттер тура өмірдегідей қарапайым әрі түсінікті. Шын таланттың қаламынан туғаны байқалады. Жазушының "Әнші" әңгімесі де дәл осындай нақты оқиғаға, өмірде болған тарихи адамның төңірегінде құрылған [67, 69 б.].

«Елес» шағын әңгімесінің сюжеті қарапайым. Аймақтық жастар комитетінен шұғыл мақала жазу жайында тапсырма алған журналист ештеме шығара алмай (жанын тербемеген тақырыпқа тапсырмамен жазу оңай ма?) қиналып отырғанда, үстіне Елес кіріп, журналист (және оның әріптестерінің) кейпіне, жазғандарына сын айтады, оған заман шындық талаптарын қояды. Әңгіменің шыншылдық рухы журналистің тіршілігін оның ойына ештеме келмей, бей-жай есеңгіреп отырған кейпін сатиралық түрде бейнелеуінен ғана емес, жалпы қалам ұстаған оның әріптестерінің өмірдің сырына терең үңілмей, бетінен қалқып жүргендеріне, дәуірдің белсенділігіне еріп, ойсыз даурықпаға түскендеріне сын көзімен қарауынан да анық көрінеді.

Елес - шындықтың бейнесі. Ал журналист болса, өтіріктің, жалғандықтың, даурықпа-даңғазалықтың құрбаны. Сондықтан да ол шындық алдында дәрменсіз. Шындық Елес боп келіп, оған алтыатарын кезеп, өмірді білмей жазуынды тоқтат деп қорқытады. Ащы да болса, Елес сөзі, талабы - шындықтың, өмірдің талабы. Ол баспасөз қалам қызметкерлеріне риза емес. «Міне, сендердің төңкерісті ұқпағандығың». Күнде айғай, күнде даурық, желдеткен кара боран сөз мезі қылғандай болған жоқ па? Құрғақ сөзден жалықсандаршы. Енді бір өмірге, тұрмысқа келетін сөз жазсандаршы? Біздер-жастар-көппіз, жұлдызбыз, арыстанбыз, батырмыз, қорықпаймыз, жаншып таптап кетеміз, жанып тұрған отпыз, жалынбыз, біз қоймаймыз, біз кенелтеміз, біз қарқ қыламыз-дей бергеннен не тамады? Мұнын бәрі ет пен терінің арасындағы жел емес пе? Төңкөрісті жазғанда, осылай жаза ма екен?

Елес әр түрлі сұрақтармен журналистің есін тандырып, мойындатып алады да, оған өз талаптарын қояды. Ол «қазақтың ертегідей өткен күнін жырлап» «Зар замандатып» жүргендерге де, «жаңашыл болғаның жөні осы деп, ескі әдебиеттен» безушілерге де, «бүгін идеалист, ертең материалист, бүгін реалист, ертең символист, бүрсүгіні футурист» боп жүрген құрбыларға да ащы сын айтады.

Жазушы журналистің жаза алмай малтығып отырған портретін де ұлы кекесінмен суреттейді. «Басым сынып барады» Сынбай қайтсін!

Жүсіпбек 20-шы жылдар ішінде осындай сатиралық шығармаларды көп жазды. Жаңа өкіметтің тәртібі әлі орнығып болмаған заманда оларға негіз болған өмір шындығының өзі де солай болатын.

Жүсіпбек Аймауытовтың шағын шығармаларының тақырыптық өрісі сол кездегі ел ішіндегі тұрмыс-тіршілікті, қоғамдық құбылыстарды суреттеу мәселелерін қамтиды. Ауыл тынысы, қоғам өмірі, жастар үні, халықтық әзіл-қалжың сияқты болмыс шындығының арналарын суреттеуде, тұрмыс-тіршілік шараларын, қимылды білдіруде етістің, әсіресе, ырықсыз, өзгелік, ортақ түрлері кеңінен қолданылады.

Ырықсыз етіс

1. Өзен өрлей *салынған* екі мешітті, бір шіркеулі, ығы-жығы тайпақ қала.
2. Мидай жазық құла түзде ішің пысып келе жатқанда, көзіңе сұлу орман, сәулетті тау көрінсе; көріктен оттан *айырылған* қабағынан қар жауған қариялардың ортасында, кенеттен атқан тандай сұлу сәулем қыз көрінсе; қараңғы түнде ел таба алмай сандалып келе жатқанда, аяғыңның астынан қиуадан от жылт етіп көрінсе, қандай қуанып, кенеліп қаласың.
3. Көңіл бір жадырап шайдай *ашылды*.
4. Қазынаны жеп, жазаға *тартылған* завхоздан жаман ұнжырғам түсті, сұрым қашты, ыза болдым.
5. Сол кезде ойым көзіме *көрінетін* зат болса, дереу «Саботажник!», «Контр» деп жағасынан алғандай едім.
6. Газет-журналға бір-екі сөз *басылса*, "жазушы", "ақын" екенмін деп, өзіне-өзі ден қойып алатын омырау жігіттер аз ба?

Өзгелік етіс

1. Билетті дендеп *өткізген*, әйелдерге тамақты *әзірлеткен*, кілем, ыдыс, сайман бар жабдықтың бәрін тапқан сол Әбіжан - мақтаншақ жігіт.
2. Арқаның қоңыр желіндей,
Тамылжытып, сынықсып,
Жаңа түскен келіндей,
Қалың қазақ даласын
Әнімен залға *сыйғызды*,
Дауысын көпке *сүйгізді*.
3. Елдің тұрмысын, өмірін, тілегін арманын әдебиет айнасына түсіретін солар. Мұның бәрі қандай із *қалдырды*?
4. Әуелгі кезде партияға тонын *айналдырып* талайлар кірді.
5. Олар елге не пайда, не зиян *келтірді*?

Ортақ етіс

1. Әмірқанның жайынан аз *әңгімелесіп*, қымызға қанған соң пәтерімізге қайттық.
2. Әмірқан *қол ұстасып*, сыпайы амандасып отырды.
3. - Олай болса *әңгімелесейік*, пікір *алысайық*, әлде бір-бірімізден пайдаланып қалармыз, – деді.
4. - *Сөйлесейік*, – дедім.

Етіс категориясының кеңістіктегі құбылыстарды сипаттауда маңыздылығы ерекше болып келеді. Етіс категориясының тілдің грамматикалық жүйесіндегі функционалдық мақсатына қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қатынасын білдіру кіреді. Етіс категориясының

мағыналық аясын белсендендіру үшін негізгі етістікке арнайы жұрнақтар жүйесі іске қосылады да, етістіктің лексикалық-грамматикалық мәндері пайда болады.

Етіс категориясы субъекті мен объектінің өзара қарым-қатынасын білдіреді, ол бастауыш пен толықтауыштың сөйлемдегі қатынасынан пайда болатын категория. Етіс етістіктің салт немесе сабақты мағынада жұмсалыуымен де байланысты, өйткені етіс түбір етістіктерге қосымшалардың қосылу арқылы жасалады. Етіс категориясы қимылдың субъекті мен объектіге әр түрлі қатынасын көрсететін жұрнақтар қосылу арқылы, түбір сөздің бастапқы грамматикалық мағынасын өзгертіп, сөйлем мүшелерін синтаксистік байланысқа түсіреді. Сабақты етістік пен салт етістіктердің етіс категориясы мен байланысын, етістің түрлерін, олардың жасалу жолдарын, етіс категориясының мағынасы мен тұлғалық ерекшеліктерін, «етіс мәселесін дұрыс шешу үшін, сөйлем мүшесі (баяндауыш) мен сөз табының (етістік) ерекшеліктерін байланыстыра салыстырып, бірінен бірін бөлмей тұтас қарау қажет». Салт етістіктерден қимыл мен қимыл иесі арасындағы қатынастан туып, субъектінің ішкі мәнін түрлендіретін өзгелік, ортақ етіс түрлері жасалса, сабақты етістіктерден етіс қосымшалары қосылу арқылы барлық етіс түрі жасала береді.

Мысалы:

1. Сауығымыз сары ала болсын деп, Әмірқанды да шықырып, (нені?) *ән салғызбақ* болдық.
2. Жәлен сықылды мұғалімдер (нені?) *Наурызды түсіндіріп*, жастардың талабын құттықтап, мінбеге шығып сөз сөйлеп жатыр.
3. Төңкеріс жолында құрбан болған ерлерді өлең қыламыз. Тағы біреуің көрінгенге "Жалпақшеше" көрінгелі түлкіше (нені?) *құйрығыңды бұлғаңдатып* жүрсің. Енді біріңнің (кімді?) *орысты* қазаққа, (кімді?) *қазақты* орысқа *шағыстырып* сенім алмақ, ақын аталмақ ойың бар.
4. Күндік күніңе, өшті-қасты кегіңе, әлде күншілдігіңе бола елдің айнасы – (нені?) *әдебиетті* ұрыс-керіске, боқауызға *айналдырдыңдар*.

Етістіктердегі жақ категориясы анық көрінісін табады. Басқа сөз таптарымен салыстырғанда, басымырақ болып келеді.

Етіс категориясы функционалдық грамматика тұрғысынан етістіктердің грамматикалық мәнін ашуда маңызды рөл атқарады.

1. Жігіттер *жабылып* болмаған соң, әнші сандыққа отырды.
2. «Осынша топ-тың алдында *шалдырып*, масқара болып қаламыз ба, болмаса шапалақ *соғылып*, қошамет аламыз ба» - деп жүрегіміз дүрс-дүрс етеді.
3. Қоңырау үш *қағылды*. Шымылдық *ашылды*.
4. Топ көргенде Әмірқан *аруақтанып*, *көтеріліп* кетеді екен.
5. *Сүмірейте*, *қылмита* соқты; желдете *құтырта* соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі *тербетті*, тамырды *желпіндірді*, бойды *шымырлатты*.
6. Онсыз топтың ажары кірмейді. Әйтеуір *жандырып* жүреді.
7. Сонымен бір перделік күлкі, қалғаның декламация, хор, ән, домбыра, оркестрмен *өткізбек* болдық. Сауығымыз сары ала болсын деп, Әмірқанды да шақырып, *ән салғызбақ* болдық.

8. Біреулер: «Ата-бабамыздың жоралығын істейік» деп, төс *қағысып*, *көрісіп* жатыр.
9. Зал у-шу, *айқайласып*, *кимелесіп*, орынға *таласып*, «дауыстама!», «отырыңдар!» *десіп* *күңкілдесіп* жатыр.
10. Қазақ даласындағы соғыс майданы *ашылды*.
11. Қазақтан төңкеріс үшін *алысқан*, жан қиған ерлер болды ма?
12. Бүгінгі шенқұмарлық, кеңсешілдік, ата-ру намысы, губерне намысы, орынға *таласу*, *топтасу*, *жіктесі* қандай күйде?

Тіл білімі аспектілеріне байланысты етістің мәртебесін анықтауда қандай тұрғыдан қарастыратынымызды анықтап алуымыз керек. Құрылымдық тұрғыдан етіс -грамматикалық категория, ал функционалдық тұрғыдан етіс - функционалды-семантикалық категория.

Тілдік категорияларды функционалды грамматика тарапынан қарастыруда, ең алдымен, оның өзіндік объектілерін атап өту керек. Олар: темпоралдылық – мезгіл, персональдылық – жақтылық, посесивтік –меншіктілік, компаративтік – салыстырмалы, каузальдық – себеп, локативтік –мекен, таксис, модальділік, сандық, кеңістік аспектілері. Олардың барлығы мәтін мазмұны ішіндегі қимыл, әрекеттер жиынтығының, оқиға желісінің өрбуінің етістік арқылы айқындалуын ашады. Ал етіс категориясының қарастыратын болсақ, ол субъекті мен объектіге іс-әрекеттің қатыстығын білдіреді. Сондай-ақ, функционалды грамматика мәселелерін зерттеу нәтижесінде ғалымдар маңызды қорытынды шығарды. Зерттеушілер аталмыш грамматика аспектілеріне етістікке тән етіс категориясының қатысы бар екендігін дәлелдеп берді. Етіс категориясының универсалдылығы -әр сөйлемнің негізі болып саналатын тығыз байланыстағы предикативтілік және жақтылық.

Предикативтілік - қимылды білдіретін, етістік сөз табы, баяндауыштық қызмет атқаратындықтан, сөйлемнің негізгі қазығы болып саналады, етіспен қимылдың субъекті мен объектіге қатысы көрсетіледі.

Мысал ретінде Ж. Аймауытов шығармасынан келтірілген үзіндіде: «Ерсілі-қарсылы укалап, шашымды да *дудыраттым*. – Менің де көп *қарастырып* жүрген мәселем осы еді. Төңкеріс ақының *жолықтыра* алмай жүр едім: жақсы келдің ғой. Магнит қуаты бардай-ақ, сөйлеген сайын *ұйытып*, бойымды *балқытып әкетті*.

– Ендеше, төңкерістен бері не жазып *бықсыта* беремін. Алды-артыма *қаратқан* жоқ, ежелден таныс жолдасымдай... Әйтсе де сыр *білдіргім* келмеді – өзгелік етісті хабарлы сөйлемдер. Бұл сөйлемдерде өзгелік етіс арқылы өтіліп жатқан қимылдарды жан-жақты қарастырып, функционалды грамматика бірнеше аспектілермен ұштасып тұрғандығын аңғарамыз.

Осы жерде уақыт кеңістігі де орын алып, оқиғаның жеделділігін «дереу» сөзі арқылы жеткізе тұруымен қатар, қимылға басқа бір субъектілердің қатыстығын, солармен іс-әрекеттің өтетіндігін байқаймыз, бұған қоса, таксистік құбылыс та орнығып, қимылдың әрмезгілділігі айқын көрініп тұр. Шығарма мазмұнынан етістің жақ категориясына қатысы бар екендігін анықтауға болады. Қандай қимыл-әрекет болмасын, белгілі бір жақтағы (бұл жерде 1 және 3-жақта) субъект арқылы жасалады. Сонымен, функционалды грамматикада етіс

(залоговость) функционалды-семантикалық категория болып табылады. Функционалды-семантикалық категориялар көбінесе етістік категорияларымен тығыз байланыста (кесте 3).

Кесте 3 – Етіс сипаттамасы

Тіл білімі аспектілеріне байланысты етістің мәртебесі	
Құрылымдық тұрғыдан	Функционалдық тұрғыдан
Етіс – грамматикалық категория	Етіс – функционалды-семантикалық категория

Аспектуалдылық категориясы құрылымдық грамматикадағы – қимылдың өту сипаты (вид) категориясына, темпоралдылық – шақ категориясына, модалдылық – рай категориясына, персоналдылық – жақ категориясына негізделген (кесте 4).

Кесте 4 – Етіс категориялары

Құрылымдық грамматикадағы аспектуалдылық категориялары				
қимылдың өту сипаты	темпоралдылық	модалдылық	персоналдылық	
вид категориясы	шақ категориясы	рай категориясы	жақ категориясы	

Құрылымдық тұрғыдан талдауда етіс жұрнақтарының келесідей ерекшеліктерін атап өтуге болады: сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сәйкес келеді де, лексикалық категорияға жатады. Сондай-ақ, етіс категориясының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың (әрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты тағы бар.

С. Аманжоловтың етіс жіктелімін негізге ала отырып, төмендеідей классификациясын мысалдармен толықтырдық.

Өзгелік етіс жұрнақтарының түрлері:

- -қыз,-ғыз,-кіз,-гіз;
- -дыр,-дір,-тыр,-тір;
- -т.

Мысалдар

1. – Неге болмасын? Бар. Әркім әртүрлі жазады, – деуім мұң-ақ екен, *бастырмалатып* соға жөнелді...
2. Біреу "Асан Қайғы", "Шортанбай" болып қазақтың ертегідей өткен күнін жырлап, "зар замандатып" жүр. Өткенді *қайтару*, өлгенді *тірілту* кімнің қолынан келмекші?
3. Сарқасқа күрт көжені тай қазанға *жүздіріп*, *бұқтырып* қойғанбыз.

4. Оспанбек ағайдың үйіндегі жеңгей де қоңыр қаздай баспандап, екі бөшке қымызды сатып, ақшаны *көпіртіп* алып жатыр. Қарындастарымыз да программа сатып, *сымпылдап жүгіріп* жүр.

Ырықсыз етіс жұрнақтарының түрлері:

- -л, -ыл, -іл
- -н, -ын, -ін

С. Аманжоловтың байқауынша, ырықсыз етістің жұрнағы «етістіктің бұйрық райына жалғанып, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді».

Ырықсыз етістің қасиетін айқындауда келесідей ерекшеліктерге назар аударуымыз керек: іс-әрекетін атқарушысы, қимыл иесі, арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, -л, -ыл, -іл түбірдің ішінде - л дыбысы болса, -н, -ын, -ін жұрнақтары арқылы жасалады.

Мысалдар

1. Қымыз, ет алып, тырыштаны, *шабылып* қалыпты.
2. Әмірқанның әнге *берілгендігі* сонша, басқа шаруаға олақ-ақ.
5. Ақтамақтан *айырылдым*.
6. Әлден уақытта аттың дүбірі *естілді*.
7. Көңілім *бұзылып* ...
8. Жастардың тұңғыш журналы аяқтанбасқа қалды? Халық мұнша *жиылады* деген есте жоқ.
9. Жарнамаға, программаға «Басқарушы» деген аты *жазылғаны* Әбіжанға зор атақ. Әбіжанның таныс емес адамы жоқ, құрдасы емесі тағы жоқ.
10. Қоңырау екі *соғылды*.

Ортақ етіс жұрнақтары:

- -ыс, -іс, -с

Аталмыш жұрнақтар етістік түбіріне жалғанып, табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларын талап етеді.

Мысалдар

1. Әмірхан *шығысымен* шапалақ шартылдады.
2. Өзге шығушылардан Әмірқаның киімі де, түрі де, *жүріс-тұрысы* да жат еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді.
3. Бір бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай қош айтысқан жарға ұқсап, жалғызынан айырылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұқсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұқсап өкінішті, өксікті, қасіретті, мұңды әнді сарнады.

Өздік етіс жұрнақтарының түрлері:

- -ын, -ін, -н

Өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Яғни субъекті өз-өзіне объекті болады да, баяндауыш қызмет атқарып тұрған етістік өздік етіс тұлғасында тұрады. Өздік етіс баяндауыш болып тұрған сөйлемнің бастауышында әрі субъектілік, әрі объектілік мағына

сақталатындықтан, ол сөйлемде тура толықтауыш болмайды. Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің субъектісіне қарай бағытталып, сабақты етістікке қосымшасы қосылу арқылы жасалады. Бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді. Өздік етіс жұрнағы тек қимыл, іс-әрекет субъектінің өзіне қарай бағыттала алатын сабақты етістіктерге жалғану арқылы жасалады және сол сабақты етістікті салт етістікке айналдырады.

Етістердің құрылымдық және семантикалық - функционалдық аспектілеріне қарай келесідей ерекшеліктерді қоса атауға болады.

Ырықсыз етіс іс істеуші арнайы айтылмай, ол іспен байланысты зат өздігінен амалға ие бола алмайтындығын көрсететін етістіктің түрі. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктерден **-ыл, -іл, -л** қосымшасы (түбір құрамында «л») дыбысы болса, **-ын, -ін, -н**) арқылы жасалып, қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып тұрады да, ырықсыз етіс жұрнағы жалғанған сабақты етістіктер салт етістікке айналады.

Кейде қимылды атқарушы субъект жалпы сөйлемнің мазмұнынан сезіліп тұрады немесе грамматикалық жанама объекті тұлғаларында тұрып та жұмсалады.

Мысалдар

1. Бір бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай қош айтысқан жарға ұқсап, жалғзынан *айырылып*, қанатынан *қайырылып*, зарлаған бейне жанға ұқсап, болмаса жылап *егілген*, көзден жасы *төгілген*, бейне бір қайғы-зарға ұқсап өкінішті, өксікті, қасіретті, мұңды әнді сарнады.
2. Кенет тым-тырыс бола қалды да, шапалақ қайта *соғылды*.
3. Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып *басылды*.
4. Ән салса, ол өзін өзі ұмытады, әннің әуеніне *төңкеріледі*, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады.
5. Сөзі де әрі жатық, әрі жат *көрінді*.

Өздік етіс пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгешелік те жерлері бар (С. Исаев)

Ұқастығы: 1) қосымшалардың омоформа болуына байланысты етістіктің өздік я ырықсыз етіс екені контекст негізінде анықталады: *Ол дәрігерге көрінді және Алыстан бір қара көрінді;*

Мысалдар

1. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, *шабыттанып* айтады.
2. Әркімнің әнін тыңдап, жақсы жерін алып, жаманын тастап талғамаса, дұрыс шықпайтын *көрінеді*.

2) сабақты етістікті салт етістікке айналдырады, бірақ олардың білдіретін семантикасы әртүрлі болып келеді: өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект - грамматикалық субъект (бастауыш) болады, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады.

Мысалдар:

1. Тағы да *ескектете, желіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлындыра* соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды.
2. - Біздің жампоз мынау! – деп қатынын жетелеп әкеп, қолын *ұстатты*.
3. Әннің бір жерін келтірсе де, бір жерін *былықтырып* алады.
4. Бет аузын *тыржытып, зорланып, күшеніп* отырып, салған соң ән бола ма?
5. Шабыты келмесе де *зорланып* айтады.
6. Үріп ауызға салғандай *жұтынып* тұрған сұлу еді.
7. Жеңгесінің отауына барсам, ән *салғызады*.

3) өзгелік етіс статусы: «істің басқа біреу арқылы істелетінін көрсететін етістіктің етіс түрі өзгелік етіс»; істі басқа біреу істегенімен, оны істеуші субъектінің бар екенін, оның алатын орнын, ол субъектінің негізгі түрі екенін айтпай кетуге болмайды, өйткені, өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асыратынын білдіріп, етістікке арнайы **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз** қосымшаларының бірі жалғану арқылы сабақты етістік жасалатын етістіктің етіс категориясының бір түрі болып табылады.

Мысалдар:

1. Түні бойы *соқтырып* отырып, таң ата Орданың тауына келіп *бекіндік*.
2. Есімді жиған кезде, екі қолымды артыма байлап, көзімді таңып, біреуі артына *мінгестірді*.
3. Мені аттан *түсірді*.
4. Қымыз *бергізді*.
5. - Жолың болсын! – деп көзімізді *байлатып*, жанымызға екі жігіт қосып, таудан шығарып *салдырды*.
6. Төңкерістің жақсы жақтары, еңбекшілер қожалығы, сот, оқу, мектеп, әйел теңдігі, жер алу, қала салу, кедей баласы оқуға ұмтылу, жұмысшылар, ортақшылар, жастар ұйымдары, жетімханалар *ашылуы*, олардың ісі – міне, осыларды *келістіріп* суреттеген жазушылар бар ма?
7. Бұ күннен түңіліп, өткенді көксеп, мәдениеттен *қашырған* қайдан шыққан пайғамбар?

4) ырықсыз етісті сөйлемдерді құрылысына қарай былай топтастыруға болады: ырықсыз етіс баяндауыш болған кейбір сөйлемдерде қимыл иесінің (agens) берілуі; қимыл иесі шығыс септіктегі жанама толықтауыш арқылы беріледі; қимыл иелері берілмеген сөйлемдерде табыс септіктегі тура толықтауыштан басқа іс-әрекеттің бағытын, мекенін, мезгілін, себебін және т.б. белгілерін көрсетіп, септіктің басқа түрлерінде тұрған сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері қолданыла береді.

Мысалдар:

1. Ол маған счет емес, *жарылып* кетсем де бір мақала жазуым керек.
2. Қаламымды *шықырлатып*, қайта-қайта маламын... келмейді.
3. Осыны айтатын ақындар кімнің әдебиетімен *сұғарылып*, жаңашыл бола қалды екен?

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қазақ тіл білімінде етіс категориясы төңірегінде барынша зерттелді. Етіс - іс әрекет пен оны жүзеге асырушыны ғылым тілінде объект пен субъект деп те алады. Етіс- әрі лексика-семантикалық,әрі грамматикалық категория ретінде танылады да,етістің тіл шеңберіне түскен,қоршаған тіл білімінің салалары да өзара бірімен-бірі тығыз байланысып жатады.

Етіс - грамматикалық категория, ол морфологиялық, синтаксистік бірліктермен тығыз байланыста. Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге, арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерге, күрделі етістіктердің түр-түрлеріне жалғана беретіндіктен етістің морфологиямен байланыстығы айқын көрініс тапқан. Тілші-ғалым А. Байтұрсынов «Тіл тағылымы» деген еңбегінде етіс он түрге бөлінеді деп жазады. Олар: сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс.

Қазақ тіліндегі етіс категориясы, әр етіс түрінің ерекшеліктеріне сай, етістікке тән категориясы болғандықтан, етістің сөйлем ішіндегі оның ұйытқысы болуына, ядролық басты орын алуға өзіндік қыпалын тигізеді.

Етіс етістікке тікелей қатысты категория болғандықтан, сөйлем құрамында орнығып, ядросы болған етістікке қалған мүшелерін тәуелді етумен, қоршалымдарын өзгертіп отыруымен сипатталады.

Етіс - лексика грамматикалық категория ретінде сөйлем құрамындағы етістік қоршауындағы субъекті-объектілік қатынастарды нақтылап, көрсетеді. Етісті функционалды-семантикалық өріс арқылы жағдаяттық сипатта қарастыру-іс әрекеттің субъекті-объектілік қатынастармен байланысын анықтайды.

Ж. Аймауытовтың («Әнші, Елес») шағын әңгімелеріндегі етіс категориясының функционалдық қызметін ашуға бағытталған.

Ж. Аймауытовтың әңгімелер мазмұнын толық меңгерудегі етістің функционалдық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі.

Ж. Аймауытов әңгімелеріндегі аталмыш категорияның функционалдық қызметі қарастырылған. Етіс категориясының теориялық мәселелері, атап айтқанда, етістің лексикамен байланысы, өзіндік сапасымен түрлері ашылған.

Қорыта айтқанда, етістің тіл білімінің барлық тілдік салаларымен байланысы бар, функционалды тұрғыдан ерекше сипатқа ие, тілдік қатынаста тиісті орын алған, көп қырлы, күрделі, тілімізде басты рөл атқаратын, етістікке тән категориялардың бірі деп танымыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 260 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1987, – 272 б.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.

6. Матезиус В. Избранные труды по языкознанию. М.: Едиториал УРСС, 2003. – 232 с.
7. Ж Аймауытов шығармалары. -Алматы: «Ел -шежіресі», 2013. - 425 б.
8. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық. – Алматы: Білім, 1994. – 224 б.
9. Аманжолов А.С. Көне түркі жазу ескерткіштері тіліндегі етістіктің меңгеруі. – Алматы: Ғылым, 1969. – 101 б.
10. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы //Тілтанымдық зерттеулер (2003- 2005жж.). - Алматы, Ғылым, 2007. 135 б.
11. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы А., 1940.
12. Оразов М. Етістік.- Алматы, Ана тілі, 2001. – 387 б.
13. Ысқақов А., Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, Мектеп, 2001. – 387 б.
14. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, Ғылым,1967. – 264 б.
15. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, Рауан, 2007. -388 б
16. Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. – Алматы, Ғылым, 1969. –127 б.
17. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты – Алматы, Мектеп, 1998. – 185 б.
18. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистико- лингвистикалық талдау. – Алматы, Ғылым,1973. – 242 б.
19. Маманов Ы. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 295 б.
20. Жаңабекова А. Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функционалды ерекшеліктері: филол.ғылым.канд...дис. – Алматы, Ғылым, 2001. – 160 б.
21. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
22. Байтұрсынұлы А. Тіл- құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері // Бірінші тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, Ғылым,1925. –312 б.
23. Қазақ тілі грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, Ғылым, 2002. – 784 б.
24. Оралбаева Н. ,Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі: практикалық курс. – Алматы, Дайк-Пресс 1964. –149 б.
25. Ысқақова А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, Рауан, 1964. – 315 б.
26. Аманжолов С. Қазақ әдебиеті тілі синтаксисінің қысқаша курсы: оқулық – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
27. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
28. Жүнісова М. Ескі түркі тілдеріндегі етіс категориясы; филол.ғыл.канд.автореп. – Алматы, Санат, 2006. – 125 б.
29. Әмірова Ж. Ырықсыз етістің синтаксистік, стильдік қызметі. – Алматы, Атамұра, 1985. – 83 б.
30. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы, Ғылым,1960. – 115б.
31. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, Санат,1954. – 295 б.
32. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 1988. - 186 б.

33. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2001. - 356 б.
34. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2007. - 245 б.
35. Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 1977. - 243 б.
36. Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2005. - 456 б.
37. Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жаңа қолданыстар
Тілтанымдық зерттеулер. – Алматы, Рауан, 2007. – 233 б.
38. Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың текстері. – Алматы, Санат, 1973. – 89 б.
39. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991, №7. -48 б.
40. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2-шығуы. – Алматы, 1973. -59 б.
41. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966–156 б.
42. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистико-лингвистикалық талдау. – Алматы: КД, 1973. – 242 б.
43. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1966 –362 б.
44. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Ғылым, 1966.
45. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Ғылым, 1975. - 258 б.
46. Хасенова (Қалыбаева А). Етістіктердің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Атамұра, 1971. – 356 б.
47. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1994. – 356 б.
48. Кеңесбаев І., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Фонетика мен морфология. - Алматы: Мектеп, 1969. – 133 б.
49. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. – 295 б.
50. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967.- 1т -177 б.
51. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, Ғылым, 2002. – 297 б.
52. Зейнуллина А. Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық шеберлігі. – Павлодар, 2002. – 356 б.
53. Жүсіпбек Аймауытов. Таңдамалы шығармалар, I том. – Алматы: Атамұра, 2007. - 248 б.
54. Жүсіпбек Аймауытов шығармалары, I том. – Алматы: Атамұра, 2007. – 198 б.
55. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2002, №10, Алматы, 156 б.
56. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2008, №4, Алматы, 164 б.
57. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2008, №3, Алматы, 138 б.
58. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2007 №3 - 126 б.
59. Қазақ тілі мен әдебиеті ж., 2010, №11, 265 б.
60. Жас қазақ, 2012, 6 сәуір 50 б.
61. Қазақстан мектебі ж., 2013, № 2, 156 б.
62. Оразханова Н. Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары. – 2013, №2, 154 б.
63. Имамбаева Ғ.Е. Қазақ тіліндегі етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғаты – Павлодар: ЭКО, 2014.- 352 б.

64. Кеңесбаев І., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы, Атамұра, 1960. – I бөлім. - 258 б.
65. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Ғылым, 1965. – 385 б.
66. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, Ғылым, 2005. – 272 б.
67. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Повесть, әңгіме, аудармалар. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. -304 б.
68. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999 – 776 б.
69. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Фирма "Орнак" ЖШС, 2012. – 388 б.

Аңдатпа

«Жүсіпбек Аймауытовтың шағын әңгімелеріндегі («Әнші», «Елес») етіс категориясының функционалдық қызметі» тақырыбына жазылған магистрлік диссертация шағын жанр шығармаларының мазмұнын қабылдау және меңгерудегі етіс категориясының функционалдық қызметін анықтауға арналған.

Диссертациялық зерттеуде тақырып шеңберіндегі негізгі ұғымдардың («объект», «субъект», «жалғау», «жұрнақ», «етіс» және т.б.) ғылыми анықтамалары, етістің семантикалық-грамматикалық, морфологиялық-синтаксистік, функционалдық тұрғыдан жалпы сипаттамасы берілген.

Магистрлік диссертация кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады.

Диссертацияның I тарауында етіс категориясының теориялық мәселелері қарастырылып, қазақ ғалымдарының теориялық концепциялары сипатталған.

Зерттеу жұмысында лексикалық бірліктер құрамындағы етіс категориясының мағыналық компоненттері жайында сөз қозғалған.

Диссертацияның II тарауында етістің өзіндік сипаты беріліп, етіс түрлері топтастырылды. Жүсіпбек Аймауытов шығармаларын талдау негізінде етістің функционалдық қызметі көрсетілген.

Магистрлік диссертацияның қорытынды бөлімінде етістің салт және сабақты етістікпен, етістіктің болымды, болымсыз түрлерімен, етістіктің грамматикалық формаларымен (есімше, көсемше), шақ категориясымен байланысы көлемді фактілер негізінде дәлелденді. Сондай-ақ, етістің сөздер арасындағы (қиысу, меңгеру, қабысу) байланыс түрлері нақтыланды.

Аннотация

В магистерской диссертации «Функциональные особенности категории залога в рассказах Ж. Аймауытова («Певец» и «Воображение») рассмотрены функциональные особенности категории залога в контексте восприятия и понимания содержания текста произведений малых жанров.

В диссертационном исследовании даны научные определения ключевых терминов тематического направления («объект», «субъект», «окончание», «суффикс», «залог» и др.), представлены семантико-грамматические, морфологические, синтаксические, функциональные характеристики категории залога.

Магистерская диссертация состоит из введения, основной части и заключения.

В I разделе диссертации рассмотрены теоретические основы категории залога. В работе проведен анализ исследовательских концепций казахских лингвистов по данной проблематике. Кроме того, охарактеризованы семантические компоненты залога в корпусе лексических единиц.

В II разделе диссертации рассмотрены сущностные характеристики залога и проведена классификация видов залога. С функциональных позиций проанализированы особенности употребления категории залога в произведениях Ж. Аймауытова.

В заключительной части представлены результаты исследования с привлечением доказательной базы, содержащей внушительный фактический материал обусловленностей залога и переходности/непереходности глагола, отрицательной/положительной формы глагола, грамматических форм глагола (причастие, деепричастие), категории времени. Кроме того, проведен анализ видов синтаксической связи слов в парадигме залога (согласование, управление, примыкание).

Annotation

In his master's thesis "Features category pledge stories Aimauytov J. ("Singer" and "Imagination") are considered functional features category of collateral in the context of perception and understanding of the text of the works of small genres.

The thesis are scientific definitions of the key terms of the thematic areas ("object", "subject", "end", "suffix", "deposit", etc.) are presented semantic-grammatical, morphological, syntactic, functional characteristics of the category of collateral.

Master's thesis consists of an introduction, body and conclusion.

In the I section of the dissertation deals with the theoretical foundations of the category of collateral. The analysis of research concepts Kazakh linguists on this issue. Furthermore, characterized semantic components collateral housing lexical units.

In section II of the thesis the essential characteristics of the collateral and the classification of types of collateral. With functional positions analyzed features use category pledge works J. Aimauytov.

In the final section presents the results of research involving evidence, containing an impressive amount of factual material conditionings collateral and transitivity / intransitive verb, negative / positive verb forms, grammatical forms of the verb (participle, gerund), the category of time. In addition, the analysis of types of syntactic communication words in the paradigm of collateral (coordination, management, adjacency).

